Жеке тұлғалық бағдарлы оқыту технологиясы оқушының интеллектуальдық даму деңгейіне, сондай-ақ оның осы пән бойынша даярлығына, оның қабілеттері мен дарынына сай өзіндік дифференциалды оқыту әдіс-тәсілдерін қолдануды талап етеді. Сондықтан көркем өнер пәндерін оқытуда жеке тұлғалық бағдарлы оқыту технологиясы білімгерлер белсенділігін дамытуда қуатты әдістемелік құрал. Әрине, жеке тұлғалық бағдарлы оқыту технологиясын қолдануда білімгерлердің жеке тұлғалық ерекшеліктерімен, психологиялық, рухани, эмоционалдық сезімдерімен қатар, көркем танымдық қабілеттерін ескеріп отырған жөн. Мамандық пәндерін оқытуда оқытушы алдындағы негізгі мақсат тек академиялық сауаттылық пен білім, әдет-дағды, бейнелеушілік шеберлікті ғана игерту емес, сонымен қатар жеке тұлғалық адами, рухани, адамгершілік қасиеттерді де қалыптастырып бойына сіңіру. Гуманистік педагогиканың негізгі басты принциптері адамгершілік, ар-ұждан, шыншылдық, имандылық, руханилық т.б. қасиеттер мен адами құндылықтарды білімгер бойына сіңіру бейнелеу өнері пәндерін оқытуда өнертанымдық көркем-эстетикалық жүйелер арқылы жүзеге асырылады. Бұл гуманистік адами құндылықтар көркем өнердегі реалистік ақиқат бағыттар. Өнер түрлері мен жанрлары арқылы білімгерлер бойына эмоционалды-сезімдік, көркем танымдық шығармашылық қызмет процестері арқылы игерілетін құндылықтар. Осы тұрғыда жоғары оқу орындарының өнер пәндері оқытушылары жаңа педагогикалық технологияларды, интерактивті оқыту әдістерін терең түсініп, гуманистік тұрғыда басшылыққа алуы тиіс. Көптеген жағдайларда өнер пәндері оқытушылары бұл гуманистік педагогика тұжырымдары мен қағидаларына мән бере бермейді, өнертанымдыққа басымдық беріп оны толығымен ұмыт қалдырады. Бұл өте өкінішті мәселе әлде де орын алуда.

Жалпы бейнелеу өнерінің орындалу және оны оқыту тәсілдері де, шығармашылық немесе педагогикалық техникалары мен технологиялары да өзара тығыз байланысты және осы тұрғыда өзіндік белгілі бір көркем-педагогикалық дидактикалық жүйені құрайды. Әрине, жеке тұлғалық бағдарлы оқыту бағытындағы сандаған технологиялардан біз бейнелеу өнері түрлеріне қатысты және оған кірігуі мүмкін технологияларды саралап алуымыз қажет. Ал, бұл мақсатта біз қызметтестік, интерактивті белсенді әрекеттестік әдістемесін, проектилер әдістемесін, сыни тұрғыдан оқыту технологиясын бірізділікпен оқыту мазмұнына сай қолдануды құптаймыз. Жеке тұлғалық бағдарлы оқыту технологиясында оқыту қызметіндегі басты нысан білімгер, оқушы, ал оқытушы міндеті осы білімгерден шығармашыл, өмірге бейім, адамгершіл, рухани дамыған тұлға қалыптастыру. Осыдан өнер пәнін оқыту процесіндегі басты тұлға білімгер, оқушы, ал негізгі іс-әрекет, қызмет білім мен тәрбиені *игеру* мен *игерту* болып шығады.

«Көркемөнер пәндерін оқыту процесінде жаңа инновациялық технологияларды қолдану пәннің өнертанымдық, шығармашылық үрдісіне негізделіп отыруы тиіс. Бейнелеу өнері мен педагогиканың шығармашылық табиғаты жаңа технологияларды қолдануға мол мүмкіндіктер туғызып отырады.

Көркем білім мен тәрбиенің жаңа технологиялары бейнелеу өнері пәнінің дүниетанымдық, шығармашылық табиғатына қарай түрлі бағыттарда қарастырылады. Бейнелеу өнері шығармашылық, өнертанымдық, жалпы білімдік пән болғандықтан оны оқытуда жаңа технологияларды, интерактивті әдістерді қолдану түрлі ғылыми-педагогикалық, көркем танымдық, әдістемелік ізденістерді қажет етеді. ...

Бейнелеу өнері сабақтары – осы өнер түрлерінің мән-мазмұнына, көркемдік қасиеттеріне тән жүргізілуі шарт. Өйткені бейнелеу өнері — адамдардың рухани дүниетанымын универсалды-әмбебапты пайымдау, көрсету формасының құралы. Бейнелеу өнері пән мұғалімінің басты міндеті – баланы осы өнер

әлеміне енгізу, қауыштыру, өнерде және өмірде шығармашылыққа баулу. Көркем білім мен тәрбиеде әр сыныптағы балалардың жас және психологиялық, физиологиялық даму ерекшеліктеріне сәйкес, бейнелеу өнері шығармашылығының түрлі тәсілдері қамтылғандықтан, толық шығармашыл тұлға қалыптастыру мен дамытуға бағытталған мақсатты түрдегі оқыту технологиясы оқушылардың шығармашылық ой-өрісін, қиялын, талғамын қалыптастырудың бірден-бір кепілі деуге болады.

Тарих, археология, филология, философия, антропология, психология, физиология ғылымдарының деректері мен дәйектемелеріне сүйене отырып бейнелеу өнері түрлерінің сенсорлық визуальдық - көру, есту, тілдік, кинестетикалық түп негіздері болатындығын және олардың адам сана-сезімі арқылы қамтылатындығын байқаймыз. Жалпы бейне, бейнелеу барлық сенсорлық таным негізі екендігі белгілі. Әрине, сондықтан да білімгердің шығармашылық ой-өрісін, қиялын, көркемдік талғамын қалыптастыру оқу қызметін шығармашылық белсендіру интерактивті әдістер-имитациялық көркемдік, ойындық әлеуметтік, рөлдік, іскерлік ойындар, жоба әзірлеу, нақты жағдайларды талдау (кейстер), талдау мен бақылаудың белсенді социологиялық тестілендірілген әдісі, бейнелік сахналау, өнер түрлері бойынша бейне суреттерді, репродукцияларды, иллюстрацияларды талдау т.б.с.с. түрлі тәсілдер арқылы жүзеге асырылады» [4].

Тәжірибеде білімгерлердің танымдық, көркем-шығармашылық қызметін модельдеуші және оларды әрекеттендіруші формалар мен тәсілдерде өзара байланысты түрлі реттегі әдістер қолданамыз. Бұл үшін түрлі тапсырмалар мен жаттығулар оқу-әдістемелік комплексі даярланады. Бұл тапсырмалар мен жаттығулар білімгерлер оқу белсенділігін дамытуға бағытталған мақсат-міндеттерді қамтиды. Мысалы, живописьтік қысқа мерзімді этюдте көңіл-күйді, адам сезімін көрсету-композиция; пішін, қатынас, құрылым; кеңістік және көлем; жарық және түс, түстер үйлесімі; т.б. тәсілдермен нақышты бейнелік шешімдер арқылы типтік немесе ситуациялық көркем бейнелік құрылымда орындалады. Мұндай жаттығу бейнелік құрылымды, сюжетті анықтау іс-әрекетімен қатар нақышты пластикалық тәсілдерді орынды қолдану ізденісінде білімгердің психологиялық көңіл-күй, ой жүйе оперцияларында іске қосып, өз жұмысына талдау жасай отырып оның шығармашылық белсенділігін оятады. «Композициялық білікті дамыту мен көркемдік талғамды тәрбиелеу үшін өнердің тарихын зерделеу, қазіргі заманғы суретшілердің шығармаларымен танысу, қызықты композициялық шешімдерді көшіріп алу, олардың құрылу қағидаттарын талдау қажет» [5, 48 б.]. Аталған тапсырмалар танымдық шығармашылық белсенділікті әрекеттендірудің мотивациялық компоненті және интерактивті әдістің тұтастықтағы ерекше бөлігі болып табылады.

Мұнда жаңа педагогикалық, шығармашылық оқыту технологиялары бейнелеу өнері түрлерінің көркем-образдық шығармашылық қасиетіне байланысты оның басқа пәндерден өзгеше оқыту, көркем білім-тәрбие әдістемесінің қажеттілігінен туындайды. Бейнелеу өнері пәні көркем-образдық шығармашылықты, барынша эмоционалдық сезімдік әсерді, бейнелік пластикалық, көркемдік рухани танымды қажет ететін шығармашылық пән.

Сондықтан мұнда «Көркем образдық танымдық», «Әсерлі, бейнелі сезімдік – көркем танымдық», «Бейнеленілетін нысанды, объективті реалды шындық пен образдық ойды бейнелі белсендіру», «Әсерлі-сезімдік, көркем-бейнелі тізбектік ырғақ» (М.Б.Джанаев) оқыту әдістемелері түрлерін ғылыми педагогикалық негізде интерактивті әдістемелер жүйесінде қарастырған жөн. Бұл тәсілдер жүйесін бейнелеу өнерін оқытудың өзіндік жаңа педагогикалық технологиялары ретінде қарастыруға болады. Аталған әдіс-тәсілдер жүйесі бейнелеу өнерін оқытудың көркем шығармашылық, көркем-образдық қасиеттері мен мәнімен санасуды талап етеді. Бейнелеу өнеріне оқытудың бұл жаңа әдістемелері мен технологиялары оқушылардың көркемдік танымын, ой қиялын, рухани дүниесін байытып көркем шығармашылыққа, бейнелеушілік қызметтері мен көркем-эстетикалық қабылдаушылық әдет-дағды, машықтарын, білім-біліктілігін, шеберліктерін қалыптастырып дамытуға бағытталады. Сондай-ақ, бұл әдістемелер жас буындардың көркем бейнелік ойлау әрекетін, көркем-эстетикалық талғам – түсінігін дамытуға, түрлі әсерлі тізбектік тәсілдер арқылы бала көңіл күйін, көркемдік танымы мен жадын жаңғыртып жандандыруға, рухтандыруға, көркем танымы мен сезімдерін дамытуға, көркемдік санасы мен сезімдерін белсендіруге және сабақ барысында шығармашылық үрдісті айқындап оны жандандыруға мүмкіндік береді. Аталған жаңа технологиялар жүйесі бейнелеу өнері сабағының үрдісімен, оқушы шығармашылық үрдісінің сәйкестігін реттеу, белсендіру мақсатын көздейді.

Біздің тәжірибемізде «Әсерлі-сезімдік, көркем-бейнелі тізбектік ырғақ» оқыту әдісі (М.Б.Джанаев) – бұл біртұтас жүйелі тізбекті түрде, келісімді ырғақпен қажетті ахуалда, (ситуация) түрлі пішінде, өзара байланыста құбыла отырып, білімгердің көркем танымдық және образдық бейнелі елестетуін, көңіл-күй сезімін оятып, ой-сана толғаныстарын тебірену, жадын жаңғырту, әсерлендіру тәсілдерінің тобы болып

табылады. Мұнда түрлі визуальдық, сенсорлық тәсілдер, көрнекіліктер, дидактикалық жаттығулар мен тапсырмалар, электронды-техникалық жабдықтар т.б. тәсілдер гермониялы тізбектік ырғақпен қажетті ситуацияда сабақ мазмұны мен мақсат-міндеттеріне сай қолданылып отырады.

Қорытындылай келгенде мұндай педагогикалық белсендіру тәсілдері арнайы пән сабақтарында білімгер мен оқытушы әрекеттестігімен өзара байланыста қолданылады. Бұл өзара байланысты белсендіру әдісі әрдайым төрт негізгі оқу мәселелерін қатар шешуді талап етеді: 1) композиция; 2) пішін, қатынас, құрылым; 3) кеңістік және көлем; 4) жарық және түс, түстер үйлесімі;

Білімгерлердің көркем-шығармашылық және педагогикалық белсенділігі мен қабілеттерін қалыптастырып дамыту - біртұтас оқу процесіндегі бақылаушылығын, танымын, көңіл-күй сезімін, бейнелі визуалдық қабылдауын, ой-қиялын және осылардың нәтижесінде кәсіби дағдыларын бағыттау мен әрекеттендіру арқылы мүмкін болады.

Интерактивті әдістерді жүйлі қолдану білімгерлердің шығармашылық және педагогикалық белсенділігін, образдық ойлауын, көркемдік талғамын, өнерге деген кәсіби педагогикалық қызығушылығын және өнер мен өмірдегі әсемдікті түсініп рухани танымдық сезім-түйсіктерін қалыптастырады.

Зерттеу жұмысында және оқыту тәжірибесінде қолданылған білімгерлердің көркем-шығармашылық және педагогикалық белсенділігін дамытуда жаңа педагогикалық технологияларды, интерактивті оқыту әдістерін қолдану мүмкіндіктері болашақ мамандардың кәсіби даярлығын қалыптастырып педагогикалық шеберліктерін арттырады. Нәтижесінде білімгер жеке тұлғасы қалыптасып көркем-шығармашылық және педагогикалық қызметке даярлығы артады.

Қорытындысында, осы талдау нәтижелері көркем-шығармашылық және педагогикалық біртұтас өзара байланысты белсендіру тәсілдер жиынтығы, білімгер жеке тұлғасын қалыптастырып, кәсіби маман даярлау міндеттерін орындауға толық мүмкіндік беретіндігін көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Фаустова Э.Н. *Формирование основ эстетического саморазвития личности на уроках изобразительного искусства.* // Сб., материалов к программе эстетического воспитания школьников. *Союз художников СССР, Академия педагогических наук СССР.* – М., 1979.
2. *Сб. Наука и образование №22.* ЮКГУ и. М.Ауезова. – Шымкент, 2000 г.
3. *Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учеб. пособие для студ. пед. вузов и системы повыш. квалиф. пед. кадров / Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина, М.В. Моисеева, А.Е. Петров; под ред. Е.С. Полат.* – М.: Изд. центр «Академия», 2000. – 272 с.
4. Джанаев М.Б. Бейнелеу өнерін оқытуда интерактивті әдістер мен инновациялық технологияларды қолдану мәселелері. // *ТарМПИ Хабаршысы № 6. Ғылыми-педагогикалық журнал. ТарМПИ, редакциялық-баспа бөлімі.* - Тараз, «ТарМПИ», 2011. – 187 б.
5. Қожағұлов Т.М. *Натюрморт живописіндегі композициялық бастаулардың түпкі ойының, өңдік және түстік контрастылардың өзара әрекеттестігі.* // *Хабаршы. «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1(29), 2011ж.* Абай атындағы ҚазҰПУ. – Алматы. – Б. 48-53

УДК 7.04
МРНТИ 18.07.47

А.Т. Қожағұлов¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ-нің, «Өнер, мәдениет және спорт» институтының
«Бейнелеу өнері және сәндік қолөнердің теориясы мен әдістемесі» кафедрасы магистр, аға оқытушы

КӨРКЕМ ҚИЯЛ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ҚАБЫЛДАУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Мақаладағы басты ойымыз-көркем қиялды антропожасаушы белгі ретіндегі адами көптеген қасиеттердің ең негізгілерінің бірі екенін көрсете отырып, ұлттық бейнелеу өнерінің мән-мазмұнын тану мен оның болашақ дамуындағы ерекшеліктеріне тоқталу. Сонымен қатар көркем қиялдың табиғатының жан-жақты, көп аспектілі қырларын ашып зерттеу аумағына терең бойлау үшін біз жалпы мәдениеттанудың, гносеологияның, психологияның, философиялық антропологияның сонымен қатар қазіргі ғылым әдіснамасының қол жеткізген табыстарын толығынан және орынды қолдануды ұсынамыз.

Автордың ойы адамның көркем қиялы арқылы шығармашылық пен мәдениеттің негізін қалыптастырушы бастама деп қарастырғанды жөн көріп отыр. Себебі көркем қиялдың табиғаты қай уақытта да көкейкесті мәселелердің бірі болып табылады, тіпті бүгінге дейін бұл мәселенің аумағында әлі де ортақ пікір қалыптаспай отырғаны белгілі. Сондықтан біздің бұл мақаламыздың орталық мәселесі «фантазияшыл адам» феноменінің мәнін кеңірек ашу. Көркем қиял (фантазия) - ол жалпы мәдениеттің болмысын, өмір сүруін мүмкін ететін бастама. Мәдениеттің бастаулары, қайнар көзі алғашқы қозғалысы, себептік байланысы көркем қиялдың пайда болуынан басталады.

Кілт сөздер: көркем қиял, шығармашылық, мәдениет, көркем ойлау, философия, көркем образ.

Аннотация

А.Т. Қожағұлов¹.

¹ магистр, ст. преподаватель кафедры «Теорий и методики изобразительного искусства и ДПИ»
КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ ФИЛОСОФСКОГО ВОСПРИТИЯ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ВООБРАЖЕНИЯ И ТВОРЧЕСКОГО ПРОЦЕССА

Основная цель настоящей статьи заключается в определении роли человеческого воображения как важного и атрибутивного антропообразующего признака, а также понимании сущности и эволюции национального изобразительного искусства. Для выявления наиболее объективной позиции, автор статьи стремится рассмотреть данную проблему с самых разных сторон. Для более глубокого погружения в исследуемый контекст целесообразно обратиться к таким областям научного знания как культурология, гносеология, психология, философская антропология. Привлечение к исследованию новейших методологических достижений в означенных областях позволит шире и глубже обозначить искомую проблему и наметить пути ее преодоления.

Автор рассматривает феномен фантазии как своеобразное ядро не только творческого процесса как такового, но и как один из основных механизмов развития культуры в целом. Природа фантазии и ее взаимосвязи с творческим процессом - всегда актуальная тема, однако на данный момент до сих пор не существует единого мнения на этот счет. Особую роль в этом процессе играет национальное восприятие культуры.

Ключевые слова: художественная фантазия, творчество, культура, художественное мышление, философия, искусство, воображение.

Abstract

A.T. Kozhagulov¹

¹magistr, senior Lecturer of the Kazakh national Pedagogical university of a name Abai
Almaty, Kazakhstan

PROBLEMS OF PHILOSOPHICAL ВОСПРИТИЯ OF ARTISTIC IMAGINATION AND CREATIVE PROCESS

The primary purpose of the real article consists in determination of role of human imagination as an important and attributive humanoid sign, and also understanding of essence and evolution of national fine art. For the exposure of the most objective position, the author of the article aims to consider this problem from the most different parties. For deeper immersion in the investigated context of expediently to appeal to such areas of scientific knowledge as культурология, gnosiology, psychology, philosophical anthropology. Bringing in to research of the newest methodological achievements in aforesaid areas will allow wider and deeper to designate the sought after problem and set the ways of her overcoming.

An author examines the phenomenon of fantasy as своеобразное kernel of not only creative process as such but also as one of basic mechanisms of development of culture on the whole. Nature of fantasy and her intercommunication with a creative process is an always actual theme, however now until now there is not single opinion on that score. The special role this process is played by national perception of culture.

Keywords: artistic fantasy, work, culture, artistic thinking, philosophy, art, imagination.

Өнер алаңында көркем қиялдың тек қана адамға тән екендігін және оның шығармашылық қабілеттерінің қайнар көзі екендігін тағыда атап өтпекпіз. Адам болмысы, оның сиқырлық қасиеттері өзінің күрделігін қоғам дамыған сайын, заман өзгерген сайын дәлелдей түсуде. Қазіргі заманауи процестердің өзгерістерінің әсерінен болып жатқан жаңалықтар адамның шығармашылық мүмкіндіктерінің терең тұңғықтарын шынайы көрсетуде. Ал шын мәнінде көптеген антропологиялық суреттерге сүйенетін болсақ оның бастамалық қозғаушы күші-адамның көркем қиялға бой ұру қасиеттерінен басталады дей аламыз. Қазіргі қоғамдық ғылымдар ішінде мәдениет философиясы өзінің мәнін тереңірек қайта қарастыру процесіне бой ұруда. Осы қажеттіктер бізге бейнелеу өнерінің, тіпті жалпы барлық шығармашылық процесінің бастамасы болатын көркем қиялды жан-жақты, әрі терең арнайы зерттеулер арқылы қарастырып оның болмысы мен мән маңызын түсініп, мәдениет философиясы дәрежесінде талдауды қажет етеді.

Бұл мәселенің болмысын кеңінен қарастыратын болсақ Қазақстан суретшілері дәстүрлі дүниетанымды да, мұсылмандық мәдениетпен бірге сіңген рухани болмысты да аттап өте алмайды, ол суретшілердің, шеберлердің, сәулетшілердің көркемдік проблемаларды шешу әдістерінен, образдық белгілерінде ұсынылған идеяларынан, нақыштарынан, пластикалық түзілім шешімдерінен, бояу түсіне жасалған акценттерінен, баяндау тілі мен образдық жалпы сомдалу сипаттарынан және оның оқылу ерекшелігінен көрінісі айдан анық нәрсе. Міне осыларды философиялық тұрғыдан қарап теориялық немесе әдіснамалық негіздемелер жасау қазіргі таңдағы актуальді мәселе болып табылады.

Көркем қиялдың табиғатының жан-жақты, көп аспектілі қыры мен сырын ашу үшін біз жалпы гнесологияның, психологияның, антропологияның сонымен қатар қазіргі ғылым әдіснамасының қол жеткізген табыстарын толығынан және орынды қолдана білуіміз қажет. Сондықтан да біз көркем қиялдың табиғаты мен болмысына бой ұруды жүзеге асырып отырып жалпы мәдениеттің қалыптасу даму өмір сүру болмысын қарастырамыз. Мәдениетті философиялық тұрғыдан түсіну, оның жалпы қалыптасқан белгілері мен байланыстарын анықтау тек қана бұл құбылыстың негізінде жатқан бастамаларды белгілегенде, қабылдағанда, түсінгенде жүзеге асырылмақ. Мәдениеттің мәндік негізінде әрине адам тұр, адам мәдениет арқылы өзінің ішкі мәндік күштері мен мүмкіндіктерін жүзеге асырады, әлемнің әртүрлі көркем образдарын жасайды, сол арқылы да ол табиғаттың басқада көптеген күштерінен ерекшеленеді.

Адам әрі жасаушысы, әрі оның дамуы мен жетілуінің жемісі. Осы көрсеткен бағытта қозғалсақ мәдениет философиясы объективті түрде антропологияға қарай бет бұрады, өте қажетті және өзекті сұрақты тудырады. Ол сұрақ-адамның көпқырлы қасиеттерінің ішіндегі қандай қасиетті мәдениеттің жасампаздық процесінің бастамасы болып есептеледі дегенге жауап іздеу. Бұған жауап ретінде ғылыми әдебиеттерде кездесетін антрофилософиялық анықтамалар мен сипаттамалар өте көп. Тек қана адамға тән қасиеттердің спектрі әрі кең, әрі көптүрлі: микрокосмос (антикалық кезеңде), әлемдік рухтың бөлшектерінің иегері (христиандық), интуиция (Декарт) ойынша (Хейзинг) тіпті күлкіші (Рабле), сонымен қатар ақыл-ой сана иесі, қолынан іс келетін жасампаз тағы да басқа. Адам анықтамаларының қандай қырын алып қарасақ та олардың бәрінде белгілі бір ақиқаттың көзі бар. Ол адамның тарихи әлеуметтік даму процесінде мәдениетті жетілдіре отырып өзінің де үлкен биіктерге көтерілгендігінің дәлелдері, қазіргі өркениет пен мәдениет соның ерекше көрінісі.

Біздің бұл мақаламызда алға қойған мәселеміз адамның көркем қиялын оның атрибутивтік қасиеті екенін әртүрлі мысалдар арқылы көрсете отырып дәлелдеу. Бұл феномен, біздің түсінігімізше ең басты мәдениет қалыптастырушы фактор болып есептеледі. Көркем қиялды біз кейде фантазия деп те қолданамыз, бірақта кейінірек бұл екі түсініктің арақатынасын анықтаймыз, себебі ол арнайы қарастыруды талап етеді.

Адамның көркем қиялы мәдениет қалыптастырушы бастама деп қарастырғанда біздің бұл мақаламыздың орталық мәселесі «фантазияшыл адам» феноменінің мәнін кеңірек ашу. Көркем қиял (фантазия)-ол жалпы мәдениеттің болмысын, өмір сүруін мүмкін ететін бастама. Мәдениеттің бастаулары, қайнар көзі алғашқы қозғалысы, себептік байланысы көркем қиялдың пайда болуынан басталады. Бұл бағытта біз, мәдениет фантазиядан пайда болып, тек қана фантазияның арқасында өмір сүруде деп нақты да кесімді айта аламыз. Әрине бұл ойымызды біз адамның шығармашылық мүмкіндіктерінің басқа да қасиеттері мен қыр-сырларының әсерлерін жоққа шығарып тұрған жоқпыз, яғни абстракты ойлау, эмоция мен сезімдер, интуиция сияқты қасиеттерді. Олардың да мәдениетті жасауда қалыптастыруда өздерінің белгілі орындары бар екені айдан айқын белгілі факт.

Мәдениеттің қандай құбылысы болмасын - әлде қарапайым тастан жасалған балта ма, әлде өте күрделі космос кораблі ме немесе жас баланың салған суреті ме, әлде әлемдік ғажайып сурет туындысы ма, әйтеуір қайсысы болмасын көркем қиялдың заттық көрінісі болып саналады. Басқаша айтсақ сабасына

түскен формаға ауысқан көркем қиял. Мысалы қағаз ақшаны алып оны физикалық қатынаста қарастыратын болсақ ешқандай да күші жоқ сияқты. Ал фантазиялап көрсек ақшаның қолы жетпейтін мүмкіндігі аз, адамдардың көпшілігінің ой-санасын билейтін магиялық күшке ие.

«Көркем қиял мүмкіндігі деді өткен ғасырымыздың басындағы ойшыл Т.Рибо, өте қажеттілік ретінде нан пісіретін наубайдың кәсібінде де, жаңа тоқаш түрлерін шығарғанда кездессе, үлкен әскери шайқастардың жоспарын жасайтын қолбасшының ісінде де шешуші рөлге ие». [1, 84] Адамның іс-әрекетіндегі қол жеткізген табыстарының жемісі, оның көркем қиялының белгілі затқа айналған формасы болып есептеледі. Егерде Гегелдің сөзімен айтатын болсақ «өзінің басқасына» ауысуы. Барлық мәдениеттің заттық көріністері көркем қиялдың басқа болмысы.

Көркем қиял (фантазия) - тек қана сезімдік материалды ойдағы қосу немесе айыру әдістері емес, ол антропо-жасаушы фактор ретінде де көрініс табады, сонымен қатар өз болмысында мәдениеттің «гені» қасиетіне де ие, себебі тек қана көркем қиял адам болмысына тән басты қасиет болып есептеледі.

Көркем қиялды зерттегенде оны универсальді, адамның атрибутивтік және мәндік қасиеттері ретінде қарастырғанымыз жөн болады. Фантазия барлық таным процесінің мәнін көрсетіп қоймай, сонымен қатар оның барлық бағыттарын да анықтайды, тірідей пайымдаудан бастала отырып кейін күрделі ой қорытулық теориялар қалыптастыруды, қоғамдық сананы белгілі бағытқа бұра отырып, құндылықтар мен идеяларды дүниеге әкеледі, сөйте отырып руханилықтың жоғарғы үлгілерін жасайды, адаммен байланысты жан-жақты жетілдіреді.

Көркем қиялды мәдениет тануымыздың қалыптасуының анықтаушы факторларының бірі, әрі оның нәтижесі ретінде қарай отырып, біз бұл қасиетті мүмкіндікті тым психологизациялаудан бас тартуымыз керек, сол сияқты оны эпистемологизациялаудағы ауытқулардан сақтап қалуымыз қажет. Себебі көптеген соңғы зерттеулерде ол бағыттар технократизацияға алып келуде. Біздің бұл мақаламызда алға қойған мүддеміз көркем қиялдың мәселелерін психологиялық аспектіде және гнесеологиядан мәдениеттанумен мәдениет философиясының ауқымына қарай ауыстырып қарастыруға әрекет ету.

Көркем қиял мүмкіндіктерінің рөлін универсальді мүмкіндіктер ретінде зерттеу оның эпистемологиялық психологияның анықтамаларын көрсетуді жокқа шығармайды, сонымен қоса оның мәдениет құрамын қалыптастырушы фантастикалық образдар жасау қасиетін ерекше ашып береді, олардың бәрі мәдениеттің іргетасы болып саналады.

Адамның көркем қиялдық мүмкіндіктері ең алғашқы кездің өзінде-ақ ойын алдына қойған белгілі межелерге жетуді іске асыруының процесінде қалыптаса бастады, ол үшін ой жүзінде нақты табиғи болмыстан бой ұзу мүмкіндіктерін дамыту қажет болды. Бұл адами шығармашылық қасиеттердің бастамасы еді. Оның көмегімен адам өзінің іс-қимылын ой жүзінде жоспарлап, алған межеге жетудің әдіс-тәсілдерін қалыптастырды. Шынайы өмірден қиял көмегімен жоғары көтеріле отырып көркем қиял шығармашылық іс-әрекеттің шешуші бастамасына айналады. Әрине қай кезде де көркем қиял танымда негативті қасиеттерге де ие болады, жалған фантастикалық образдар қалыптастырып, иллюзиялар мен қателесулерге де алып келуі мүмкін, олар дүниені объективті қабылдауға ақиқатқа жетуге бөгеттік жасайды, сондықтан да біз көркем қиялдың бұл қырын қарастырмаймыз, олар әрине ерекше зерттеулердің нысаны болмақ.

Көркем қиял түсінігі әрі психикалық процесс, әрі оның нәтижесі ретінде қарастырылады. Нәтиже ретінде ол адам санасындағы шынайы бейнеленуі оның барлық болмыстық қасиеттерінің қыры мен сырының қабылдануы. Ал енді көркем қиял процесс ретінде-ол сезімнің образдың материал ретінде қайтадан жасалуы. Зерттеушілер көркем қиялдың негізгі механизмдерімен тәсілдері ретінде төменгі қасиеттерін көрсетеді: агглютинация, гиперболизация, акценттеу, ұқсастандыру, типтеу, реконструкциялау т.б. [2, 37-41] Агглютинация (біріне бірін желімдеу) әр түрлі ұқсас емес заттарды, олардың құрамдас бөліктерін бір-бірімен бір бүтін ретінде қарастыру. Осы тәсілдің әсерінен біз табиғатта бір-бірінен алшақ заттарды жакындата бүтіндікте қарастыруға мүмкіндік аламыз. Агглютинацияның нәтижесі ретінде біз көптеген техникалық шығармашылықтың жетістіктерін көрсете аламыз (адамның қол еңбегін өз мойнына алған машиналар), сол сияқты көркем образдар (аңдық стильдегі сақ, скиф туындылары).

Ал гиперболизацияның мәніне келетін болсақ заттар мен құбылыстарды не тым үлкейтіп, кейде тіпті кішірейтіп суреттеу. Бұл әдістердің көмегімен көптеген көркем әдебиетте де кездесетін образдар жасалған. Фантастикалық көрністердің мәніне жетуде көбінесе ұқсастандыру әдісінің рөлі зор. Бұл әдіс мифология мен өнертану мәселесінде жиі әрі табысты қолданыс табуда. Типтеу әдісіне келетін болсақ көптеген құбылыстардағы біркелкі қасиеттерді бөліп алып образдар қалыптастыру. [3, 18-23]. Бұл әдістің көмегімен көркем әдебиеттегі образдар жасалады. Белгілі бір нақты қоғамдағы әлеуметтік топтағы адамның статусының құрамдас бөліктері көрсетіледі.

Ал енді реконструкциялаудың мағанасын ашсақ кейбір белгілеріне сүйене отырып белгілі бір затпен құбылыстың бүтіндей образын жасау. Бұл әдістің маңызын біз әр түрлі мемлекеттерді олардың рәміздері арқылы тану барысында түсіне аламыз (герб, ту, әнұран). Осы атрибутикалар арқылы біз белгілі-бір елдің тарихынан, мәдениетінен ақпараттар алу мүмкіндігіне қол жеткіземіз.

Көркем қиялдың қайсы бір қырын қарасаң да олар бір-бірімен өте тығыз байланыста жатыр, таза түрінде жекелей олар ешқашанда кездеспейді кейбір механизмдерінің кей кездердегі басымдығын айтуға болады, ал бірақта көркем қиялда олар ешқашан да жеке дара кездеспейді. Оны біз философия тарихының мысалдарымен көптеп кездестіре аламыз. Айта кететін жай, көркем қиял дүниенің бүтіндей образын жасауда әр түрлі элементтерді нақты өмір тәжірибесінен, белгілі адамзат қоғамының нақты тарихи даму жағдайы мен деңгейінен алады. Сондықтан да адам фантазиясы шынайы өмірден тым алшақ болуы мүмкін емес, оның негізі нақты адамның күнделікті өмірінің бейнесі, оның сезімдік қабылдауы ретінде қалыптасады. Көркем қиялдағы шығармашылықтың әсері ол сезіммен қабылданғанды синтездей отырып образдар жасағанда көрініс таба бастайды. [4, 21]

Сонымен бұл мақалада біздің көрсеткіміз келгені көркем қиялдың көп қырлы болмысы мен қасиеттері және адамды адам етіп қалыптастыруда дүниенің жаңартылған жасампаздық образдарын жасаудағы оның рөлі.

Сонымен қатар айтайын деген басты ойымыз-көркем қиял антропожасаушы белгі ретіндегі адами көптеген қасиеттердің ең негізгілерінің бірі екенін көрсете отырып, ұлттық бейнелеу өнерінің мән-мазмұнын тану мен оның болашақ дамуындағы ерекше орнына тоқталу.

Жалпы қорытындылай айтсақ, қазіргі егемен еліміздің суретшілер қауымы заман талаптарына сай көптеген игі бастамалар жасап жатыр.

Осы бағыттағы биылғы жылда Қазақстан Республикасының суретшілер одағының Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арнап өткізіліп жатқан шаралары, бейнелеу өнеріміздің өрісін кеңейте түсті.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Рибо Т. *Творческое воображение*. – СПб.: Ф. Папистелева, 1901. – С. 84.
2. Беркинболит М.Б., Петровский А.В. *Фантазия и реальность*. – М.: Наука, 1968. – С. 37-41.
3. Байжігітов Б. *Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері*. – Алматы, 1998. – 18-23 б.
4. Коришнова Л.С. *Воображение и его роль в познании*. – М.: МГУ, 1989. – С. 21.

УДК 76
МРНТИ 18.31.41

Б.Т. Найманов¹

¹аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

Д.А. Жикенова²

²оқытушы, магистр, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

М.Ф.-М. Канленов³

³аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

ГРАФИКАДАҒЫ ЛИНОГРАВЮРА ӘДІС - ТӘСІЛДЕРІН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРГЕ ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Авторлар мақалада линогравюра техникасының пайда болу кезеңі, жасалу жолдары, сонымен қатар бұл техникалық әдісті студенттерге үйретіп шығу әдістеріне толығырақ тоқталып өткен. Линогравюраны графикалық өнердің бір саласы ретінде қарастырады. Лиолеум бетінде гравюра жасауды үйрену барысында студенттердің шығармашылық қызығушылықтарын арттыру туралы да сөз етілген.

Синтетикалық өнімдердің ішіндегі лиолеумның пайда болуынан бастап бұл материалды суретшілер өзінің туындыларын орындауға кеңінен пайдаланып жол ашқаны туралы айтылады. Гравюра жасаудың өзіндік ерекшеліктері және оны орындау барысындағы шығармашылық бағыт беретін бастапқы ізденіс жолдарын қамтып, жұмысты жоғары деңгейде орындауға лайықты керекті құрал жабдықтарды, басылымға арналған бояулар мен қағаздарды дұрыс таңдау жолдары нақты айтылған. Студенттерге линогравюра техникасында шығармашылық туындылар жасауға бағыттары көрсетілген.

Түйін сөздер: Линогравюра, эстамп, эскиз, компьютер көшірмесі, төсем, білік, жоңғы.

Аннотация

Б.Т. Найманов¹

¹старший преподаватель, КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

Д.А. Жикенова²

²магистр, преподаватель, КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

М.Ф-М. Канленов³

³старший преподаватель, КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

**ПУТИ ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТАМ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ МЕТОДОВ И СПОСОБОВ
ЛИНОГРАВИУРЫ В ГРАФИКЕ**

В данной статье авторы подробно показали в каком времени появилась техника линогравюры, какими путями она создается, а так же способы обучения студентов в данной технике. А также рассматривают линогравюру как один из видов искусства графики. В ходе обучения вырезанию на линолеуме повышается творческий потенциал и интерес студентов. В статье говорится, что с появлением линолеума среди синтетических изделий художники с большим спросом использовали данный материал для создания своих творений, благодаря чему открылись новые возможности. Так же рассматриваются особенности создания гравюры и направления творческих поисков во время исполнения работ. Четко прописаны и нужные инструменты для качественной работы с линолеумом и пути выбора красок и бумаг для печати на станке. В статье указаны направления для студентов, при помощи которых они смогут создавать творческие работы в технике линогравюры.

Ключевые слова: Линогравюра, эстамп, эскиз, компьютерная копия, грунтовка, вал, резец.

Annotation

B.T. Naimanov¹

¹Senior lecturer, KazNPU named after Abai, Almaty c., Kazakhstan

D.A. Zhikenova²

²Master, teacher, KazNPU named after Abai, Almaty c., Kazakhstan

M. G-M. Kanlenov³

³Senior lecturer, KazNPU named after Abai, Almaty c., Kazakhstan

**THE WAYS OF LEARNING FOR HIGH SCHOOL STUDENTS OF LINOCUT METHODS AND
TECHNIQUE IN GRAFIC**

In the article authors explained in detail at which time appeared the technique of linocut in what ways it is created and learning method of students in this technique. They examines linoleum as one of types of art of graphic arts. During educating to excision creative potential and interest of students rise on linoleum. In the article talked about distinctions of linoleum and other techniques, used to the receipt of print of print, and also stage of implementation of work.

As well with appearance of linocut among synthetic wares artists with a high demand used this material for their creation thanks to that we got new opportunities. Moreover the features of create engraving and the direction of creative search during the execution of works considered in this article. Clearly written out the right tools for quality work with linocut and the way of the choice of colors and papers for printing machine. This article sown the directions for students with this help in the technique of linocut, they will be able to make creative work.

Keywords: Linocut, print, sketch, computer copy, primer, shaft, cutter.

Линогравюра, ксилография, офорт, литография деген атаулардағы қазіргі заманғы графиканың барлық осы түрлері эстамп деген ортақ түсінікпен біріктіріледі. Тираждың көптілігі және аса үлкен болмайтын формат көлемі эстампты өмірдің барлық салаларына оңай кіргізіп оны қазіргі заманғы етеді. Пәтер интерьері, қонақ үй, кафе, кітапхана, көрмелер эстампсыз болмайды. Әдемі картиналар, эстамптар, офорт, гравюралық репродукциялар және фотосуреттер кез келген үйді түрлендіріп қайталанбайтындай өзіндік етеді.

Линогравюра линолеум бетіндегі гравюра. Орындалу техникасы бойынша ксилографияға өте жақын. Линолеум негізінен аса қымбатқа түспейтін қол жетімді материал болып табылады. Ксилографияға қарағанда қолданылатын материалдың синтетикалық шығу тегіне байланысты линогравюралар орындау қарапайым болып келеді. Линолеумның біртектілігі мен жұмсақтығы жұмыс істеуге өте ыңғайлы және кескіш құралдарға ешқандай кедергі келтірмейді [1, 15 б.]

Линогравюралар бір түсті және түрлі түсті – екі, үш және одан да көп болуы мүмкін. Әлбетте, мұндай гравюралардың сапасы ең алдымен бояулардың санымен емес, мейлінше, дәл табылған түстік үйлесімдер мен қатынастармен тақырыпты бере білумен анықталады. Графикалық техника ретінде линогравюра өзінің ерекше сапасы, эстамптың басқа түрлеріне қарағанда ашық көркем тілінің мәнерлілігіне байланысты суретшілер назарын өзіне кең аударады. Линолеум бетінде гравюралардың осы сияқты графиканың басқа түрлерімен салыстырғанда өте үлкен көлемдегі жұмыс басылымдарын алу мүмкіндігі оның ең

басты ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Ксилографияға қарағанда қолданылатын материалдың синтетикалық шығу тегіне байланысты линогравюраны орындау қарапайым болып келеді және жұмысқа ыңғайлы, ең жарамды материал болып табылады. Оның басқа материалдардан айырмашылығы оның икемділігі, жұмсақтығы құралдармен жұмыс жасаудағы ыңғайлылығында. Гравюраның көркемдік жағынан ұйымдастырылуы ондағы сызық штрихтардың бір бірімен үйлесімділігі, ақ және қара түстердің белгілі бір тепе теңдікте тұруы, осылардың барлығы гравюра жұмысында қойылатын талаптар. Гравирлеу сөзі қатты тегіс материал бетін арнайы кескіш құралдар көмегімен кесіп ойып сызықтар жүргізу деген мағынаны білдіреді. Суретшіні қағаз бетіндегі орындаған суреті бір дана және қайталанбас болып келеді. Барлық автор жасаған қайта көшіру жұмыстары бірінші істелген туындының көшірмесі ретінде қалады. Ал бірақ материалда орындалған графикалық бейнеден бірнеше басылым алынатын мүмкіндігі бола тұра одан алынған әрбір басылым түпнұсқа болып есептеледі. Бастапқыда эстамп репродукциялау мүмкіндігі ретінде көтерілді де кейініректе өзінің бай техникасына қарай өзіндік мол дәстүрі бар өнер түрі ретінде дамыды.

Эстамп ол көркем графиканың станокты шығармашылығы болып табылатын гравирленген тақтадан алынған басылым. Суретші гравюра жасаған тақтадан эстамп басылымы шығады және де көбінесе оны сол суретшінің өзі басып шығарады. Алынған басылымдағы қол қойылған осындай жұмыстар авторлық экземпляр болып түпнұсқа ретінде есептеледі. Эстамптар ақ қара және түрлі түсті болады. Осы басылымдар ағаш, тас, темір, линолеум және тағы басқадай материалдардан жасалынады. Бейнеленген сурет алдын ала кесіліп немесе күйдіріліп алынылуы мүмкін және бұл жердегі басылым жасалынатын қалыпты тақта деп ал одан алынатын басылымды эстамп деп атайды. Түрлі түсті гравюра – бұл кескіндеме емес, мұнда түстік құралдар шектеулі ең жалпылама, ең сипатты түстерді таңдап алу керек. Гравюра деп бетіне сурет ойып салынған тақта да, сондай ақ одан алынған басылымды да айтады. Гравирлеу өнерінде гравюра ойылған кез келген материалды тақта деп түсінеді. Металл бетіндегі гравюра, ағашқа жасалған гравюра сияқты тағы басқадай гравюраның бірнеше түрлері болады. Болашақ эстамптың негізіне салынатын әдемі, көркем этюд көп рет қайта жасалады. Біртіндеп ол барған сайын байи түседі, оның композициясы нақтыланып, кездейсоқ нәрсенің бәрі алынып тасталады, түрлі түсті гамма бар болғаны бірнеше бояуларға келіп саяды, олар бір бірінің үстіне салынған орындарға көріне отырып, тағы да қосымша бірнеше түстерді береді. [2, 5 б.] Линолеум бетінде орындалған гравюра дөңес беттегі гравюра түріне жатады. Линолеум бетінде гравюра істей отырған суретшінің әр түрлі әсер беретін сан қилы шығармашылық жұмыстарды шығару мүмкіндігіне ие болады.

Жұмыс барысында, гравюра жасалған линолеумнен алғашқыда 5-10 дана басылым алынса да болады. Немесе әртүрлі түсті қағаздарға да бастырып, жұмстың қалай шығатынын байқауға болады ақ қағаз, сарғыш, сұр, т.б. Графика саласында түстің ақтан қараға дейінгі реңдік өзгерістерін көп қолданады. Түстің реңдік өзгерістері деп бір түстің екінші түске дейінгі құбылмалы өзгерістерін айтамыз. Реңдік байланыстар негізінен графикалық сурет жұмыстарында көп қолданылады. Реңдік өзгерістерді үйрену мақсаты линогравюра саласында өте маңызды.

Линолеум және оны өңдеу. XIX ғ. аяғында пластмасса өнімдерінің алғашқыларының бірі линолеум материалы ойлап табылып, өндіріле бастады. Осы кезден бастап линолеум бетіне гравюра жасау да пайда болды. Оксидтелген зығыр майы, шайыр, минералды бояулар мен ұнтақталған тығын араластырып, оны кенеп мата бетіне жағу арқылы линолеум дайындалады. Ал қазіргі кезде тығынның орнына ағаш ұнтағы пайдаланылады, бірақ бұдан линолеум өзіндік сапасын жоғалтпайды. Линолеум жаңадан үйреніп жүрген шеберлерге ең ыңғайлы, ең жарамды материал болып табылады. Өйткені ол арнаулы құрал жабдықтарды, жұмыс орнын қажет етпейді. Линолеумнің басқа материалдардан артықшылығы – оның икемділігі, жұмсақтығы, жоңғымен жұмыс жасауға ыңғайлылығында және тікелей қойылған көрініспен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Осылай жұмыс істеу әдісі суретшінің нұсқа қабылдауын ұштай түседі, оның жоңғы қозғалысы мен материалдың арасындағы байланысты сезінуін байыта түседі. Үйрену барысында кішірек көлемдегі гравюралық жұмыстарды және оқу тапсырмаларын жасау үшін 2 - 3 мм қалыңдықтағы линолеум жарайды.

Линолеумді керекті өлшемде кесіп дайындап, тегіс тақтай бетіне жатқызып құрғақ әрі көлеңке жерде сақтау керек. Орташа тығыздықтағы линолеум бетінде жұмыс жасау өте қолайлы. Жұмсақ линолеуммен жұмыс жасаған кезде біраз қиындықтар болады, өйткені жасалған жұмысты линогравюра станогынан өкізген кезде, жұмсақ линолеум станоктың қысымына қатты жаншылып, ойылған сызықтар өзгеріске ұшырауы мүмкін, яғни анық көрінбей сызықтар жайылып кетуі ықтимал. Сол себептен мұндай жұмсақ линолеумді сызықтарды жалпақ жұмыстарға пайдаланған дұрыс. Ал қатты линолеум бетінде жұмыс жасау көп еңбекті қажет етеді. Күрделі сызықтарды оқу кезінде қатты күш түсу себебінен кескіш – жоңғы

линолеум бетінен тайып кетуі, тіпті жұмыс жасап отырған адамның қолын жарақаттауы да мүмкін. Линолеумді жұмысқа дайындау үшін ең алдымен беті тегістелген тақтай немесе басқа да ДСП, ДВП сияқты тегіс материал керек. Линолеумды осы аталған тегіс материалдың бетіне желіммен жабыстырамыз да, желім кепкенше линолеумнің бетін ауыр әрі тегіс затпен бастырып қоямыз. Жұмыс жасау барысында линолеум қозғалмай тегіс жатады. Егер де линолеум тегіс болмаса, шығатын суреттің сапасын төмендетеді. Сол себептен линолеумды жұмысқа дайындап алудың маңызы өте зор.

Қазіргі кезде линолеумды тақтайға жабыстыру үшін көбнесе ПВА желімі қолданылады. Линолеумді тақтайға жабыстырғаннан кейін, линолеумді тегістеу жұмысын жүргізу керек. Ол үшін наждақ – зімпара қағазы қолданылады. Бірінші тазалау кезінде 0,5 мм зімпарамен тегістеледі. Мұнымен тазалау себебіміз линолеум бетіндегі шұқыр мен сызықтар тегістеліп кетуі керек. Осыдан кейін зімпарамен өңдеу басталады. Алдындағы 0,5 мм зімпарада ұсақ сызықтар қалуы мүмкін, ал 0-дік зімпарадан кейін осы сызықтар тұтас тегістеліп, линолеум беті тегіс жылтырайды.

Линолеумге эскизді көшіру әдісі. Дайын болған эскизді линолеумге көшіру барысында, көшірудің бірнеше түрін қолдануға болады. Эскизді терезе бетіне немесе астынан жарық берілген әйнек бетіне қоямыз да оның үстіне кальканы беттестіріп жабамыз. Көрініп тұрған суретті калька бетіне айнытпай бастырып шығамыз. Енді осы көріністі айнадан қарағандағыдай кері көрініс етіп линолеумнің бетіне түсіруіміз қажет. Ол үшін линолеумнің бетіне көшірме қағазды жаямыз да, оның бетіне калькадағы суретті кері аударып қарындашпен немесе қаламмен бастырып шығамыз.

Линолеумге көшірудің екінші бір жаңа түрі - компьютер көшірмесін қолдану. Тушьпен салынған эскиздің компьютер арқылы көшірмесін аламыз. Осы көшірменің суретін линолеумге беттестіріп, қызып тұрған үтікпен қағаздың үстінен қыздырып жүргізіп отырамыз. Линолеумді қатты қыздырып ерітіп жіберуден сақ болу қажет. Қағаз қызса бояуы жібіп, линолеумге жабысады. Бояу линолеумге түскен – түспегенін білу үшін қағаздың бір бұрышын ашып көруге болады. Көшірме қағаздағы бояуы қою болған дұрыс, өйткені линолеумге басқан кезде анық түседі. Егер қағаз линолеумге жабысып қалса, онда қағазды сумен жібітіп үйкелеп, сыдырып алып тастауға болады.

Төсем. Линолеумнің бетіне төсем (грунт) жасау себебі эскизді линолеумнің бетіне түсіру, оны жөндеу, өшіргішпен өшіру және линолеумді ойған кезде ойылған сызықтар айқын көрінуі үшін жасалынады.

Төсем жасауға гуашь, темпера, тушь қолдануға болады. Гуашты немесе темпераны сұйық қылып суға езіп жалпақ акварель қылқаламымен линолеумнің бетін тегіс етіп бояймыз, қара тушпен де ақ линолеум бетіне тушты сұйық етіп езіп, төсем жүргізуге болады.

Білік. Қажетті құралдардың бірі – білік (стержень). Ол жұмыс жасауға ыңғайлы болуы қажет. Білік бояуды өзіне қабылдап және оны линолеумге бастырғанда бояудың кері, жақсы, тегіс жұғуы үшін керек. Бұл үшін ең қолайлы түрі – желатиннен немесе резіңкеден жасалған білік. Қалыпқа құйылатын желатиннің құрамы: желатин екі мөлшерде, глицерин бір мөлшерде болуы керек. Глицерин желатинді кеуіп кетпеуден сақтайды және оның жұмсақ болып тұруы үшін қолданады. Желатинді қалбырға салып керекті мөлшерде су құямыз: желатин мен су 1:1 мөлшерде болуы керек. Осыдан кейін отқа қойып қалбырдың ішіндегі желатин көтерілгенше қыздырамыз. Кейін қызуын азайтып, сұйық массаға айналғанша желатинді араластырып отыру қажет. Әбден еріп, іртіксіз сұйық массаға айналған желатинге глицерин қосамыз.

Жоңғы (резец) – қатты темірден жасалған өткір жүзді ойғыш құрал. Жоңғының жүзі үшбұрышты доғал және пышақ тәрізді болады. Жоңғы негізінен қатты болат темірден жасалған болуы қажет. Егер жұмсақ темірден жасалса, жүзі жылдам қайтып, өтпей қалады. Сол себептен үнемі қайрақ немесе зімпара қағазы жанында болғаны дұрыс. Егер дүкеннің жоңғысы болмаса, онда қолдан жасауға тура келеді. Қатты темірден жасалған қолшатыр спицтерін тауып алып, оны 10 см ұзындықта қиямыз. Содан кейін 90 немесе 70 градустық бұрышы бар төске спицті ұзындай етіп жартылай төсеп спицтің ортасынан 90 градуста иіп шығуымыз керек. Спиц 90 немесе 70 градусқа иілгеннен кейін, темірді қыздырып қатайту керек. Ол үшін алдын ала машина майын немесе суық су дайындап алу керек. Негізінде темірді маймен суытқан дұрыс. Маймен суытқан кезде темірдің қаттылық қасиеті сақталады. Суытқыш сұйық заттарын дайындап қойғаннан кейін, жасалған жоңғыны көрікте немесе газ плитканың жалынына қыздырса болады. Жалында тұрған жоңғыны басынан аяғына дейін қып-қызыл болған кезде оны алып жаңағы қалбырға дайындап құйып қойған майға 45 градустағы көлбейлікте жоңғыны салып толық суығанша майда ұстаймыз. Жаңадан бастап линолеум ойып жүрген суретшілер, үйрену үшін негізі үш жоңғы болса да жетеді. Үш бұрышты 60 немесе 90 градустағы доғал және үлкен ақ дақтарға арналған жалпақ жоңғылар. Ал шеберлер негізінен жоңғының көп түрін қолданады. 5 – 7 данасы болады. Ойылатын сызықтар бір өлшемде тегіс ойылу үшін суретші шеберлер, жоңғының түрлі өлшемдегі доғал жоңғыларды қолданады 2-2,5 мм 3-3,5 мм,

4-4,5 мм, 5 мм одан да жалпақтарын қолданады. Осындай жоңғылар керекті өлшемдегі сызықтарды бір тегіс ойылуына өте қолайлы.

Ойылған жұмысты қағазға бастыру. Үйрену барысында, жасалған жұмыстардан 5 – 10 оттиск алсаңыз да жетеді. Немесе әр түрлі түсті қағаздарға да бастырып, жұмыстың қалай шығатынын байқауға болады (ақ қағаз, сарғыш, сұр т.б.). Жұмысты басар алдында қағазды дайындап алу қажет. Қағаздың өлшемін ойылған жұмыстан үлкендеу етіп қиямыз, су сіңдіріп сулап аламыз, содан кейін суланған қағаз бетін су сорғыш қағазбен сорғытамыз. Сорғытуға газет беттері де жарайды.

Мұндай әдісті қолданған өте жақсы, өйткені жұмысты басқан кезде, қағаз созылып жыртылмайды және дымқыл қағаз бетіне бояу анық түседі. Жақсы шыққан таза оттескіні желіммен шет-шетінен жағып тақтай бетіне кері жабыстырып қоямыз [4, 116.]. Ойылған жұмысты басып шығару үшін майлы бояу немесе типография бояуы қажет. Негізінен типография бояуын қолданған дұрыс өйткені типография бояуы майлы болмайды, ал майлы бояу ақ қағазға басылған кезде майы жайылып қағаз сарғайып кетуі мүмкін. Бояу қою болған жағдайда оған олиф қосып, сәл сұйылтқанымыз жөн болады. Бояуға әр түрлі олиф қосуға болады, негізінен, типографиялық олифты қолданған дұрыс, өйткені ол майлы болмайды. Ол үшін бояуды пышақпен немесе шпательмен әйнектің ортасынан бір тегіс етіп жаямыз. Әйнектің бетіне жайылған бояу қалың болмауы керек. Линолеумдегі жұмысты қағазға басу үшін әр түрлі қағаз түрлері қажет болады. Негізгі керек қағаз эстамп қағазы.

Эстамп қағазының жақсы басылу себебі ол аса қалың емес, майлы болмайды және бояуды өзіне жақсы сіңіреді. Жұмыстың қалай басылып шығатынын байқау үшін қағаздың әр түрі болса да қолдана беруге болады. Линогравюрада түсті қағаз қолдануға болады немесе ақ қағазды әр түске бояп, өзгертіп басуға болады [3, 44 б.]. Линолеум бетіндегі гравюралық жұмыстарды жасап үйрену кезінде ең алдымен үш түрлі сызықтың ойылуын үйренеміз. Осы сызықтардың негізінде көп жұмыстар жасалады. Бұл тапсырманы орындау үшін алдымен сызықтардың жасалу жолдарына тоқтала кету керек. Түзу сызықтарға әр түрлі түзу сызықтардан тұратын геометриялық денелер, сәулет көрністерінің жазықтығы, шойын жолдағы рельс көрнісі т.б. көптеген көрністері мысал болады. Ирек сызыққа жолдың ирелендеп көрінген көрнісін, жануарлардың, мысылы: зебраның үстіндегі жолақтары, көлдің толқыны, т.б көрністерді келтіреміз. Дөңгелек сызыққа шардың дөңгеленген формасы, бұранда жолдары сондай-ақ тағы да басқа көрністерді салып көрсетуге болады. Қағаз бетіне осы түзу, ирек, дөңгелек сызықтарды салып болғаннан кейін, оны қара тушь, перомен немесе жіңішке қыл қаламмен сызықтарды өңдеп саламыз. Енді осы жасалған суретті линолеумге көшіреміз де, оюға кірісеміз. Ирек және дөңгелек сызықтарды ойған кезде жоңғыдан сақ болу керек. Сызықтарды әр түрлі қалыңдықта беру үшін керекті өлшемдегі жоңғы түрлерін қолдану қажет. Осындай жұмыстардың әрқайсысын линогравюра жасап үйренемін деген суретші өзінің ойлау, шығармашылық мүмкіндіктеріне қарай шешуіне болады. Бұл жердегі мақсат линогравюра техникасын терең меңгерумен қатар шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту болып табылады. Неғұрлым терең ойып, әсемдік әдемі көрнісін көрсетуге болады. Суретшілердің қағаз бетінде немесе басқадай бір материалда орындаған суреттері бір ғана экземплярда болғандықтан ол бірегей болып табылады. Кейініректегі барлық авторлық қайталаулар мен көшірмелердің барлығы түпнұсқадай болмайды. Суретшілердің графикалық материалдарда орындаған бейнелерінен алынатын басылымдардың үлкен санына қарамастан олардың әрқайсысы түпнұсқа болып есептеледі. Алынған басылымдардың саны бірнеше данадан мыңдаған экземплярға дейін жетуі мүмкін, дегенмен олардың барлығы да түпнұсқа болып есептеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Щипанов А.С. *Әуесқой жас суретшілер мен мүсіншілерге.* – Алматы: «Мектеп», 1989 ж.
- 2 Звонцов В.М., Шистко В.И. *Офорт.* – М.: Искусство, 1970 ж.
- 3 Клубунковский Б.И. *Линогравюра.* – М.: Просвещение.
- 4 Бесчастнов Н. П. *Черно – белая графика.* – Владос, 2008 г.
- 5 Ордабеков Т., Канленов М. А., Найманов Б. *Линогравюра.* – Алматы, 2001 ж.

ӘОЖ 67:007; 67:001.891.57
МРНТИ 64.01.77

Е.Ө. Омарова¹

¹т.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУнің «Шығармашылық мамандықтар» кафедрасының аға оқытушысы,
Алматы қаласы, Қазақстан

Ш.С. Джазыкпаева²

²білім магистры, Абай атындағы ҚазҰПУнің «Шығармашылық мамандықтар»
кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қаласы, Қазақстан

СПОРТ КИІМДЕРІНІҢ КОНСТРУКТИВТІ ПАРАМЕТРЛЕРІН ДИНАМИКАЛЫҚ СӘЙКЕСТІКТІҢ ЭРГНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ БОЙЫНША ТАЛДАНУЫ

Аңдатпа

Соның айғақ дәлелдерінің бірі 1992 жылы есімі елімізге кеңінен жайылған би маманы Қарағанды облыстық мәдениет басқармасының шақыруымен атындағы филармониясының жанынан «Аққу» би ансамблін ашуы. Ансамбльдің жетекшілігін Мұқатова Қорлан Асылбек қызы басқарады. Білікті өнер қайраткері біраз жылдың ішінде оннан астам билер қойып үлгереді. Қазір уақыт өте сол билерді еске алсақ әр қайсысының қайталанбас өрнегі, ғажайып таза шынайылығы, бірінен-бірі өрбіп жандана беретін суреттері таң қалдырып, жаныңа тұңғыш салқын самалдай ләззат береді. Ол қойған ірі-ірі балеттерді еске алмай-ақ, бір ғана Сүгірдің күйіне қойылған «Аққу» биінен әңгімемізді өрбітсек, сахналанған бидің сұлулығын, терең сырларын толығымен ашып жеткізе білу мүмкін емес.

Халық композиторы Сүгірдің шығармаларының ішіндегі ең ауқымды, көлемді, табиғаты нәрлі күйлерінің бірі «Аққу» күйі. Күйші-композитор құс төресі аққудың кербездігін, тәкаппарлығын, маңғаз

әсемпаздығын күй сарынын аямай аша білген. Әрине осы күйдің мәнін-мағынасын түсініп, толыққанды, күй сазына тепе-тең түсер би қоюға екінің бірінің дәті бара бермейді. Биді қоюшы алдымен жұп санды емес тоғыз қыз тандап алған. Не себептен?! Аққу қаздың сыңарсыз өмір сүрмейтінін барлық жұрт біледі. Қазақ халқы ұрпағына сәби күнінен бастап, аққудың киелі құс екенін, оны атуға болмайтынын құлағына құйып өсіреді.

Композитордың күйінен үнемі жалғыз аққудың қаңқылдаған зарының сарыны естіліп тұрады. Сахна төрінде би басталысымен-ақ бір-бірден ұшып шығып, жан-таласып, қанаттарын сабалап, тынымсыз жанұрған құс тәңірілерін көреміз. Олардың ешқайсысы да бір орнында тұрақтап қалмай, сахнаның бір шетінен келесі шетіне тынымсыз кезекпен өте береді. Олардың соңын ала тоғызыншы құс қанатын кеңінен жайып, ұшып келіп, бір орнында шыр айналып, әлде кімді іздей бастайды. Сонда ғана біз басқа тәкаппар құстардың неге аласұрған жан сезімдерін түсінгендей боламыз. Олар құрбыларының жалғыз қалғанын біліп, не көмек көрсетулерін білмей амалсыздықтан ары-бері ұшып-қона береді. Енді бір сәт сабыр сақтаған құстар үш-үштен бөлініп, аққу мойындарын созып, әдемі қалықтай бастайды. Сонан кейін тоғызыда кең шеңбер құрып, қанаттарын кеңінен қағып әдемі жүзе бастайды. Үш-төрт қана минут уақыттың ішінде аққу құстардың сыр-сезімдерін, сұлулыққа толы пластикалық қимылдарын адам денесінің соның ішінде қол қимылдарының күшімен ашып көрсете білудің қаншалықты қиын екендігін би қоюшы балетмейстерлер ғана біледі.

Балетмейстердің лирикалық сырлы-сезімдерге толы келесі биі де Сүгірдің есімімен тығыз байланысты. Ол композитордың кеңінен тараған күйі «Бозінген» күйіне қойылған керемет қойылым. Егер алдындағы күй аққудың қос қанатының қағымындай мол, жеткілікті болса, ал «Бозінгенде» күйдің шертісі, қос ішектің қағылымы тірсегі қатпаған жаңа туған ботаның бір жығылып, бір тұрып дірілдеген жүрісін дәл салса, балетмейстер өз қойылымында осы ерекшеліктердің бәрін дәл басып таба біліп, кеңінен қолдана білген.

Бірінен соң бірі тізіліп сахна төріне шыға берген биші қыздар бозінгендерден құрылған керуен тізбегін көз алдына елестетеді. Биді қоюшы осы керуенді кейде бір қалыпты қатарға тұрғызып, кейде толассыз қимылдарға бас ұрғызып, неше түрлі суреттемелерді туындаған. Қазақтың ұлттық биінде жиі кездесе бермейтін «Бота көз», «Бота мойын» қимылдарын биші денесінің қимыл-қозғалыстарымен әдемі ұштастырып, орынды пайдалана білудің арқасында көптеген аймақтарда өмірге келген би ұжымдары бірінен соң бірі үйреніп, репертуарларынан тастамай талай жылдан бері сахна көркіне айналған «Бозінген» биі өмірге келді.

Би өнері – ұлттық болсын, халықтық болсын, қазіргі заманауи болсын еш уақытта бір орнында тұрып, тоқырап қалған емес. Ол үнемі қимыл үстінде, өрбіп, өркендеу жолында. Осы өрлеу жолында көштің соңында қалып қоймай, сол көштің алдыңғы қатарында болған ол, халық композиторы Сүгірдің күйлерін толығымен тындап, олардың әр-түрлі сарынын жанымен түсініп, ұға біле, күйдің құрылымдық қалпына байланыстыра отырып тағы бір керемет қазақ биін дүниеге келтірді.

Ол «Ыңғайтөк» - қазақтың жусан иісі аңқыған кең даласын, қара көз арулардың биязы көріктілігін, сыпайы сұлулығын күй әуенінің саз теңізінде еркін жүзе отырып, осы қойылымда тамашалай аласыз. Мұнда да биді қоюшы тоғыз орындаушыны алған. Қарап отырсаңыз тоғыз Ұстаздың ең жақсы көретін саны. Сахна шымылдығы жайымен ашылғанда әр жерде үш-үштен топтанып, тізерлей шашырыла отырған қыздарды көреміз. Күйдің бірнеше ырғақты сазына елтіген орындаушылар самал желдің лебімен майысқан гүл шоқтарындай жайымен қимылдай бастайды. Күй әуені еселей өрбіген сайын қыздардың да қимылдары үдей түседі. Ары қарай би, суретшінің қаламынан шыққан ғажайып алуан түсті бояулармен боялған суреттей құлпырып жүре береді.

«Аққу», «Бозінген», «Ыңғайтөк» - Сүгірдің бірінен-бірі өткен сұлу сарынды күйлері. Ғажап - осының бәрін ішкі бір сезіммен сезініп, тылсым саз әлемінде еркін жүзе білудің өзі табиғат ана берген бақыт, қуаныш, шексіз ләззат екенін Ұстаз ерте ұққан сияқты. Әлде ғұмырының қысқа болатынын сезіп, артында осындай мөлдір таза, ауадай жеңіл, сиқырлы ирелендерге толы, көрсе көз тоймас, ұмытылмайтын сезімдерге толы қазақи билер қалдыруға ұмтылды ма екен?

Өткенге көз жүгіртсек, оның жан-жақты қамтитын ауқымды жұмыстармен бір уақытта айналысуы, өз көзімізбен көрмесек адам нанғысыз дүние. Мемлекеттік академиялық Абай атындағы опера және балет театрының бас балетмейстері ретінде, жылдық жоспар бойынша қойылуға тиісті және дер уақытында қойылып жатқан балеттер, ұлан-ғайыр мемлекеттік көлемдегі мерекелер, республика деңгейінде өткізілетін спорттық олимпиадалар мен спартакиадардың мерекелі ашылып, жабылу сәттері, А.Селезнев атын-

дағы балалар би мектебімен тығыз қарым-қатынаста қойылып жатқан сәбилер билері – бұлардың бәрі тек қана кәсіби маман-бишілермен жүргізілетін жұмыстар. Ал еліміздің түкпір-түкпірінде орналасқан әр аймақтағы көркемөнерпаздар ұжымдарының көркейіп өсуіне жұмсалған күш-жігер, сарқылмас дарын қаншама. Қазір Оралдағы, Көкшетаудағы, Қарағандыдағы, Семей мен Өскемендегі, Қостанай мен Павлодардағы, Ақтау мен Атыраудағы тағы басқа жерлердегі бүгін көркейіп, би саласында алдыңғы қатарда жүрген көркемөнерпаздар ансамбльдері, кезінде Ұстаздың ерінбей, жалықпай тер төгіп сіңірген еңбегінің жемістері.

Сәбилерге қойылған билер туралы сөз қозғалғанда, ең алдымен Алматы бишілер мектебінің төменгі сынып оқушыларына арнап қойылған «Пингвин» биін атап өту керек. Аталмыш бидің барлық мерекелік концерттерде сахна төрін бермей жүргеніне отыз жылдай уақыт болып қалды. Алматы би мектебін бітіріп, бүкіл әлемнің балет театрларында жарқырап жүрген көптеген балет әртістері кезінде осы «Пингвин» биін билеп өскен түлектер.

Бір қызығы ол ересектермен қалай жұмыс істесе, жас балалармен де дәл солай тез тіл табысып кететін. Сәбилермен музыка тыңдап, немесе бір қойылымды бастаған кезде бет-әлпеті ерекше нұрланып, алабұртып, реңіне арай еніп, өзгеріп сала беретін. Оның осы бір құлпырған жан-дүниесін түсінгендей жас түлектер де айтқанын екі етпеуге бар күш-жігерлерін салып, би қимылдарын дұрыс орындауға тырысатын.

«Пингвин» биінде ең алдымен көзге түсетіні бишілердің костюмдері. Олардың бас киімдері, төсі ақпен көмкерілген қамзолдары, қара түспен ұзартылған жеңдері алыстан бір көргенде сахнаға топырлап, теңселе маймақ басып нағыз пингвиндер қаптап кіріп кеткендей әсер қалдырады. Ұзын-соңы отыз-қырық бала билейтін бұл қойылым тек қана пингвиндердің ары-бері жүрісінен тұрмайды. Олардың өмірлерінің бір сәтте болып жатқан ішкі құбылыс, оқиғаларын көрерменге би тілімен айқын әңгімелеп береді. Міне олар топқа бөлініп ойын ойнауға кірісті. Сол сәтте бір кішкентай пингвин аяғын байқаусызда ауыртып алды да жерге отыра қалып, көздерін екі қолдарымен уқалап жылай бастайды. Мұны көрген қалғандары ойындарын тастап, кезекпе-кезек оның қасына келіп шамалары келгенше уатуға тырысды. Қасында осыншама жан-ашыр достарының бар екенін көрген кішкентай пингвин тез уанып, отырған жерінен секіріп тұрып, қалғандарымен жарыса ойынға кірісіп кетеді.

Бидің қойылымында классикалық би әліппесінің біраз қимылдары қолданғалықтан, болашақ бишілер үшін ол үлкен мектеп. Олар балет залдарында күн сайын жаттап жүрген қимылдарының мәні, мағынасы, пайдасы орасан зор екенін ұстаздардың ауызша айтқанынан гөрі осындай қойылымдардың арқасында тезірек ұғынып, түсінеді. Бүгінгі күнде «Пингвин» биі Алматы би мектебінің бетке ұстар пердесі сияқты, қай сахналарда болмасын осы бимен концерттік бағдарлама немесе ашылады немесе аяқталады.

Егер «Пингвин» биі ұл-қыз деп бөлмей, бәрі біркелкі костюм киіп билейтін болса, ал келесі балаларға арнап қойылған қойылым мүлдем бөлек. Бұл биде ұлдың болашақ ер-азамат екенін, қыздың болашақ көркем бойжеткен екенін жастайынан санасына құйып, жеткізетін үлкен тәрбиелік мән бар. Және де қойылым үшін әлемдік балет музыкасының патшасы болып есептелетін Петр Ильич Чайковскийдің музыкасын алуында да бір ерекше мән бар сияқты. Оның үстіне ол «Евгений Онегин» операсындағы атышулы полонез болса.

Қойылымның «Жас ұландар балы» деп аталуы да кішкентай орындаушылар үшін үлкен жауапкершілік жүктейді. Музыканың айқын ырғақты, салтанатты үнімен ақ шаңқандай болашақ офицерлердің костюмдерін киіп, кеуделерін тік ұстап, аяқтарын нық басып жас өспірімдер сахнаға шыға келгенде, залда отырған көрермендер де еріксіз бойларын жинақтап, денелерін тіктеуге ұмтылады. Ұландардың соңынан қаздай тізіліп қыздар шыға бастаған кезде, олар бас киімдерін шешіп сол қолдарына ұстап, бикештерді биге шақырады. Ары қарай жас-өспірімдер полонез сарынымен жұптары жарасып, көңілді, салтанатты билерін жалғастырады.

Айта берсек Ұстаз туралы ұзақ жырлауға болады. М.Тлеубаевтың таңдамалы қойылымдарын көрермен назарына ұсынып, шебердің қазақ би өнерінің дамуына қосқан үлесінің ұлан-ғайыр шексіз екендігіне тағы да көзімізді жеткізіп, сахна төрінен көрінген әрбір бидің би маржаны екеніне қуанта қол соққызды. Оның адамгершілік қасиеті, біреулерге көмекке келуге әрдайым дайын тұратын көңілшектігі, аңқылдаған бала мінезі, кейде маңайындағы ешкімді байқамай терең ойға түсіп кеткендегі тұнжыраған көзқарасы бәрі оның ерекше жаратылған жан екенінің белгісі екен ғой. Бір өкінетінім көзі тірісінде ұлағатты ұстазым, қай уақытта болмасын жүгіріп барып ақыл-кеңес сұрайтын шуағы мол ағатайым Меңтай Жәнісұлы Тілеубаевқа шексіз алғысымды, інілік рахметімді айтып үлгермеппін. Қазір амалсыз саусағымды тістеймін.

Пайданылган әдебиеттер тізімі:

1. Всеволодская-Голушкевич О. В. Пять казахских танцев. – Алматы: Онер, 1988., 1984
2. Абиров Д. Т. Истоки и основные элементы казахской народной хореографии. – Алма-Ата, 1992.
3. Джексембекова М.И. Методические приемы по разработке пластики и гибкости казахского танца. – Алматы, 2017
4. Тлеубаев С.Ш. Танцевально-игровая культура (народов Центральной Азии) Монография. – Москва: издательство «МГУКИ», 2013. – 87 с.
5. Мағауова А.С. Прогрессивные традиции народной педагогики и их роль в развитии личности //Вестник университета «Семей». – №1. – 1997. – С. 12-17.
6. Сайдахметов Б.С. Народные традиции - основа воспитания // Профессионал Казахстана. Научно-методический журнал. – Алматы, 2008. – №1 (56). – С.39-41.
7. Джексембекова М.И. Танец как культурное явление, отражающий тип и особенности пластического языка – Алматы, 2017.

УДК 323.02.052
МРНТИ 14.35.09

Е.Ж. Мұстафаев¹

¹Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

*«Музыкалық білім және хореография» кафедрасының қауымдастық профессоры
Алматы қ., Қазақстан
erkoja63@mail.ru*

КҮЙ ӨНЕРІНІҢ БЕРЕР ТӘРБИЕСІ ЖАЙЛЫ

Аңдатпа

Адамзаттың мәдени мұрасы болып саналатын 10 мұраның қатарына қазақтың күй өнері қосылып отыр. Бұл қазақ халқының ғана емес, қазақ өнерінің де мәртебесін көтере түспек және ұлтымыздың мәдени тарихына қосылған сүбелі үлес деу керек. «Күй» сөзінің этимологиясына да бір тоқталып өтейік. Қазақ жағдай сұрасқанда «Күйлі-қуаттысыз ба?» немесе «Көңіл күйіңіз қалай?» дейді. Демек, «күй» сөзі тек бір адамның ғана емес, бір отбасының, бір ауылдың, бір өңірдің, жалпы бүкіл халықтың көңіл-күйі, тұрмыс-тіршілігі деп түсінген жөн. Жоғарыда айтылған он мың күйдің атына шолу жасай отырып, талғампаз тыңдарман қазақ ұлтының терең тарихымен таныса алады. «Өткенге топырақ шашсаң, болашақ сені таспен атады» дейді данышпан қазақ. Біз қазақтың күй өнері арқылы келер ұрпаққа оң тәрбие бере алсақ, біздің болашағымыз да жарқын болары сөзсіз. Тәрбиелі ұрпақ қана елімізді ұшпаққа шығара алады. «Ұлт тәрбиесі – ұлттық өнерде» деген ұлы сөзді болашақ жастарға жеткізуіміз керек.

Түйін сөздер: күй, музыкалық білім беру, өнер, мұра, мәдениет, ұлттық өнер.

Аннотация

Е.Ж. Мұстафаев¹

*¹заслуженный деятель Казахстана - асс. профессор кафедры «Музыкальное образование и хореография»
г.Алматы, Казахстан, erkoja63@mail.ru*

ИСКУССТВО ИГРЫ КЮЯ В ВОСПИТАНИИ ПОКОЛЕНИЯ

Народный кюй является наследием культурного искусства человечества подключается к статусу ряда казахского искусства. Казахский народ не только повышает собственный статус, обогащаясь народным искусством, но одновременно является носителем большого вклада в культурную историю нации. Истории возникновения народных кюев отражает историю казахского народа.

Ссылаясь на наследие, оставленное казахами через тысячелетие, вслушиваясь в звучание кюя, миллионы зрителей и слушателей смогут узнать историю казахского народа, глубоко и проникновенно вслушиваясь в истоки звучания кюя. "Если в прошлое вы бросите песок, будущее забросает вас камнями». Казахский народ для будущего поколения дает знания через музыкальное образование, прогнозируя, что наше будущее будет светлым. Образование поколения, культура и национальное искусство нации, великое слово, обращенное к молодежи будущего могут дать прекрасные плоды для прорастания талантливой молодежи.

Ключевые слова: кюй, музыкальное образование, искусство, наследие, культура, национальное искусство.

Abstract

Yerbolat Mustafayev¹

¹Honored worker of Kazakhstan. - ass. Professor of the Department "Music education and choreography"
Almaty, Kazakhstan, erkoja63@mail.ru

ART GAMES KUI IN THE EDUCATION OF GENERATIONS

Which is the heritage of the cultural heritage of humanity is connected to the status of a number of Kazakh art. Kazakh people will not only raise the status of the Kazakh art and must say that it is a major contribution to the cultural history of the nation. "Status" Let us consider one of the etymology of the word. Kazakh surasqanda "couple power?" Or "How is your mood?" He said. Consequently, the "status" is not only one person, one family, one village, one of the general well-being of the entire population of the region, it should be understood that the real-life. Referring to the above ten thousand state, demanding the audience will be able to learn the history of the Kazakh nation deeply. "In the past, you must throw it into the soil in the future stone called" genius Kazakh. Kazakh status to the right of future generations through arts education, we predict that our future will be bright. Educated generation can not ұспаққа country. "The nation's culture and national art" is a great word to the youth of the future.

Keywords: composition, music education, art, heritage, culture and national art.

Қазақтың күй өнері ғасырдан ғасырға, атадан балаға, ұстаздан шәкіртке, жең ұшынан жалғасып келе жатқан қайталанбас қасиетті өнер болып табылады. 2014 жылдың 28 қараша күні Париж қаласында өткен ЮНЕСКО-ның штаб-пәтеріндегі отырыста «Күй өнері – қазақ ұлтының ғана төл өнері. Домбырамен күй орындаудың қазақ халқының бірлігі мен өзіндік ерекшелігін, ауызбіршілігін сақтаудағы атқаратын маңызы зор» деген сөз жазылды. [1]

Сөйтіп, адамзаттың мәдени мұрасы болып саналатын 10 мұраның қатарына қазақтың күй өнері қосылып отыр. Бұл қазақ халқының ғана емес, қазақ өнерінің де мәртебесін көтере түспек және ұлтымыздың мәдени тарихына қосылған сүбелі үлес деу керек.

Қазіргі жаһандану заманында жастар эстрадалық жеңіл әндерге, шоу бағдарламаларға қызығып жүрген кезде ұлт тәрбиесіне жете мән берілмей жүргенін көзіміз көріп жүр. Қазақ ұлтының төл өнері күй, қисса-дастан, жыр, өсиет-термелердің теледидардан және радиодан, концерт сахналарынан сирек көрінуі ойлы азаматтардың жанын жегідей жеп жүргенін сезіп жүрміз. Жалпы, жаһандану саясаты түптеп келгенде ұлт атаулының өзіндік ерекшеліктерін, даралығын жояды. Бұл жерде космополитизмнің де иісі аңқып-ақ тұр. Әрине, «бәріміз бір «Жер» атты планетада өмір сүріп жатырмыз, ұлттар бөлінбеу керек» деген т.с.с. дәйектер айтылады, дей тұрғанмен, ұлт ерекшелігі оның тілінен, салт-дәстүрінен, тегінен және т.б. көрінеді.

Біз, оқытушылар, балаға білім беру жағынан кенде емеспіз, бірақ тәрбие беруге келгенде ақсап жатамыз. Атақты А. Эйнштейннен сұрапты: «Баланы тәрбиелі етіп өсіру үшін не істеу керек деп ойлайсыз?» деп, сонда ол «Балаларға ертегі оқып беріңіздер» деген екен. Бұл нағыз ғұламаның сөзі деп айтар едік. Ертегі айтылған жерде ауыз әдебиеті де, жазба әдебиеті де, мәдениет те, тарих та, география да, музыка өнері де қамтылады. Біздің қозғайын деп отырған тақырыбымыз – «Күй өнері арқылы жас ұрпаққа тәрбие беру». Сіз күйді тыңдамай, білмей, түсінбей-ақ қойыңыз, домбыра тартпай-ақ қойыңыз. Күйдің тек атына ғана шолу жасай отырып, балаға оң тәрбие беруге болады деп толық айта аламыз. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысалдар келтіре кетейік.

ЮНЕСКО ұйымы «Қазақ халқының ата-бабалары осыдан бес мың жыл бұрын жылқы малын қолға үйреткен, сауып сүтін ішкен, мініп көлік еткен» деген деректі өз мұрағатына алтын әріппен жазып қалдырған болатын. Қазақ халқында 6 мың күй бар деп Ақселеу Сейдімбек ағамыз айтып кетіп еді. [2]

Қазір ғалымдар, өнер зерттеушілері «10 мың күй бар» деп айтып жүр. Сол күйлердің көпшілігі жылқы малына арналған.

1. «Жылқы малына арналған күйлер». Атап айтсақ, «Көк ала ат», «Қара жорға», «Торы ат», «Қара қасқа ат», «Боз жорға», «Бозшолақ», «Майда жал», «Тел қоңыр», «Торы жорға», «Торы аттың кекіл қақпайы», «Торы жорғаның табақ тартуы», «Сал күрең», «Мың жылқы», «Ат жортақ», «Балжыңгер», «Тепеңкөк», «Жетім торы», «Сылаң торы», «Көкбалақ», «Жібек жал», «Желқара», «Ат қалған», «Боз айғыр», «Жирен жорға», «Исатайдың Ақтабаны-ай», және т.б.

Мысал ретінде Сүгірдің «**Мың жылқы**» күйін алайық.

«Он жылқы» емес, «Жүз жылқы» емес, «Мың жылқы». Жылқы малы сұлу, тәкаппар, қайратты, шыдамды, жүйрік жануар екені баршаға белгілі. Дүние жүзінде автомобильдің күшін жылқының күшімен есептейтіні белгілі. Ал енді, осы жануарға қыруар күтім керек, мезгілінде жемдеу, баптау, тарау, сылап-сипау, емдеу, бәйгеге қосу және т.с.с. Бұл жануарды күтіп-баптау еңбекқорлықты, сабырлықты, ақылды

кажет етеді. Ертеде мың жылқы бір үйір болып есептелген, қазір олай емес. Қазір елу жылқыны, жүз жылқыны бір үйір деп айта салады.

1929-1933 жж. арасында Қазақ жеріне басшы болып И. Голощекин деген жауыз келеді де, өзімен бірге ашаршылық пен жұтты ала келеді. Ол «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген жарлық шығарады. Сол кездері кедей деген қазақтың шамамен 50 қойы, бес сиыры, екі жылқысы болған екен. Ал, бай-бақуатты қазақтардың малының есебі болмаған, ұсақ мал мен ірі қараны айтпағанда, оншақты, тіпті одан да көп үйір жылқылары болған. Бағып-қағу мен мал басын көбейтудің қиын екенін жоғарыда айтып кеттік. Сондай байлығы бар қазақ оспадар жарлыққа қалай шыдап отыра алсын! Сөйтіп, 1930-40 жж. арасында 3 млн. қазақ қырылады, ол сол кездегі қазақтардың жартысы болатын. Мінеки, Сүгір атамыздың бір ғана күйінің атынан жас ұрпақ мол тағылым мен тәрбие ала алады.

Демек, біз жылқы малы мен күй өнерінің арасындағы тығыз байланысты көріп отырмыз. Бұл біздің ата-бабаларымыздың бай-бақуатты болғанын көрсетіп тұр, және де ұлтымызға деген мақтаныш сезімін ұялатады.

2. «Ақсақ құлан» күйі. Қазақ күйлерінің аттарында «ақсақ» сөзі жиі кездеседі. «Ақсақ құлан», «Ақсақ құла», «Ақсақ киік», «Ақсақ тоқты», «Ақсақ қаз» және т.с.с. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде Қорқыттың қобызын көру үшін Арқадан жолға шыққан қырық қыз туралы аңыз бар. Қырық қыздың біреуі ақсақ болады. Сыр бойына сол ақсақ қыз ғана жетеді. Қалған отыз тоғызының ажалы жол азабынан, ит-құстан, ыстық-суықтан, желден, басқа да табиғи апатынан жетеді.

Қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында, Сырдария өзенінің жағасында орналасқан Қорқыт кесенесінің маңында «Ақсақ қыздың» моласы тұр.

Бұл жерде айтылатын бір әфсана бар. Адамның төрт құбыласы түгел болмайды. Егер түгел болса, адам құдайды ұмытып кетеді, өзін өлмейтіндей көреді. Зағип жанды көргенде көздің қадірін білу, шолақты көргенде екі қолдың қадірін білу керек. Бейіттерде жазылған «Біз сендердей болғанбыз, сендер де біздей боласындар» деген жазу ел аузында қалған көне сөздердің бірі болып есептеледі. Адам өзінің ажалды екенін түсініп, біліп жүргені абзал. «Ақсақ» сөзінің мағынасын да осы ойдың төңірегінен іздеген дұрыс деп ойлаймыз.

3. Қорқыттың күйі «Башпай».

«Бұл күй – Қорқыттың өлер алдында шығарған соңғы күйі» дейді халық. Қорқыттың аяғы байқамай қарындасына тиіп кетеді. «Мені көмгенде, башпайымды далаға шығарып көміндер, ит-құс жеп кетсін» деп Қорқыт өле-өлгенше өзін кінәлі санап өткен екен дейді [3].

Бұл жерде біз қарындасқа деген ізгі құрметті көреміз. Ал, қарындасқа құрмет деген сөздің қасында ана, әже, әпке, жеңге, жар, қыз, құдағай, құдаша, жалпы әйел затына деген құрмет көрініп тұр.

4. Құрманғазы «Кісен ашқан».

Бұл күйдің атымен Құрманғазы атамыз кейінгі ұрпаққа ой тастап кеткен. Күй атасы «Менің қолым мен аяғымда кісен бар, біз орыс империясының боданымыз. Бодандықтан бостандыққа жету керек. Кісенді ашыңдар, болашақта қазақ тәуелсіз ел болу қажет, осы күйді тыңдай отырып, қазақ халқының басынан өткерген тағдыр-тауқыметін біліп жүріңдер, егемендікке ұмтылыңдар» деп айтып тұрғандай.

5. Құрманғазы «Қызыл қайың»

Құрманғазы түрмеден қашып келе жатады да, үлкен қызыл қайыңды көреді. Қайыңның түбіне барып тығылады, қуғыншылар көрмей, өтіп кетеді. Үйіне аман-есен келген соң «Қызыл қайың» деп күй шығарады. Күй тек бір ағашқа арналған деп айтсақ, ол саяз ойлау болар еді. Атамыз қазақтың тау-тасы, ағашы, өзен-көлі, жалпы қазақ даласының табиғатына риза болып тұр. «Мені орыс қуғыншыларынан қорғап қалған қазақтың бай табиғаты» деп айтқысы келгендей әсер қалдырады.

6. Құрманғазы «Аман бол шешем, аман бол»

Күйші күйін анасына арнаған. «Жұмақтың кілті ананың табанының астында» дейді дана халық. Күйдің атына жете мән бере отырып, жас ұрпаққа ананы сыйлауды, құрметтеуді үйрету әр саналы, тәрбиелі азаматтың парызы дер едік [4].

7. Халық күйі «Нар идірген»

Бұл күй әр өңірде әр түрлі нұсқада тартылады. Тарихын қысқаша айта кетейік. «Бір байдың түйесінің ботасы өліп, иімей қояды. Бай күй тартып, идірген өнерпазға қызымды беремін дейді. Сол жиынға бір шал, бір жігіт, бір жас бала келеді. Үшеуі кезекпен күй тартады. Шал өз күйімен нарды идіріп жібереді. Шалға тигісі келмеген қыз түйенің желінін қысып ұстап, кезек жігітке келгенде сауа бастайды. Жас бала қызға қолым жетпеді деп өкініп күй тартады».

Осылай «Шалдың тартқаны», «Жігіттің тартқаны», «Баланың тартқаны» деген атпен «Нар идірген» күйі ел құлағында қалды. Жоғарыда айтып кеткендей, бұл күй өнері мен жан-жануардың байланысын көрсетеді, әрі домбыра аспабының қасиетін аша түседі.

8. «Аққу» күйі.

Бұл киелі құсқа арнап күй шығармаған күйші кемде-кем. Аққу сыңарынан айырылғанда, өзін биіктен жерге тастап өлтіреді екен. Бұл күй адамдарға «тату болындар, махаббаттарың мәңгі болсын, бір-біріңнен айрылмандар» деген ізгі ой тастайды.

9. Сейтектең күйі «Заман-ай».

Күй 1915-16 жж. шыққан. Бірінші дүниежүзілік соғыс жүріп жатқан кез болатын. Орыс әскерлері қазақ даласына келіп, зорлықпен ер адамдарды окоп қазуға деген желеумен айдап алып кетіп жатады. Қазақ халқының басына түскен сол зұлматты көзімен көрген Сейтек «Заман-ай» деп, зарланып күй шығарады. Бұл күйді күй - жоқтау деп айтуға болады.

Біз аз ғана мысал келтірдік. Енді, «Күй» сөзінің этимологиясына да бір тоқталып өтейік. Қазақ жағдай сұрасқанда «Күйлі-қуатты барсыз ба?» немесе «Көңіл күйіңіз қалай?» дейді. Демек, «күй» сөзі тек бір адамның ғана емес, бір отбасының, бір ауылдың, бір өңірдің, жалпы бүкіл халықтың көңіл-күйі, тұрмыс-тіршілігі деп түсінген жөн. Жоғарыда айтылған он мың күйдің атына шолу жасай отырып, талғампаз тыңдарман қазақ ұлтының терең тарихымен таныса алады.

«Өткенге топырақ шашсаң, болашақ сені таспен атады» дейді данышпан қазақ. Біз қазақтың күй өнері арқылы келер ұрпаққа оң тәрбие бере алсақ, біздің болашағымыз да жарқын болары сөзсіз. Тәрбиелі ұрпақ қана елімізді ұшпаққа шығара алады. «Ұлт тәрбиесі – ұлттық өнерде» дегенді астын сызып айтқымыз келеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. kaztag.info/news/detail.php?ID=322764
2. Сейдімбек А. «Күй-шежіре». – Алматы, 1992. – 14 бет.
3. Қоңыратбаев Ә., М. Байділдаев «Қорқыт ата кітабы». – Алматы, 1986
4. Жұбанов А. «Құрманғазы күйлері қалай шыққан». – Алматы, 1993

ӘОЖ: 78:004

МРНТИ: 18.41

А.Б. Рузденова¹

¹ ҚазМемҚызПУ магистранты, Алматы қ., Қазақстан

МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН КОМПЬЮТЕРЛЕНДІРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Мақалада музыкалық-компьютерлік технологияларды музыканы оқыту саласында қолдану ерекшеліктері және олардың маңыздылығы қарастырылады. Музыкалық-компьютерлік технологиялардың музыкалық білім беруде маңыздылығы және осы уақытқа дейін олардың дамуы және қалай қолданып жүргені талданған. Бүгінгі күні нота редакторлары бағдарламаларының көмегімен ноталық мәтін құру ерекше орын алады. Оларды орындауда бірнеше талаптар ұсынылады. Нота редакторлары бағдарламаларының тәжірибеде қолдану атқарушы қызметінің техникалық компонентін автоматтандыру арқылы, ол іс жүзінде орындаушы авто сүйемелдеу функциясының арқасында ойнау үшін үлкен еркіндік береді. Компьютер, көптеген музыкалық пәндер үшін библиографиялық және энциклопедиялық мәліметтердің құнды көзі болып табылады. Ол сондай ақ тележабдықтарды қолдану арқылы «жаттықтырушы» қызметін де атқарады. Компьютерлік технологиялар уақытты тиімді пайдалануға, студенттердің шығармашылық әлеуетін асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушының қажеттілігін қанағаттандырып қана қоймай, музыкалық логикалық дамуына өз үлесін қосатыны негізделген.

Түйін сөздер: музыкалық-компьютерлік технологиялар, музыкалық редактор, музыкалық компьютерлік синтезатор

Аннотация

А.Б. Рузденова¹

¹ магистрантка КазГосЖенПУ, г. Алматы, Казахстан

ВАЖНОСТЬ КОМПЬЮТЕРИЗАЦИИ В СИСТЕМЕ МУЗЫКАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

В данной статье рассматриваются особенности и важность музыкально-компьютерных технологий в области музыкального образования. Проанализированы важность применения музыкально-компьютерных технологий, истории развития по мере их использования. В настоящее время с помощью программы нотных редакторов создаются нотные тексты. При выполнении компьютерных технологии предложены несколько требований.

Применение на практике программ нотных редакторов позволит автоматизировать технических компонентов и исполнитель с помощью автоисполнения получит свободу при исполнении. Компьютер для многих музыкальных дисциплин является ценным источником информации как библиографической, так и энциклопедическими. Он также с помощью телеоборудования играет роль как "тренера". Компьютерные технологии позволяют эффективное использование времени и увеличат творческий потенциал студентов. Вместе с тем, это поможет исполнителю удовлетворить свои потребности, а также позволит музыкально логического развития.

Ключевые слова: музыкально-компьютерные технологии, музыкальный нотный редактор, музыкально-компьютерный синтезатор

Abstract

A.B. Ruzdenova¹

¹ master's student, Kazakh State Women Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

IMPORTANCE OF COMPUTERIZATION IN THE SYSTEM OF MUSIC EDUCATION

This article examines the features and importance of music and computer technology in the field of music education. The importance of using music and computer technology, the history of development is analyzed. Currently, with the help of the program of the musical editor is created the note texts. There are several requirements are imposed. The use of music editor programs in practice will allow to automate technical components and the performer will have freedom to execute with the help of auto-performance. The computer for many musical disciplines is a valuable source of information both bibliographic and encyclopedic. He also plays a role with the help of teleequipment as a "coach". Computer technologies allow the effective use of time and increase the creative potential of students. In the meantime, it will help the learner to satisfy his needs, and will also allow musical logical development.

Keywords: musical computer technologies, music notation editor, musical computer synthesizer

Музыкалық компьютерлік технологиялары термині қазіргі таңда кеңінен қолданылады. Ол XX ғасырдың соңында ғылыми және ғылыми-технологиялық революцияның нәтижесінде пайда болған жаңа құбылыстардың тұтас жиынтығын білдіреді. Термин музыка саласының түрлі бағыттарында қолданылады. (мысалы нота жазу және музыкалық орындау; нота жазу және дыбыс жазу). Музыкалық компьютерлік технологиялар – компьютердің қолдануымен музыкалық материалды дамыту, түрлендіру, жүзеге асыру арқылы жүзеге асырылады. Музыкалық компьютерлік технологиялардың арқасында бар алуан түрлі және үнемі компьютерлік нысандарды жаңартылады, шығарған музыка, жазу, өңдеу, өзгертуге мүмкіндік береді, дыбысты іске асыру жеке тыңдау үшін орындауға және жалпылама аудио жазбалар түрінде, мультимедиялық аудиовизуалдық өнімдері түрінде жүзеге асырылады. Бұрын-соңды болмаған технологиялық мүмкіндіктер тарихи қалыптасқан музыкалық өндірістің және олардың функцияларын оңтайландырып, дәстүрлі кәсіби музыкалық бағытты өзгертіп, жаңа бағыт туындайды [1].

Ең алдымен қазіргі заманғы компьютерлік құралдарды ерекшеліктеріне қарай аппараттық және бағдарламалық, екіншіден- әмбебап және арнайы деп бөлуге болады. Аппараттық құралдар электронды және механикалық компонентін білдіреді. Бағдарламалық – компьютерлік бағдарламалардың мәтіні. Әмбебап құралдар тек қана музыка емес басқа да компьютерлік жұмыстарды орындауға бағытталған қажетті компонент болып табылады [2].

Нақты музыка құралдары тек музыкада қолданылады.

Әмбебап құралдары ретінде компьютер, компьютерлік платформа және операциялық жүйені қараймыз. «Персоналды компьютерлер» XX ғасырдың 80-ші жылдары пайда болды. Персоналды компьютерлер өзінің әмбебаптылығымен жалпы қолданушыларға түрлі салаларда, оның ішінде музыка саласында да технологиялық серпінділік берді.

Заманауи компьютердің компоненттерін атап өтейік:

- орталық процессор;
- келісімді блок («аналық плата» аталатын);
- есептеулердің нәтижелері мен мәліметтер, бағдарламалар сақталған электрқуатына тәуелді және электрқуатына тәуелсіз жады;
- деректерді енгізу құралы
- деректерді шығару құралы
- компьютерлердің тікелей байланыс құралдары
- ақпарат тасушылар.

Музыкалық компьютерлік бағдарламалармен жабдықталған қуатты персоналды компьютер және музыкалық персоналды компьютер (МПК), студенттердің творчестволық қабілеттерін дамытуға арналған құрал ретінде үлкен қызығушылық танытады [3].

Музыкалық-компьютерлік шығармашылықтағы жаңа бағыт келесі қызмет түрлерін қамтиды [4]:

1) өңдеуші бағдарламаларда жұмыс жасау;

2) музыкалық дизайнерлер бағдарламаларына негізделген композиция, сондай-ақ MIDI-редакторлар бағдарламалары және бағдарламалық-аудио редакторы;

3) нота редакторлары бағдарламаларының көмегімен ноталық мәтін құру;

MIDI «Musical Instrument Digital Interface» ағылшын сөздерінің аббревиатурасы болып табылады және «электрлі музыкалық аспаптарға сандық ақпаратпен бөлісу әдісін білдіреді» және «электронды музыкалық аспаптар арасындағы деректермен алмасу стандарты»

Аудиофайл – бұл, әдетте, музыкалық дыбыстың нақты компьютерлік жазбасы, немесе акустикалық тербелістердің компьютерлік бекітуі.

Аудиоредактор – бағдарламалары аудиофайлдардың компьютерлік өңдеуі үшін кең мүмкіндіктерін ұсынады.

Бұл – компакт-дисктердің музыкалық персоналды компьютермен (МПК) бірігуі, музыка педагогтары мен білім алушыларға түрлі музыкалық ақпараттарды өңдеуді қолжетімді етеді (аудио, видео, графикалық және т.б.)

Мұндай технология, мысалы, қандай да бір музыкалық шығарманы тыңдап қана қоймай, сондай-ақ сол шығарманы орындаудағы үздік, көрнекі өкілдердің орындау ерекшеліктерін салыстыруға болады.

Бұл педагог-орындаушылар, сол сияқты музыка тарихының педагогтары үшін көп мүмкіндіктерді ашады: орындауды суреттейтін сөздік қиын сипаттама орнына аудиомәлімет келеді, оны бірнеше рет шексіз ойнатуға болады.

Электронды ақпарат алмасу оқытушылар мен студенттер арасында сындарлы диалогқа ынталандырады: (Mail, Yandex, Google және басқа да.) іздеу жүйелері концерттік орындауларды тыңдауға, бейнероликтерді демонстрациялауға кең мүмкіндік береді.

Композициямен қызығушылығы бар немесе композиторлық бөлімдерде кәсіби білім алушы студенттерге өздерінің алғашқы жазған шығармаларымен (немесе дыбыс жазбаларымен) көптеген аудиторияларда интерактивті бөлісуге, сондай ақ қызықты шығармашылық табыстарына кәсіби баға алуға кең мүмкіндік бар.

Музыкалық-компьютерлік технологияларға қатысты әдістемелік ұсыныстар төмендегілерден тұрады:

1) алған білімі мен дағдысын компьютерлік аранжировканы меңгеруде қолдану (оқытушы. И.Н. Третьяков);

2) алған білімі мен дағдыларын синтездеу, музыкалық фрагменттерді өңдеу және компьютерлік анализ жасауда қолдану (доц. С.А. Филатов);

3) шығармашылық педагогика арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту (мысалы, музыкалық-компьютерлік технологиялар негізінде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстар жүргізуде қолдау)

Компьютерлік бағдарламалар сондай-ақ аспапта ойнауды үйретуде, музыкалық есту қабілетін дамытуда, музыкалық шығармаларды тыңдауды өткізуде, әуенді теруде, аранжировкада, импровизацияда, нота мәтінін теруде және өңдеуде қолданылады. Компьютерлік бағдарламалар аспаптың диапазонын анықтауға, орындаушының өте еркін орындауын, штрихтар мен динамикалық бояуларды орындауын, артикуляция және т.б. мүмкіндік береді. Сондай ақ компьютер «оркестрмен» шығарманы жаттауға мүмкіндік береді. Ол сонымен қатар дирижерлауда «жаттықтырушы» (тележабдықтарды қолдану арқылы) қызметін де атқарады. Компьютерлік бағдарламалар музыка тарихы курсына әуеннің (тақырыптың) музыкалық-есту талдауын жасауға мүмкіндік береді. Компьютер, көптеген музыкалық пәндер үшін библиографиялық және энциклопедиялық мәліметтердің құнды көзі болып табылады. Компьютерлік презентациялармен кең тараған жобалық тапсырмалар, иллюстрацияларды (материалды) анағұрлым анық ұсынуға мүмкіндік береді. Білім беруде жаңа ақпараттық технологияларды енгізу, қалыптасқан ұйымдық нысандары мен оқыту әдістерін анықтайды.

Музыкалық редактор сияқты, музыкалық компьютерлік синтезатор да орындаушылық қызметінің жаңа технологиясын ұсынады.

Атқарушы функцияларының бір бөлігін, атап айтқанда, оның қызметінің техникалық компонентін автоматтандыру арқылы, ол іс жүзінде орындаушы актінің бір сыбайласы болып, музыка және, негізінен авто сүйемелдеу функциясының арқасында ойнау үшін үлкен еркіндік береді. Сонымен қатар, оқытушының қажеттілігін қанағаттандырып қана қоймай, сонымен қатар музыкалық логикалық дамуына өз үлесін қосады.

Музыкалық редакторлардың түрлі деңгейдегі және сатыдағы көп мөлшерде түрлері бар: қарапайым түріне бір дауысты музыкалық редактор сияқты бағдарламаны жатқызуға болады, Новокузнецк

мемлекеттік педагогикалық институтының информатика және техникалық есептегіш кафедра қызметкерлері О.А. Соседко, С.П. Полозов және М.С. Можаровтармен жасалған, бес дауысты Musikal Editor (Dialogue, Rust.), М.И. Глинка атындағы Новосібір мемлекеттік консерваториясының жанындағы Новосібір компьютерлік зертханасында әзірленген жеті дауысты MUSAGED, MIDIGED и TRANS, орташа, әуесқойларға – Ballade (Dynaware), Cubase (Steinberg), Encore (Passport Designs); кәсібилерге – Cakewalk (Twelve Tone Systems), Digital Orchestrator Voyetra (Technologies), Finale (Coda Musik Technologu), Logic Audio (Emagic), Master Trecks Pro (Passport Designs), MIDI Orchestrator (Voyetra Technologies), Studio 6 (Midisoft) және Vision (Opcode Systems). Осы аталған бағдарламалардың барлығында музыкалық ақпараттардың кіріс және шығысының дәстүрлі әдістері қолданылады. Шығармашылық Makin Musik (М.Субботник), нота сауаты жоқ, музыкалық шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған бағдарламасында, музыкалық мәтінді электрқабылдағыш сым желісінде орналасқан құстар арқылы, суреттер салумен және басқа да әдістер арқылы жеткізуге болады.

Оқыту бағдарламаларында келесі талаптар қойылады:

1. Оларда белгілі дидактикалық принциптер – мазмұнның ғылымдылығы, оның түсінікті болуы, оқушының ойлау қабілетінің сергектігі, қарапайымнан қиынға бірте-бірте түсу, оқушының қатесін түзеу.
2. Методикалық кеңеспен көмектесудің өзгермелі деңгейі. Басында кеңестердің көп болуы, оның бірте-бірте материалды меңгергеніне қарай азаюы.
3. Үйретілген материалды бекіту үшін оқу тапсырмаларын белсенді қодану. Оқу процесіне алған ақпаратты оқушы оқу тапсырмаларын орындаған кезде қолданбаса, оны ұмытып қалады.
4. Оқу материалы анық та түсінікті жазылуы керек, бағдарлама оқушыны қызықтыру керек. Бағдарламамен біржақты жұмыстану, пікірталастың жоқтығы жалықтырып жіберуі мүмкін.
5. Мектепке арналған бағдарламалар шағын бөлшектерге бөлінген фрагменттік түрде, әр түрлі фарианттарды, яғни оқытушы әр оқушымен жеке немесе бүкіл сыныппен де жұмыс жасауына мүмкіндік беретіндей болуы керек.
6. Бағдарламаны таңдағанда оқытушы жұмысының қиындығы жаңа тақырыпты түсіндіру емес, оны меңгертіп, бекіту екенін ескеру керек. Бір типтегі тапсырмалар орындату, қайталай беру, бір ережені қолдана беру оқушыларды жалықтырады. Міне, тап осы сәтте бағдарлама мұғалімге көп көмегін тигізуі тиіс.
7. Пайдаланушының интерфейсі өте қарапайым болуы керек, өйткені компьютер оқушыны сабақтан басқа нәрсеге алаңдатпауы тиіс. Текст материалының жазуы үлкен әріптермен жазылып, оңай оқылуы тиіс.
8. Оқыту бағдарламасының оқытушы үшін әрбір оқушының жұмысының хаттамасын, яғни қорытындысын экранға немесе принтерге шығаруға мүмкіндігі болуы тиіс.
9. Сонымен қатар бағдарламада қатені анықтау және түзеу принципі жүзеге асу керек. Оқытудың қарапайым түрінде, мысалы оқушы өз жұмысының қатесін көп уақыт өткеннен кейін біледі. Бақылау жұмысы өткеннен кейін де оқушы сол қатені бірнеше рет қайталауы мүмкін. Ал мұнда ол қатесін бірден түзетеді.
10. Оқу бағдарламасын таңдағанда педагогтардың да жағдайы ескерілуі қажет. Олардың көбі компьютермен жұмыс жасауға арналмаған бағдарламамен жұмыс істеп жүр. Бұл жағдайда компьютерлік бағдарлама оқытушының оқу жоспары мен бағдарламасын, сабақ беру методикасын түпкілікті өзгертуге әкеліп соқпауы керек. Бұл жаңалық тек оның сабақтың классикалық түріндегі стандартты бағдарламамен жұмысына көмектесіп, жеңілдетуі тиіс.

Қазіргі заманғы жаңа әдістер, жеке-бағдарланған және дамыта оқыту, оқу-тәрбие жұмыстарының барлық сатыларын нығайту, оның тиімділігін және сапасын арттыру мақсаттарын жүзеге асыруға негізделген. Жаңа технологияларды оқу процесінде қолдану, нақты-бейнелі және теориялық ойлауды, студенттердің шығармашылық, интеллектуалды әлеуетін дамытуға оң әсерін тигізеді. Музыкалық білім жүйесіндегі компьютерлік технологияларды дамыту болашаққа қажетті және маңызы мол. Компьютерлік технологияларды дұрыс және жүйелі пайдалану, студенттерге, оқытушыларға, зерттеушілерге уақытты тиімді пайдалануға, шығармашылық әлеуетін іске асыруға мүмкіндік береді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1 Бекенова Д.У., Мухатаева Ж.А. Информационные технологии в музыкальном образовании [Текст] // Актуальные задачи педагогики: материалы III Междунар. науч. конф. (г. Чита, февраль 2013 г.). – Чита: Издательство Молодой ученый, 2013.

2 Стражникова Татьяна Ивановна, *Современные технологии обучения в музыкальном образовании*, Научный журнал КубГАУ, №84(10), 2010 <http://ej.kubagro.ru/2012/10/pdf/56.pdf> УДК 37:001.12/18

3 Романенко, Л.Ю. *Музыкально-компьютерные технологии в школе цифрового века* / А.М. Воронов, И.Б. Горбунова, А. Камерис

4 Горбунова И.Б. *Музыкально-компьютерные технологии в подготовке педагога-музыканта* // Проблемы музыкальной науки. 2014. № 3 (16). С. 5–11. Горбунова И.Б., Камерис А. *Концепция музыкально-компьютерного образования в подготовке педагога-музыканта* : монография. – СПб., 2011. – 115 с.

УДК 373.1.02.
МРНТИ 14.25.05

Ж.Р. Жармағанбетова¹

¹ аға оқытушы, магистр, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, Арқалық қ., Қазақстан

МУЗЫКА АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру барысында бүгінгі өркениетті дүниеде болып жатқан өзгерістерді ескеріп отырумен қатар, өз халқының ұлттық мәдени-тарихи, әлеуметтік жағдайына мән беу қажеттілігі айтылған. Бастауыш сынып оқушыларына музыка арқылы ұлттық тәрбие беру жолдары жан-жақты қарастырылған. Осы мәселе жөнінде ағартушы ғалымдардың ой-пікірлері мен тұжырымдарына сараптама жасалған.

Балалардың ұлттық тәрбиесіне негізгі бағыт беретін өнердің бірі – музыка өнері жайында мәліметтер беріліп, мектеп бағдарламасындағы фольклорлық шығармалардың тәрбие беруде маңыздылығы жөнінде жазылған.

Бастауыш сыныптардағы музыка сабағы тақырыптарына сараптама жасалып, олардың мазмұнының сан алуандығы, оқушылардың өз ана тілінің құдіреттілігін, өз халқының дәстүрін, ұлттық мәдениетін, табиғат, оның байлықтарын, қоғамдағы гуманистік өзгерістерді тануына жол ашады деп қорытынды жасаған.

Кілттік сөздер: Ұлттық тәрбие, музыка өнері, ұлттық мінез-құлық, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлтжандылық, музыканы қабылдау, музыкалық тіл.

Аннотация

Ж.Р. Жармағанбетова¹

¹ старший преподаватель, магистр, Аркалыкский государственный педагогический институт имени И.Алтынсарина, г.Аркалык, Казахстан

ОСНОВЫ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО НАЦИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ В ОБРАЗОВАНИИ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ ЧЕРЕЗ МУЗЫКУ

В этой статье обращено внимание на национальное культурно-историческое социальное положение народа, где в процессе образования и воспитания молодого поколения учитываются изменения происходящие в цивилизованном мире. Комплексно рассмотрены пути национального воспитания через урок музыки у учащихся начальных классов. Свою мысли и заключение по данной проблеме высказывают ученые и просветители. Написана важность передачи воспитания к фольклорным произведениям в школьной программе которая рекомендуется как основное направление национального воспитания детей, где передается информация об искусстве музыки.

Синтезируются темы музыки в начальных классах, разнообразие их содержания, обсуждаются выводы в том, что открывается дорога познания, гуманистические изменения в обществе, величие родного языка, традиции национальная культура, ее богатства.

Ключевые слова: Национальное воспитание, искусство музыки, национальный характер, обычай, традиции, любовь к нации, восприятия музыки, музыкальный язык.

Abstract

Zh.R. Zharmaganbetova¹

¹Senior Lecturer, Master of pedagogical Sciences, Arkalyk State Pedagogical Institute named after I.Altynsarin, Arkalyk, Kazakhstan

BASIC OF PEDAGOGICAL NATIONAL EDUCATION OF PUPILS IN FORMS THROUGH MUSIC

This article pays much attention to the national, culture – historical and social state of the people where in the process of educating and training younger generation changes in civilized world are taken into consideration. The ways of national education are examined through music classes at primary school. Basic of pedagogical national education of pupils in forms through music. This article is decaled with the educational meaning of vocal song of Kazakh people. Scientists and educators are also concerned with this problem, because children get information about art of music through folklore art. Traditions of national culture lead pupils to their cognition of the world and the language they speak.

Key words national upbringing, art of music, national character, customs and traditions, love for the nation, reception of music, music language

Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру барысында бүгінгі өркениетті дүниеде болып жатқан өзгерістерді ескеріп отырумен қатар, өз халқының ұлттық мәдени-тарихи, әлеуметтік жағдайына назар аудару қажет. Мұндай жағдай басшылыққа алынған жерде, ұлттық мектептің мақсаты адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына дарытқан парасатты тұлғаны тәрбиелеу болып шығады.

Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің басты міндетінің бірі ретінде көрініс тапқан. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының бұл заңында: «Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» керектігі белгіленген [1,12 б.].

Қазіргі оқушылардың өмірлік ұстамдары мен бағыттары бұрынғыдан мүлдем өзгеше екендігі ақиқат. Сондықтан да олардың тәрбиесінде ғаламдану дәуірінің идеяларына түбегейлі еніп кетпейтіндей, дәлірек айтқанда, «жаңаға бет бұру – өткенді ұмыту» еместігін растайтындай тәрбие беру, яғни оқушыларды елін, жерін, туған Отанын, тілін сүйуге тәрбиелеудің қажеттілігі туындайды.

Қазақ халқының ұлттық дүниетанымын, сана-сезімін, адамгершілік, ізгілік сапаларын балалардың бойына сіңіру үшін бастауыш сыныптан бастап оқушылардың ұлттық тәрбиесін қолға алу, оның теориялық негіздерін айқындау және іс-тәжірибеде іске асырылуын қамтамасыз ету педагогика ғылымының көкейкесті мәселесі болып табылады.

Жас ұрпақтың санасын шыңдауға қызмет ететін білім жүйесін қалыптастыру сол ұлттың төл болмысымен санасу арқылы жүзеге асырылған жағдайда ғана ұлттық тәрбие тағылымдары, даналық ойлары, музыкалық мұралары жас буынның рухына негіз болып қаланып, болашаққа бағыт жасап, ұрпақтар арасында сабақтастық үзілмейді.

Әсіресе, «Өнер алды – қызыл тіл», «Жер астында жатқанды – қазбай жатып тіл табар» деп саналы сөзді сары алтыннан артық бағалаған халқымыз тілді тәрбиенің пәрменді құралы, ақыл ойдың асыл қоймасы деп таныды. Қазақтың айтыс өлеңдерінде, терме толғауларында, бесік жырларында, ертегі аңыз әңгімелерінде, мақал-мәтел, накыл сөздерінде ел тағдыры, келер ұрпақ қамы, бас бостандығы, адамгершілік, ар-ождан мәселелері жан-жақты сөз болып, дидактикалық ақыл-өсиет, насихат түрінде айтылып, жастарға өнеге айту, тәлім тәрбие беру көзделеді.

А.Байтұрсынов өз еңбектерінде қазақ балалар фольклорының «өтірік өлең», «жұмбақ», «жаңылтпаш», «жарапазан», «бесік жыры», «бала уату», «тұсау кесу» тәрізді жанрларының мәнін түсіндіре келіп, олардың тәрбиелік мәнін ашып көрсеткен. А.Байтұрсынов ұғымында білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ ғана, ал біліктілік дегеніміз білімнің жеткілікті ғана емес, сол білімді іске асыра білу дағдысы [2,318 б.].

Мектеп оқушыларының оқыту, тәрбие мәселелеріне арнайы көңіл аударған қазақ әйелдерінің арасынан әлеумет өмірінде алғаш көрінген ұлт жанашыры Нәзіпа Құлжанова болды. Ғалым 20-ғасырдың өзінде-ақ бастауыш сынып және мектепке дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктерінің байланысын анықтап, ұлттық дүниетанымының қалыптасуын жүйеледі [3,8 б.].

М.Жұмабаев кезінде қазақтың ұлттық мектебі қандай болуы керектігі жайлы ғылыми-педагогикалық терең пайымдау жасаған. «Қазақтың тағдыры, келешегі, ел болу да – мектептің қандай негізге құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді сау, берік һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегімізге тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт» – дей

келе... «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті», деп ұстаздарға биік талап қойған [4, 23 б.].

Қазіргі педагогика ғылымы саласында жас ұрпақты халық музыкасы арқылы ұлттық рухта тәрбиелеу мәселесі жан-жақты да терең зерттеле бастады. Бұл орайда С.А. Ұзақбаева, М.Х. Балтабаев, Т.Қышқашбаев, Р.К. Дүйсенбінова, Ж.М. Ақпарова, Е.Қозыбаев т.б. еңбектерін атап айтуға болады.

Балалардың ұлттық тәрбиесіне негізгі бағыт беретін өнердің бірі – музыка өнері. Бұл өнер түрі қоғамдық формациядағы халықтың тұрмысын, саяси хал-жағдайын, іс-әрекетін, мінез-құлқын тереңірек, көркем түрде түсінуге жол ашып, адам баласын алуан түрлі біліммен қаруландырады, адам жанын нәзік сезімдерге бөлейді.

Музыка адам өмірінің алғашқы күндерінен бастап-ақ әсер етеді. «Бесік жыры» орындалғанда нәресте тынышталады, ал сергек «Марш» орындалса өзгеше нысан байқалады, қимылы жиілейді. Бұл сияқты эмоциялық әсер нәрестені ерте бастан-ақ музыкаға баулуға, эстетикалық тәрбиенің белсенді көмекшісі етуге мүмкіндік береді.

Қазақ халқының ежелден қалыптасқан шығармашылық өнерінде тұрмыс-салт, театр, шешендік өнер, би мен ән-күй бір-бірінен бөлінбей, біртұтас күйінде көрінеді. Өнер шығармаларында адам тәрбиесі, қоғам мәселелері елеусіз қалмай, жырланып, насихатталып келген. Халық даналығынан туындап отырған өнер шығармалары – жас ұрпақты тәрбиелеу үшін қажет болған ұлттық тәрбие негіздері. Жеткіншек жас буынды шешен сөйлеуге тәрбиелеу, саз аспаптарында ойнап, ән-күй сайысына қатыса білуге үйрету сияқты тәрбие көздері халық өмірінде үлкен орын алып таралып отырған. Музыка өнерінің тәрбиелік мәніне ертеден көңіл бөлінгенін бізге жеткен көне мәдениет жазбаларынан байқауға болады («Тотынама» ертегілері, «Кабуснама» тәрбиелік ой жинағы, т.с.с.). Жеткіншек ұрпақтарды туған елін, жерін сүйуге, мәдениетін, өнерін эстетикалық тұрғыда сезіне білуге, ізеттілік, парасаттылық, адамгершілік сияқты қасиеттерге тәрбиелеуде тақпақ сазды (речитативті) терменің маңызы зор.

Музыкалық тәрбие – адам баласының музыкалық мәдениетін, музыкалық ынта-қабілетін нысаналы және жүйелі дамыту, оның бойына музыкаға тебіреніп, елтіп, толғана білуді, оны түсінуді қалыптастыру мақсатын көздейді. Ол жасөспірімдерге әсер ете отырып, баланың рухани жан дүниесін байытады, өркениеттілігін қалыптастырады, дүниетанымдық көзқарастарын өсіреді.

Дәстүрлі философиялық толғау Асан Қайғы творчествосымен байланысты. Ел қамын ойлап, толғауларында дүниеде не жақсы, не жаман деген ұғым төңірегінде философиялық пікір тастаушы Асан Қайғы ой пікірлері оқушылар үшін мән-мағынасы жойылмаған дидактикалық қасиеті күшті тәрбиелік құрал. Халық қамын жеген, берекелі бірлікке, достыққа шақырып, сөз маржанын тізбектеп, терең ойды топшылаған Асан Қайғы: Таза мінсіз, асыл сөз, ой түбінде жатады, ой түбінде жатқан сөз, шер толқытса шығады, – деп толғана келе көрнекті ойдың адам сезімі мен көңіл-күйіне байланысты туатынын қорытындылап, философиялық тұжырым жасаған.

Оқушылардың сана-сезімін, ұлттық дүниетанымын дамытуда Бұхар жырау, Базар жырау, Жиенбай жырау, Тұрмағанбет Ізтілеуұлы, Нұртуған Кенжеғұлұлы, Нартай Бекежанұлы шығармашылықтарында кездесетін ұлағатты, ойлы ғибратты сөздердің орны ерекше.

Жалпы, педагогикада тұлғаны тәрбиелеу болса, термеде де дәл осы міндеттер тоқтаусыз қозғалады, яғни өсиет, нақыл сөздер тәрбиенің сан түрлі қырларын келер ұрпаққа жүктейді, жастарды еңбек сүйгіш, өнегелі, өнерлі, арлы азамат болуға үндейді.

Терме жанрының тәрбиелік мәніне тоқтала кетсек терменің басты міндеті – елге ізгі ұғымдарды тарату, халықты тарихтың тағлымы арқылы рухани жетілдіру, әрі эстетикалық ләззат беру. Терме өнерінің көркемдігі кемел, ғибраттылық қуанышы мол, асқақ та әдемі. Ерекше сүйкімді, тыңдаушының құлағын елітіп, жүрегін билейтін сазы, әуені, өздеріне лайық мақамы мен ырғағы бар. Өзінің халыққа ерекше ұнамдылығымен, өткен өмірдің көркемдік даналығын сол таза күйінде бүгінгі қауымға жеткізуге мүмкіндігі күштілігімен, бұрынғылардың ең жүрек жарды өсиетін, өмір сабағын, дүниетанымдық құбылыстарға берген бағасын, үміті мен арманын айта алатындығымен, терме жанры рухани байлығымыздың, мәдениетіміздің заңды мұрагері дей аламыз. Жас буынды парасатқа, биік адамгершілік, сергектік, әдептілік, ата-баба үлгі-өсиетін, қағидасын қадір тұту, кең ойлап үйренушілік, ұлттық рухта тәрбиелеуде қызметі ерекше. Терме дидактикалық пәрменділігі шешендік сауалдар арқылы «Біріншіден не жаман?» «Қайғысы қатты жау жаман» – деп оған қолма-қол жауап беріліп, тәрбиенің шұрайлы сөздері мен жүрек қағысын елітетін әуенімен қосыла отырып, тағылым сырлары төгіле береді. Сөйтіп тыңдаушының назарын негізгі мақсатқа аударып, ойландырып, адамның ақыл-ой санасына әсер етеді.

Музыка сабағында немесе сыныптан тыс концерттік сабақтарда, дәстүрлі ән үйірмесінде туған өлкенің мәдени өмірімен оның ішінде жыршылық-термешілік дәстүрімен таныстыру оқушылардың танымын арттырып, жан-жақты тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

Сәт Есенбаев Торғайдағы Аманкелді батыр бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан сарбаз. Осы көтеріліске арнаған көптеген өлең-жырлары, толғаулары бар, оның ішінде ең көлемділері «Аманкелді» дастаны мен жырлары. Ұлы Отан соғысы кезінде де ақын, Отанды, елді қорғауға шақырып көптеген өлеңдер, толғаулар шығарады. Сәт Есенбаевтың төмендегі терме сөздерінен педагогикалық тәрбиенің сан қырын көруге болады: адамгершілік тәрбиесі, отбасы тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, жалпы ұлттық тәрбие.

Терме, жырлар адамның ой-санасына, қимыл-әрекетіне үлкен әсер етеді. Онда өмірдің мәні, қоғамдық мәселелер, сан қырлы сырлар сарапқа салынады. Жастар ынтамен терменің әр сөзіне құлағын түріп, қалт жібермей тыңдаса, көкейіне түрткі салып, оның сана-сезімін оятады.

Көңілді басса көп қайғы,
Төгілер көзден жас болып.
Естіген құлақ суық сөз,
Жүректе жатар тас болып, –

деген Сәт ақынның терме шумақтарынан адамның ішіндегі жан сезімдерін, көңіл толқуын көруге болады. Өмірдегі жақсылық мен жамандықты, арамдық пен адалдықты шендестіре бейнелеп, өмірде шыншыл болуға шақырады. Осындай ғибратты сөздер ұрпақ тәрбиесіне әсер етіп жамандықтың, қиындық пен жан қиналысының, жақсылық пен қуаныштың ара жігін ажырата білуге тәрбиелейді.

Қайрылмас досыңнан бақ тайса,
Тектен-текке қас болып,
Желігер кейбір жігіттер
Көтере алмай мас болып.
Ақылына жеңдіріп,
Отырған дұрыс бас болып.
Опасыз, сұм-сұрқия
Шықпас сөзі рас болып.
Арыңды сатпа ер жігіт
Байлауда жатсаң аш болып, –

деп адам баласы қандай жағдайда болсын арын сақтауы керек деп тұжырымдайды.

Қайғының түпсіз теңізі,
Жақсының айтқан лебізі.
Абыройсыз қалдырар,
Көкіректің семізі [5,126.], –

деген жолдарда адамның орынсыз көкірек көтеруінің жақсылыққа апармайтынын айтып, жамандықтан сақтандырады. Сонымен қатар жақсы адам айтса шындықты айтатынын, ащы айтатынын ескертеді.

Білім мен тәрбие егіз ұғым екендігін ескерсек, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезеңдерінде жыраулар поэзиясындағы кездесетін тәрбиелік терме тағылымдарын оқушылар санасына әсерлі етіп жеткізе білудің жолдарын жаңа заман талабына сай ұйымдастыру маңызы өте зор. Өйткені, жыраулар поэзиясы, терме жанры бүгінгі оқушыларды «ата жолы – адамдық, ана жолы – адалдық» деген ұлағатты сөздің арнасында тәрбиелеуге негіз болатын, ұлттық сана-сезімнің қазығын нықтап бекітетін, тәрбиелік құндылықтарын жоймаған өнегелі істердің үлгісі болып саналады.

Оқушыларға музыка сабағында “Алпамыс батыр”, “Қобыланды батыр” жырларынан үзінді, Базар жыраудың “Жақсы мен жаман” толғауын, Жиенбай жыраудың “Бастау”, Нұртуған ақынның “Кәнеки, тілім, сөйлеші”, Нартай ақынның “Соңғы терме”, Тұрмағанбеттің “Жастарға өсиет” термелерін тыңдату қарастырылған. Егер бала жас кезінен бастап осындай көлемді эпикалық шығармаларды қабылдап, тыңдаса және түсіне білсе, онда халық өнеріне деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығы арта түсер еді.

Ақыл-ой мен дене жағынан дамуды, адамгершілік тазалық пен өмірге деген эстетикалық көзқарасты үйлесімді ұштастыру – әр тарапты сомдалған жеке адамды қалыптастырудың қажетті шарты. Балаларға музыкалық тәрбие беруді дұрыс ұйымдастыру көп ретте осы мәртебелі міндетке жету ісіне көмектеседі.

Жалпыға білім беретін мектептегі музыкалық тәрбие оқушылардың рухани өмірін байытып, музыкалық мәдениетін көтеріп, адамгершілік қасиеттерін жоғары дәрежеге жеткізуге, музыкалық өмірдегі құбылыстарды бағалауда бағыт береді.

Бастауыш сыныпта музыка сабағының басты мақсаты қазақ халқының әдет-ғұрыпын, салт-дәстүрін, өнерін қастерлейтін оның өмірімен байланысын түсінетін эстетикалық және музыкалық танымы дамыған рухани бай жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған. Туған елінің әндері мен күйлерін білу, туған жерін

құрметтеуге тәрбиелейді, ал қазақ халқының ой арманын музыка арқылы түсіну ұлттық үнді қабылдауға және әсемдікті сезіне білуге тәрбиелейді.

Балалардың музыкалық тәжірибесі неғұрлым бай болған сайын, олардың дербес шығармашылық еңбегі жемісті бола түседі. Себебі, көркем әсерлермен шебер байытып отыру балалардың өзіндік белсенділігін дамытуға жәрдемдеседі. Халықтың музыкалық – әдеби шығармашылығын таратуда отбасының (ата-аналардың, қарттардың), ән-күй, айтыспен сөзсіз қатар жүретін алуан түрлі ұлттық мерекелердің, сауық-сайрандардың, ойындармен жарыстардың қосқан үлесі мол.

Музыка сабағында ұлттық тәрбие беру қазақ балалар фольклоры материалдарының басым бөлігін құрайтын – халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінде («шілдехана», «бесікке салу», «балаға ат қою», «тұсау кесу», «тілашар тойы» т.б.) музыка әуендері ретінде орын алады. Бұл әуендер жеткіншектерді адамгершілік, имандылық, парасаттылық, инабаттылық тәрізді өнегелі қасиеттерге тәрбиелейді. Нақты айтқанда, балаға үлкенге ізет, құрмет көрсету, кішіге жанашырлық, қамқорлық таныту, ата-ананы ардақтау сияқты адамгершілік қасиеттер дарытып, ақыл-ойын дамытады.

Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты, музыканы қабылдау, ойлау жүйелерін жан-жақты дамыту, ұлттық тәрбие беру мақсатында музыканың адамдардың тұрмыс-тіршілігіндегі орнын, қоғамдық өмірдегі мазмұнын ұғындыру арқылы өзіндік көзқарастарын дамытуға ықпал етеді. Оқушылар дүниетанымы табиғат, адам, қоғам арасындағы тарихи кезеңдер мен қатынастар арқылы қалыптасады.

Әр ұлттың өзіне тән мінез-құлық, қызуқандылық ерекшелігі сол елдің музыка мәдениетінен қалай сезілсе, би өнерінен, қол өнерінен де сондай ашық, айқын сезіліп тұрады. Ұлттық жан-күй үйлесім ерекшелігі адамдардың отбасылық қарым-қатынасынан, киім кию түрлерінен, тұрмыстық салт дәстүрлерден ұлттық тағам түрлерінен айқын байқалады.

Ұлттық жан-күй үйлесімі үш бөліктен тұрады: ол – ұлттық сезім, ұлттық салт-дәстүрлер және мінез. Осы үш бірлік ұлттық мәдени ерекшеліктің шартты белгілері болып табылады. Ұлттық сезім дегеніміз – адамдардың туған жерге, өскен елге, ана тіліне, ұлттық салт-дәстүрге деген сүйіспеншілігін білдіруі [6,7 б.].

Ұлттық тәрбие беру музыка өнерінің ұлттық ерекшеліктері арқылы, салт дәстүрі, тәлім-тәрбие жөніндегі ұғымдар негізінде жүзеге асырылады. Халық фольклорындағы ән-күйлер арқылы ұлттық көріністері, нышандары, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрып, ұлттық ойындар, ұлттық мерекелер т.б. арқылы оқушы бойына ұлттық сезім қалыптасады.

Осылардың негізінде ұлттық мәдени салт-дәстүрлер арқылы ұлттық рухты қалыптастырудың, яғни ұлттық музыка және ұлттық аспаптар арқылы – өз халқының музыкасын, музыка өнеріне қатысты білімдерді игере отырып, ұлттық музыкамызды, аспаптарымызды, ұлттық ерекшеліктерімізді, қадірлей білетін оқушыны тәрбиелеу маңызды болмақ.

«Ән-күй – халық қазынасы» деген тақырып 1 – 4 сыныптардың музыкалық материалдарынан көрініс тапқан. Ауызекі шығармашылықта халық музыкасы (ән-күйлер, ертегілер, эпостар, музыка аңыздары т.б.) ұрпақтан ұрпаққа мирас болып қала отырып, оның таңдаулы үлгілері өскелең ұрпақты тәрбиелеудің таптырмас құралына айналды.

Бірінші сыныпта «Армысың музыка әлемі!», «Тұрмыс-салт әндері», «Төрт түлік малға арналған әндер», «Табиғат туралы әндер», «Күмбірлеген күміс күй», «Ұлттық аспаптар», «Қобызға арналған күйлер», «Наурыз келді, алақай!» бұл тақырыптар оқушылардың ұлттық өнерге қызығушылығын оятып, елжандылыққа тәрбиелейді.

Екінші сыныпта өтетін төмендегі тақырыптар оқушылардың ұлттық дүниетанымын қалыптастырады: «Музыканың сырлы тілі!», «Мәуелі музыка бәйтерегі», «Ән-күй – халық үні», «Төрт-түлік малға арналған әндер мен күйлер», «Табиғатқа арналған әндер мен күйлер», «Арнау әндер мен күйлер», «Тұрмыс-салт жырлары», «Тарихи әндер мен күйлер», «Наурыз тойына базарлық».

Үшінші сыныпта «Бабалар мұрасы», «Туған елім – Қазақстан», «Ақыл, нақыл, өсиет», «Айтыс өнері дегеніміз не?», «Наурыз шашу», «Күй тартыс дегеніміз не? бұл тақырыптар негізінде оқушылардың бойына тазалық, адамдық қасиеттерді қалыптастыра отырып, өз ана тілінің қадір қасиетін білуге тәрбиелейміз.

Төртінші сыныпта өтетін «Сүйікті менің отаным», «Халық әні және хорға арналған шығармалар, «Күй және хор», «Халық музыкасы және опера», «Наурыз ұлыстың ұлы күні» сияқты тақырыптар оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырады.

Музыка арқылы бастауыш сыныптарда оқушыларға ұлттық тәрбие беру әуен, мәтін, музыка тілін, олардың табиғатпен, дүниемен үйлесімділігін ұғынуға бастайтын төмендегідей іс-әрекетке жетелейді:

- оқушыларға музыка тілінің тарихи кезеңдермен байланыстылығын ұғындыруға;
- музыкалық шығармалардың тарихын түсіндіру арқылы өз ана тіліне, еліне, жеріне, адамдарға құрметпен қарауға тәрбиелеуге;
- оқыту үрдісінде қолданылған әдіс тәсілдер арқылы ұлттық рухты көтеретін аспаптық шығармалардың мазмұнын ашып көрсетуге;
- музыка сабағын әдебиет, тарих, бейнелеу өнері пәндерімен байланыстыра өткізу арқылы оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға;
- музыканы қабылдау – музыка арқылы қолданылатын іс-әрекеттердің кез-келген түрінің іргетасы, бастапқы нүктесі ретінде қарастырылады. Бұл музыка тыңдау, ән айту, музыкалық білімділігін арттыру, нота сауаты т.б.

Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беруде қазақ ұлттық музыкасының аясы өте кең, адамды, қоғамды, табиғатты нақтылы тану – олардың мазмұнының сан алуандығы, соған сәйкес оқушылардың өз ана тілінің құдіреттілігін, өз халқының дәстүрін, ұлттық мәдениетін, табиғат, оның байлықтарын, қоғамдағы гуманистік өзгерістерді тануға үйретеді.

Қорыта келгенде бастауыш сынып оқушыларына музыка арқылы ұлттық тәрбие беру бүгінгі күннің талабы туғызып отырған шығармашылықпен жұмыс жасай білетін озық тәжірибелі мұғалімдердің қолында екендігін баса айту қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы // Қазақстан мұғалімі. 1992. №2. – 12б.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол /А. Байтұрсынов.– Алматы:Жалын, 1991. – 318 б.
3. Құлжанова Н. Халқыма деп іс қылдым /Н.Құлжанова. – Алматы:Рауан,1993. – 8 б.
4. Жұмабаев М. Таңдамалы / М.Жұмабаев. – Алматы:Ғылым, 1992. – 23 б.
5. Есенбайұлы С. Өлеңдер мен дастандар / С.Есенбайұлы. – Арқалық, 1992. – 12б.
6. Қалиев С, Оразаев М, Смайылова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері / С.Қалиев, М.Оразаев, М.Смайылова. – Алматы: Рауан,1994. – 7 б.

III БӨЛІМ. СӘНДІК ҚОЛӨНЕР

РАЗДЕЛ III. ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОЕ ИСКУССТВО

МРНТИ 18.31.51

УДК 745/749

А.Б. Мақұлбек¹

¹М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 6М042100 - Дизайн мамандығының 1 курс магистранты,
azhyband@gmail.com

Ғылыми жетекшісі: С.Қ. Бейсенбаев²

²М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры кеңесшісі, п.ғ.д.,
ҚР ПФА академигі, bei-sad@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КЕСТЕСІ

Аннотация

Мақалада қазақтың ұлттық қол өнері кестенің қысқаша даму тарихы, оның түрлері, үйлесімділігі мен көркемділігі туралы мәселелер қарастырылған. Біздің еліміздің тарихы арыда жатыр, ата-бабаларымыз киімдеріне, ат-әбзелдеріне, үй бұйымдарына өрнек сала білген. Өрнектердің орналасу композициясы да ерекше. Ғасырлар бойы өрнектің кестенің орналасуы өзгеріп, пішіні өлшемге сай болып келген. Қай халықтың болмасын сәндік өнер ұлттың өнеріне мәдениетінің дамуына тікелей әсер етеді. Халық өнері ғасырлар бойы әр түрлі болып өзгеріп, адам өмірі мен олардың тұрмысымен әлі күнге дейін байланысты болып келеді. Кестенің әдемі әшекейлері адамдардың тұрған жеріне, мәдениетіне, саудасына, көршілес елдермен қарым-қатынасына байланысты болған. Осыған орай бұл мақалада бүгінгі күннің талабына сай кесте тігудің бірнеше түрлері мен тоқу әдістері қарастырылған. Қол өнері төлтума бітім қасиетімен, көркемдік мән-мағынасымен халқымыздың ғасырлар талғамынан өткен асыл қазынасы, сол себепті де кестелу өнері бейнелеу өнерінің ерекшеліктерін ашуға мол мүмкіндіктер туғызады.

Түйін сөздер: қолөнер, кесте түрлері, баспа кесте, қабырға кесте, біз кесте, тығыз кесте, маржандау, түкті кесте, шым кесте.

Аннотация

А.Б. Мақұлбек¹

¹магистрантка 1 курса специальности 6М042100 - Дизайн ЮКГУ им.М.Ауэзова,
azhyband@gmail.com

Научный руководитель: С.К. Бейсенбаев²

²советник ректора ЮКГУ им.М.Ауэзова, д.п.н., академик АПН РК,
bei-sad@mail.ru

КАЗАХСКАЯ НАРОДНАЯ ВЫШИВКА

В данной статье рассматриваются вопросы истории и развития рукоделия, вышивки и ее разновидностей, гармонии и красоты казахского национального искусства. История нашей страны напрямую связана с историей национальной культуры, так как наши предки умело использовали вышивку в одеждах, конской упряжи, домашней утвари. Декоративное искусство каждого народа оказывает влияние на развитие его национальной культуры и искусства. Композиционное расположение узора вышивки различается по назначению. В течение многих веков форма расположения вышивки подвергалась изменениям в зависимости от размера. В связи с этим в данной статье указываются разновидности вышивки и методы вышивания. Прикладное искусство, прошедшее через призму веков, по своей красоте и художественному содержанию является сокровищем казахского народа. Искусство художественной вышивки предоставляет возможность получить полное представление об особенностях этого вида декоративного искусства. Тематика и технология вышивки тесно связаны с регионом проживания мастериц. Также рассмотрены виды техник и методов вышивки в соответствии с современными требованиями. Искусство вышивки создает большие возможности для раскрытия мира изобразительного искусства, так как декоративное искусство, подобно сокровищу, вбирает в себя мудрость народа по постижению смысла мира.

Ключевые слова: рукоделие, виды ручной вышивки: «баспа кесте», «қабырға кесте», «біз кесте», «тығыз кесте», «маржандау», «түкті кесте», «шым кесте».

Annotation

Akerke Makulbek¹

¹*1st course master specialty 6M042100 - Design, of M.Auezov South Kazakhstan State University,*
azhyband@gmail.com

Scientific supervisor: S.K. Beisenbayev²

²*Rector's adviser on educational work and youth policy of SKSU by M.Auezov, doctor of pedagogical sciences, academician of the Academy of pedagogical Sciences of Kazakhstan,*
bei-sad@mail.ru

KAZAKH FOLK EMBROIDERY

The article is devoted to consideration of the issues concerning the history and development of needlework, embroidery and its variations, harmony and beauty of the Kazakh national art. The history of our country is directly connected with the history of national culture, as our ancestors skillfully applied embroidery in clothes, horse harness and house utensils. Decorative art of each nation influences the development of its national culture and art. The composite arrangement of embroidery patterns differs according to special purposes. Throughout many centuries the form of embroidery arrangement was exposed to many changes. Thus different variations of embroidery and its methods are described in the article. Applied arts passed through the prism of centuries, and according to its beauty and art content is the treasure of the Kazakh people. The art of embroidery makes possible to receive full representation about features of this kind of decorative art. The subject and technology of embroidery are closely connected with the region where the craftswomen live. Besides, kinds of embroidery techniques and methods according to modern requirements are considered in the article. Embroidery art creates great possibilities for disclosing the world of fine arts. Decorative art is like treasure for people, and it incorporates the wisdom of the nation comprehending the world sense.

Keywords: embroidery, types of manual embroidery: “baspa keste”, “kabyrgha keste”, “biz keste”, “tyghyz keste”, “marzhandau”, “tukti keste”, “shym keste”.

Алтын балдақ - қол сәні,

Әшекей, кесте - тон сәні – деп, дана халқымыз айтқандай, қазақ халқы да басқа да ұлттар секілді тұтынатын бұйымдарының бәрін кестемен әшекейлеп безендірген. Қазақ халқының қолөнерінің өмірге келуі халықтың көшпелі өміріне байланысты. Атадан баласына, анасынан қызына мирас болып келе жатқан - сәндік өнерінің өзі ұлттық мәдениеттің дамуына ықпал етеді. Аталарымыз қыздары мен ұлдарының сегіз қырлы, бір сырлы болуы үшін еңбекке баулып, өнерлі болуды үйреткен. Әсіресе қыз балаға: ине сабақтап, түйме қадау, кесте тігуді, ас пісіруді үйретсе, ұл балаларымызға таспа тілу, өрім тоқу, мал сою және мүшелеуді үйреткен.

Орта Азия мен Қазақстандағы қолөнердің тамыры неолит және қола дәуірінен басталған. Ата-бабаларымыздың өмірі көшпелі болғанмен, рухани болмысы көшпелі болған емес. Бабаларымыздың ұрпаққа деген өсиет үлгісі өнері арқылы жеткен. Атадан баласына, анасынан қызына мирас болып келе жатқан қолданбалы сәндік өнерінің өзі ұлттық мәдениетіміздің дамуына ықпалын тигізеді. Қашанда кесте өнерінің түр-түсі, үйлесімділігі, әдемілігі, қайталанбастығымен ерекшеленеді. Ол географиялық, мәдениеттің жағдайымен қатар тарихына да байланысты болған. Біздің ата-бабаларымыз киімдеріне, ат-әбзелдеріне, үй бұйымдарына өрнек сала білген. Өрнектердің орналасуы, үйлесімі да ерекше болған. Ғасырлар бойы өрнектің, кестенің орналасуы өзгеріп пішімі өлшемге сай болып келген [1].

Қазақ қол өнерінің өзінің төлтума қасиетімен, көркемдік мән-мағынасымен, халқымыздың ғасырлар талғамынан өткен асыл қазынасының бірі - кесте өнері. Әрине сонау заманнан бізге мұра болып жеткен кесте өнерін жоғалтпай, үйреніп, ары қарай дамыту, үйрету өнер саласын таңдаған біздердің міндетіміз. Ертеде халқымыз тұтынған бұйымдарының бәрін дерлік кестемен әшекейлеп безендірген. Мысалы: үй бұйымдарын, төсеніштерді, ұлттық киімдерді кестелеген. Қандай өрнек болмасын, адам баласы өзін қоршаған дүниеден алатыны мәлім.

Халық өнері ғасырлар бойы әр түрлі болып өзгеріп, адам өмірі мен олардың тұрмысымен әлі күнге дейін байланысты болып келеді. Кестенің әдемі әшекейлері адамдардың тұрған жеріне, мәдениетіне, саудасына, көршілес елдермен қарым-қатынасына байланысты болған. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасудың арқасында әрбір елдің шеберлері өздеріне тән ерекшеліктерімен тігудің сантүрлі әдістерін киімге, тұрмыстық бұйымдарға әшекей заттарға қоса білді. Қашанда кесте өнерінің түр-түсі, үйлесімділігі, әдемілігі, қайталанбастығымен ерекшеленеді [2].

Біздің еліміздің тарихы арыда жатыр, ата-бабаларымыз киімдеріне, ат-әбзелдеріне, үй бұйымдарына өрнек сала білген. Өрнектердің орналасуы композициясыда ерекше. Ғасырлар бойы өрнектің кестенің орналасуы өзгеріп (шетінде, ортасында, бұрышында), пішіні өлшемге сай болып келген. Бүгінгі күнде өрнектердің орналасуы, өлшемі, пішімі тігушінің талғамына, фантазиясына байланысты. Кез келген

шығармашылықта тұр үйлесімділігі маңызды рөл атқарады, яғни ол адамның ішкі дүниесімен үндесуі керек. Бұйым колориті көбінесе өзінің шығатын, пайдаланатын жерінің эталоны. Бұйым өңімен көптеген түстердің үйлесуі үшін олардың өздерінің заңын білу керек.

Кесте және көркемдеп тігу ою-өрнекті әшекейлеудің ертеден келе жатқан элементтерінің басты түрі. Кестені бізбен және жай инемен әшекейлеп тігі барлық халықтарға да ортақ өнер. Қазақ халқының дәстүрінде киім-кешек пен төсек-орын жабдықтары, батырлар мен сал-серілердің бас киімі, қалыңдық пен күйеудің бас киімі, белбеуі, үй іші мүліктері яғни жиһаздар кесте өнерінің жиі безендірілетін болған. Халық салтында мұндай өрнектеудің кейбіреулері күні бүгінге дейін сақталуда. Оның себебі әдемі, ұнасымды кесте ою өрнегінің барлық түріне бірдей қолдануға тиімді. Осы сияқты бізбен, машинамен және инемен көркемдеп тігілген кестені әшекейлеп кестелеу деп атайды [3].

Кесте өнері қазақ халқына ертеден енген өнер екендігін тарихтан байырғы сақ, ғұн, үйсін өнерінде кестені зерлеп, маржандап, түскен тігу тәсілдері кездескендігін аңғаруға болады.

«Кестені көңіл сызады, қол тігеді, көз сынайды», «адам өнерімен әсем, жүнімен әсем» деген мақалдарда аз емес. Кесте өнері осы айтылғандай нағыз халықтық, алуан әдісті таңдауы көп өнер.

Бүгінгі күннің талабына сай қолөнер түрлері де сан алуан. Кестелеу, көркемдеп тігу, ою-өрнектерін әшекейлеу. Кестені көңіл сызады, қол тігеді, көз сынайды дегендей, кесте тігудің алуан әдісі бар. «Біз кесте», «Гобелен» кесте, «Моншақпен кестелеу» деп атайды. Кестелеу өнері дүние жүзінің әр халқында бар. Сонымен қатар әр халықтың тарихи ерекшелігіне және эстетикалық талғамына байланысты өзінің ерекшеліктерімен ерекшеленеді.

Еуропада кестемен айналысу әкесүйектің, мәдениеттіліктің белгісі ретінде қабылданған. Үй тұрмысындағы қажетті бұйымдар: дастархан, терезе пердесі, қол орамалдар, жастық тыстары, түрлі көлемдегі үлкенді - кішілі стол жапқыштар барлығы кестеленген. Қазақ әйелдері де ертеден бүгінге дейін мүмкіндігінше пайдаланатын заттарын кестемен сәндеуге тырысады.

Жиі қолданатын кесте түрлері – «баспа кесте», «қабырға кесте», «біз кесте», «тығыз кесте», «маржандау», «түкті кесте» және т. б.

Баспа кесте материалдың ашық жерін қалдырмай немесе ашық орынды аз қалдырып, тұтас кестеленген шымқай кестені айтады.

Біз кесте - кергішке керілген арнайы мата бетіне түсірілген, бейнені ою - өрнек немесе бейнені сызық бойымен қармақ бізді матадан ары өткізіп, жіпті бері іліп шалып алу арқылы қайталанатын майда тігісті айтамыз. Біз кестеде матаға сызылған ою - өрнекті сызық бойымен кестелеп, сонан соң ішкі жағын түрлі өңді жіптермен толтырамыз.

Тығыз кесте ("верхошов" немесе "владимир кестесі") - мұндай кестемен жастық тысына, дастарқанға т.б. өсімдік сабақтарын, гүлін, жапырағын салып кестелейді. Мұның бір өзгешелігі, тігілген кестенің тігістері түгелдей матаның оң жақ бетіне түседі, ал теріс жағынан матаның небәрі бірнеше жібі ғана іліп алынады.

Маржандау кесте - әйелдердің бас киімдеріне, такия, сәукеле, өңір, қол дорба қамзолдар және салтанатты киімдерді ғана маржандап, моншақтап кестеленеді

Түкті кесте - бізбен шаншылған жіптің үстіңгі жағында өң бетінде кейде 1, көбіне 2 см-дей бүлдіргі жіп қалдырып отырады. Кестені тігіп болғаннан кейін қалған бүлдіргілерді тегіс қырқады. Жиі шаншылып қалың түскен бүлдіргі қырқылған соң, кілемнің түгі сияқты болып түрлі-түсті болады. Кейде түгінің биіктігі біркелкі болу үшін астына ширатқан жуан жіп, жұмсақ металл шыбықты мүйіздеп ою-өрнегіне келтіріп салып тігеді де, тігіп болған соң, жаңағы тігіс астынан салған заттарды үстінен тіліп алып тастайды. Сонда түктеп тігілген кесте біркелкі, ою-өрнегі айқын болады [4].

Жалпы кесте тоқу – қазақ қыздарына аналарының бала кезінен үйрететін ыждақаттылық пен төзімді талап ететін қолөнер түрі. Адам бойында, әсіресе бойжеткендерге табанды, сабырлы, ұқыпты, зерделі мінез - құлық қалыптастыруда кесте өнерінің тигізетін пайдасы көп.

Қазіргі күнде ата - бабамыз айналысқан қандай да бір ата кәсібі болмасын өз маңызы мен қасиетін жоймаған, қайта түрленіп қазіргі заман талабына сай ерекшеленіп отыр. «Егер мал таппақ болсаң қолөнерді үйренбек керек, мал жұтайды, өнер жұтамайды» деп Абай атамyz өлеңмен кеңес беріп кеткен.

Кестелеу саласындағы шеберлердің негізгі міндеті – өткен дәуірдің көркем мұраларына ұқыпты қарау, ескі дәстүр тәсілдерін жаңа технологиямен үндестіре білу, оларды қоршаған ортадан алынған заманауи тақырыппен байыта түсу.

Кестешілер орындаған кестенің сапасы, оның әсемділігі және талғамы бойжеткеннің өзіндік сапасының жақсы көрсеткіші болып табылған. Оларды 7-9 жастан бастап үйреткен. 3-4 жылдан кейін олар өздері тіге беретін болған. Әрбір шебер осы кесте арқылы өздерінің армандарын және сұлулықты қабылдауларын көрсеткен. Әрбір жанұяда өзіндік қажеттілік үшін кесте өнеріне қажетті барлық құрал-жабдықтар, заттар қолмен жасалынған. Кестеленген заттардың әртүрлері, көршілес елдердің тілінде елу шақты атаулармен үндеседі [5].

Кесте тоқу өнері – қолданбалы сәндік қол өнерінің бір түріне жатады. Кесте мата, тері, киіз, т.б. материалдар бетіне әр түрлі боялған жіптермен, жібек зерлермен сурет, өрнек салып тігу арқылы жасалады. Өнердің бұл түрі ежелден халық арасына кең тараған. Ғалымдардың пайымдауынша қазба жұмыстарының нәтижесі көрсеткендей кестенің алғашқы үлгілерін б.з.б. 5 ғасыр шамасында Пазырық және Ноин-ұлан қорғандарынан табылған әр түрлі құрал-жабдықтарда (түскиіз, түскілем, киім-кешектер, жауынгерлердің сыртқы су қағарлары, шекпен, қамзол, желең) пайдаланғандарын көруге болады дейді.

Кесте инемен, бізбен және және қазіргі кезде арнайы кесте машинасымен де тігіледі. Кейде кестеге моншақ, інжу, маржан, т.б. асыл тастар тағылады. Кестені материалдың бетін түгел бастыра немесе гүл шоғырына ұқсатып та әшекейлейді. Бұйымды тұтастай бастыра әшекейлеу үшін шалыс, жатық, терме, жөрмеу тәсілін қолданады. Кестенің біз кесте, баспа жылтыр, тамбурлы кесте, албыр кесте (екі ізді), кенебе ине, т.б. түрлері белгілі. Біз кестенің шым кесте және әредік кесте деп аталатын екі түрі бар. Біз кесте дөңгелек немесе төрт бұрышты етіліп кергіш ағашқа керілген матаның бетіне түсірілген ою-өрнек бойынша қармақты бізбен өткермелеп шалу арқылы кестеленеді.

Шым кесте – тігілетін матаның ашық жерін қалдырмай немесе ашық орынды өте аз қалдырып, тұтас кестелеген шымқай кесте. Шым кесте түс киіз, сандыққап, мақпал шапан, орамалдың алақаны, жастық жапқыш, кежім, сәукеле, т.б. көптеген заттарға төгіледі немесе бөлек матаға төгіп қондырылады.

Әредік кестеде матаның әр жері әшекейленіп, бөлек-бөлек өрнек салынады. Әредік кесте тақия, балақ, өңір, жаға, етекке және кең қоныш етіктердің бұрыш-бұрышы сияқты заттарға төгіледі немесе бөлек төгіп қондырылады. Геометриялық кескінді бейнелейтін кесте жіп санап тігілсе, ирек өрнектер, әр түрлі суреттер алдын ала жүргізілген ізді қуалай тігіледі.

Сонымен бірге матаның кесте түсер тұстарының жібін суырып тастап немесе қалың мата бетін алдын ала ойып алып та тігеді. Кесте тігу өнері қазақ халқына өте ертеден таныс. Байырғы сақ, ғұн, үйсін өнерінде кестені зерлеп, маржандап, торлап, түктеп тігу тәсілдері кездеседі.

Қазақ салтында үй жиһаздарын (түскиіз, киім жапқыш, төсек жапқыш және үзік-туырлықтар), киім-кешектерді (кимешек, тақия, қамзол, кеудеше, т.б.), аяқ киімдерін (кебіс, мәсі, биік өкше етіктер, т.б.), қол орамалдар мен ер-тұрмандарды, т.б. тұрмысқа қажетті заттарды безендіру үшін кесте көп пайдаланылған. Алтындап, күмістеп тігу сән-салтанат бұйымдарына тән. Бұл үшін көбінесе барқыт, плюш, атлас, қырмызы сияқты бағалы маталар пайдаланылады. Мұндай тігістерге өзіне арналып жасалған алтын және күміс жіптер қолданылады. Кейде алтын, күміс түстес жіңішке жиек сулары (зер) пайдаланылады. Алтындап тігуде, көбінесе, бедерлі, бедерсіз басып тігу әдісін қолданады. Алтындап тігу кестесіне маржандап тігуді де аралас жүргізеді. Алтын жіппен тігу түркі халықтарының бәріне тән өнер. Алтын кестелі тон, шапан, айыр қалпақ, кемер белбеу, сал шалбар, қамзол, сәукеле әдемілік әшекейінің ең асылы және бағалысы болып есептеледі.

Қазақстанда құрылған “Түскиіз” (Алматыда), “Өнерпаз” (Таразда), “Өрнек” (Өскеменде) секілді фабрикалар қазақ халқының кесте өнеріне тән стильдегі бұйымдар жасайды. Олар өмір талабына сай екшеліп, жаңа түр-мазмұнға ие болуда. Республикамызда 400-ден астам кестешілер есімі белгілі. Алғашқы үлкен жетістікке жеткен кестеші Р.Барлыбаева 1926 жылы Парижде өткен дүниежүзілік көрмеде кестелі түскиізі үшін халықаралық сыйлық алды. 1957 жылы Республикамызда 1-көрмеде қарағандылық Баймағамбетова, зайсандық Құнақова, семейлік Абаеваның кестелері көркемдік жағынан жоғары бағаланып, бірінші сыйлыққа ие болды.

«Өнері таусылмас қазына, жұтамас байлық» дейді дана халқымыз. Қазақ қолөнері өзінің төлтума бітім қасиетімен, көркемдік мән-мағынасымен, шын мәнінде, халқымыздың ғасырлар талғамынан өткен асыл қазынасы, соның бірі кестелеу өнері. Ертеде халқымыз тұтынатын бұйымдарының бәрін кестемен әшекейлеп безендірген.

Кесте және көркемдеп тігу ою-өрнекті әшекейлеудің ертеден келе жатқан элементтерінің басты түрі. Қазақтың ұлттық кестелеу өнері тарихының түп тамыры ғасырлар қойнауында жатыр. Мыңдаған жылдар

бойы қалыптасқан ұлттық кесте өнеріміз күні бүгінге дейін өзінің құндылықтарын сақтап, қасиетін жоғалтпай жақсы сақталған. Кестені бізбен және жай инемен әшекейлеп тігу барлық халықтарға да ортақ өнер. Кесте өнерінің қазақ халқына тән байырғы көне түрлері: біз кесте, айқас тігу, айқыш - ұйқыш тігу, басып тігу, қайыш тігу.

Кесте – қазақ халқының қолөнерінің ерекше түрінің бірі. Қолмен кестелеп тігу – өте көне заманнан келе жатқан қолданбалы өнер түрі. Қолданбалы өнер – көптеген елдердің шеберлерінің, суретшілерінің шығармашылық жемісі.

Кесте тігу үшін қолданылатын құрал-саймандар: Кергіштер – кесте тігушінің негізгі құралы. Ол матаны керіп ұстайды және оны зақымдалудан сақтайды. Кергіштер дөңгелек болады. Ол бірінің ішіне бірі кіретін екі дөңгелектен тұрады. Оны ағаштан, пластамассадан, резеңкеден және металдан дайындайды [6].

Инелер – мата қалыңдығы мен жіптің жуандығына қарап таңдалады. Қайшылар – жіптің ұшын қию үшін қайтқы қайшылар, оралған жіпті қию және жіпті тегістеу үшін орташа қайшы қолданылады. Жіптер – кестелеу үшін табиғи, жасанды, синтетикалық және аралас жіптер, ирис, мулине т.б. жіп түрлері қолданылады.

Қазақ қол өнері өзінің төлтума бітім қасиетімен, көркемдік мән-мағынасымен, халқымыздың ғасырлар талғамынан өткен асыл қазынасы - кестелеу өнері бейнелеу өнерінің ерекшеліктерін ашуға үлкен мүмкіндіктер ұсынады. Қазақстан кесте өнерінің соңғы жиырма жылдағы даму жағдайы жаңа өзгерістерге ие болды, кестелеу технологиясы шығармашылық ізденістермен, көркемдік әрленуімен заманауи тақырыптарының түрленуімен ерекшеленеді [7].

Көркем кесте өнері құндылығын жоғары бағалай отырып, ұлттық мәдени ерекшеліктерді ескеру және төменгі қағидаларды басшылыққа алу керек:

- ұлттық өнерінің дамуы мен гүлденуінің маңызды шарты ретіндегі мәдени-этникалық келісімді қамтамасыз ету негізінде мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;
- көркем білім беру орындарының қайнар көзін нығайту;
- көркем кесте өнері дамуын қамтамасыз ету;
- жеке адам мен қоғамның мәдени-эстетикалық мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған педагогикалық қызметтің жүйелілігі;
- көркем кесте өнеріндегі шығармашылық үрдісті насихаттау;
- Қазақстанда тұратын барлық халықтардың, оның ішінде қазақтың көркем кесте өнеріне қатысты көркемдік қалыптастыру.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Алимжанова А.А. Күй шығарған халықпыз ине жіптен // Ұлағат. Республикалық ғылыми-педагогикалық әдістемелік журналы. 1995. №2. –104-106 бб.
- 2 Әбдуалиева Ш. Халық қолөнері. – Алматы, 1992 ж.
- 3 Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: «Қазақстан», 1995 ж.
- 4 Аханов Б.Ф. Құнжигитова Г.Б. Көркем кесте. Оқу құралы. – Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 2011. – 88 б.
- 5 Әбдігаппарова Ү.М. Қазақтың ұлттық ою өрнектері. – Алматы: Өнер, 1999 ж. – 152 бет.
- 6 Мұхамеджанұлы З. Қазақтың кесте өнері. Танымдық-көпшілік басылым. – Алматы: "Алматыкітап баспасы" ЖШС, 2008. –144 бет.
- 7 "Шаңырақ" үй-тұрмыс энциклопедиясы. – Алматы, 1991. ISBN 5-89800-035-6 (1-й з-д)

УДК: 687.016
МРНТИ 18.31.51

А.Ш. Абижанова¹

¹Бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша 1 курс докторанты

Алматы қ., Қазақстан

З.Ш. Айдарова²

²п.ғ.к., аға оқытушы, Алматы қ., Қазақстан

БАТИКТИҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ЖАСАЛУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада ұсынылып отырған Батиктің түрлері мен жасалу технологиясының ерекшеліктері. Батик – матада жасалатын ерекше техника, сонымен қатар қолымен сәнденген матаның өзін де батик деп атайды. Қазіргі кезде халық арасында әсемдігімен елді қызықтыратын қолөнердің бір түрі.

Батиктің үш түрі бар: ыстық батик, суық батик және түйінді батик. Негізі «Батик» - сөзінің аудармасы (ыстық балауызбен сурет салу) Яғни матаға суретті түсіру үшін ерітілген балауызды қолдану.

Түйін сөздер: Суық батик, ыстық батик, еркін жазу, түйінделген батик.

Аннотация

А.Ш. Абижанова¹

¹докторант 1 курса «Изобразительное искусство и черчение»

З.Ш. Айдарова²

²кандидат педагогических наук, ст.преподаватель

ОСОБЕННОСТИ ТЕХНОЛОГИИ И ВИДЫ БАТИКА

В статье рассматриваются особенности технологии и виды батика. Батик это перевод рисунка на ткань со специальным оборудованием. На данный момент, один из самых красивых и интересных произведений искусства среди ремесленников. Есть три типа батика: горячий, холодный и узелковый батик. "Батик" – переводится как покраска горячим воском применяя расплавленный воск, чтобы сделать рисунок.

Ключевые слова: батик холодный, горячий батик, воплощенные в свободном рисовании батика, узелковый батик.

Abstract

A.Sh. Abijanova¹

¹Doctoral student 1 course "Fine Arts and Worms"

Almaty, Kazakhstan

Z. Sh. Aidarova²

²Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Teacher

Almaty, Kazakhstan

FEATURES OF TECHNOLOGY AND KINDS OF BATIK

The article considers the features of technology and types of batik. Batik is a translation of the picture on a fabric with special equipment. At the moment, one of the most beautiful and interesting art works among artisans. There are three types of batik: hot, cold and knot batik. "Batik" - translates as painting hot waxes using molten wax to make a drawing.

Key words: batik cold, hot batik, embodied in the free painting of batik, knot batik.

Қазақтар ежелден-ақ жүн, тері, тоқыма, тігін, сүйектен оймыштау, ағаштан ою, зергерлік өнер сияқты халықтық өнер кәсібімен айналысқан. Сонымен қатар оларға өң беру үшін табиғи бояуларды пайдаланған. Бір ғана өңделген теріні айтар болсақ, сары, қоңыр, қызыл, сарғыш қызыл түстерді өсімдік тамырларынан алып, түрлі-түсті реңктерді шығарып алатын болған.

Қазақ халқының ұлттық киім-кешек үлгісі үшін тері, елтірі мех, жұқа киіз, шекпен түйе жүннен тоқылған – шекпен, аз мөлшерде болса да қой жүнінен мауыт сукно сияқты дәстүрлі материалдар пайдаланылды.

Қазақ халқының бай көркемдік мұрасы, мың құбылған ою-өрнек өнері, халық қол өнершілерінің техникалық шеберлігі, халықтық көркемдік кәсіптегі қайталанбас өзіндік ұлттық калорит, міне осының бәрі ұлт мақтанышына лайық деп қадап айтуға болатын құбылыс.

Л.Н. Гумилев өзінің зерттеу еңбектерінде: «Бұл ерекше далалық мәдениеттің ежелгі салт-дәстүрі және терең тамыры бар, бірақ бізге ол туралы өте аз дәрежеде мәлімет жеткен...» – деп түркі халықтарының ішінде қазақ қол өнерінің ерекшеленетін мазмұнды тұстарын айқындап жазады.

Қазіргі таңда ата-бабамыздан мұра болып қалған дәстүрлі қол өнеріміз жаңа бағытта, жаңа технологиялармен толыға түсуде. Соның бірі ретінде батик өнерін меңгерудің әдіс тәсілдерін ашып көрсетуді мақсат еттік.

Қазіргі кезде халық арасында әсемдігімен елді қызықтыратын қолөнердің бір түрі батик өнері. Батик өнерінің Отаны Қытай және Үнді елі. Бірақ бұл батик өнері ғасырда Индонезия елінде Ява және Бали араларында дамып, бүкіл әлемге тараған өнер. Батиктің үш түрі бар: ыстық батик, суық батик және түйінді батик. Негізі «Батик» - сөзінің аудармасы (ыстық балауызбен сурет салу) Яғни матаға суретті түсіру үшін ерітілген балауызды қолдану.

Ежелгі матаны әрлеудің әдісінің тәсілі – батик. Батик сөзі Яван тілінен аударғанда ыстық балауызбен сурет салу деген мағынаны білдіреді. Осы сөздің арқасында ыстық батик техникасының атауы шығады. Ыстық батик техникасы жеткілікті күрделі және көп еңбекті қажет етеді, сондықтан да қысқа тоқталып жатырмыз. Рамаға керілген матаға балауызды пайдалана отырып, әртүрлі өрнек элементтерін саламыз. Балауыздың толық кебуінен кейін ашық қалған жерлерді түрлі түсті бояулармен бояп шығамыз. Осы әдісті бірнеше рет қайталауға болады түстердің қалай шығуына байланысты. Соңғы рет матаны кептіргеннен кейін үтіктің көмгімен балауызды алып тастаймыз. Бүгінде балауыздың жағылуына пайда болған жаңа тәсілдердің арқасында ыстық батик көп еңбекті қажет етпейтін болды. Сонда да бұрынғысынша жоғары көркемдік түрінде қалады. [6]

Батик – матада жасалатын ерекше техника, сонымен қатар қолымен сәнденген матаның өзін де батик деп атайды. Орындалу техникасы сурет үйлестіруінде негізі салынған.

Батик Индонезия халықтарында баяғыдан белгілі (әсіресе Ява аралында, біздің I ғасырда.), Индияда, содан соң Шумермен елдерінде, Жапонияда, Перуде, Батыстағы және Орталық Африкада, және кешірек (XVIII ғ.) – Еуропада, Ресейде 1930 жылдарға қарай бөлінеді



Батиктің технологиясы.

Түйінді батик техникасы.

Түйінді батик техникасы Үндіқытайдағы ең ежелгі болып есептеледі. Балауызбен үріліп өтеді, бояудың бір-біріне тиюінен сақтайды, бірақ – құрамында әртүрлі шырақтар, арқандар болады. Матаны тығыз орап алып, жіппен байлайды красқаға салынады немесе красканы қылқаламмен жүріп өтеді. Содан соң матадан жіпті алып тастағаннан кейін жіп тұрған жер боялмай қалады. Матада пайда болған сурет матаны орауына жіпті байлауына байланысты болады. Түйіншектер тоқылып немесе қолмен істелетін қаттап салулар ине мен бізбен жасалынады.

Түйінді батиктің әртүрлі аттары көп тараған: лахерия, тритик, жұқа тақтайшалар, бандхани және т.б. [5]

Ең танымал батик түрлері – ыстық және суық батик. Батиктің негізі әр түрлі техникада қаланған, негіздің матаға түсірілуі және осы резервтің жүргізілуі суық пен ыстық батиктің арасын ашып тұрады.

Егер суық батик пен ыстық батикті салыстырсақ, онда суық батик бояуға көбірек ұқсас болып келеді, ал ыстық батикте жұмыс әлдеқайда тереңірек, тірілеу және көлемді келеді.

Ыстық батик жазуға жиірек мақта матаны қолданады. Ал мақта күнделікті өмірде ауыстырғысыз бұйым. Ыстық зығыр тіпті балауызды сіндіріп алады.

Бұл жұмыстың нәтижесі өте жақсы бірақ процесі өте көп еңбекті қажет етеді. Ыстық батик – көбірек уақыт алады және құны қымбат бағалы.

Ыстық батикте тәжірибелік орындалмайтын жұмыстар бар. Пайдаланатын түстері шектеулі. Жұмысты айқын талап етеді. Түрлі түсті гаммаларды жарықтан қараңғыға қарай салу керек.

Ыстық батик парасатпен, жұмбақталған алдын ала болжамсыз. Оның түстері терең қандай да бір шарммен көздің жауын алады, ұсақ жіңішке түріндегі кракелюралармен, салынған сурет. Ол жапалақ-

танған ақ негіздің артында жасырынып жатқан сурет. Ыстық батик кемірек болжанады, сондықтан да бір сыпыра суретшілер оны жоғары бағалайды. [3]



Суық батик те ыстық батикке қараған да жеңілірек. Жұмысты бамтамас бұрын қажетті құралдарды реттеп алу қажет:

Неден бастау керек?

1. Матаны әзірлеу.
2. Нобай әзірлеу.
3. Жұмысы орнын ұйымдастыру.
4. Раманы әзірлеп матаны оған керу.
5. Суретті дайындау.

Суық батик – графикалық сурет анық контуры бар. Суық батикте ақ және түрлі түсті сызық ақ мінездемелі айқын нұсқаларды бөліп жатады. Барлық сурет бөлшектерінде айқын шекаралар бар. Жазу тек қана резерв жүріп өткен сызықтың ішінде болады.

Батик түрлері:

1. Суық батик
2. Ыстық батик
3. Еркін жазу
4. Түйінделген батик

Суық батикке арналған әрбір негізді макта сіндіріп ала алмайды. Суық батик жазу кезінде мейлінше табиғи маталарды пайдаланады, жібек болса тіпті керемет бірақ басқада маталарды пайдалануға болады. Өте жақсы табиғи тығыз (крепдешин, шифон, креп-жоржет, атлас, сондай-ақ өте жіңішке жүн туалы). Синтетикалық мата берік болғанымен барлық жағдайда жазуға жарамды емес.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, батик дегеніміз – арнайы бояумен, бояудың жайылып кетуіне мүмкіндік бермейтін бекітуші сұйықтықты қолдану арқылы мата бетіне сурет салу деген тұжырым жасауға болады. Батик өнері арқылы ұлттық нақыштағы ою-өрнектерді заманауи талап тілектерге сай орындауға мол мүмкіндіктер бар екендігі қолданыстағы әсем бұйымдардан да байқалады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1976. – С.5.
2. Узбекали Джанибеков. Эхо. – Алматы: «Өнер», 1991
3. Искусство батика. – М.: ООО Изд-во АСТ, 2001
4. Синеглазова М. О. Распишем ткань сами. – «Профидзат». – М., 2001.
5. Дворкина И. А. Батик. Горячий. Холодный. Узелковый. – М.: «Радуга», 2002, 2-е изд. – 2008
6. Давыдов С. Батик: техника, приемы, изделия. – «АСТ-Пресс», 2005
7. Перелешина И. А. Батик. От основ к импровизации. – СПб.: «Паритет», 2007.

УДК 7.031.01
МРНТИ 18.71.07

Ж.А. Майкыбекова¹

¹преподаватель ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, ms.maykybekova@mail.ru

Г.Ш. Солтанбаева²

²к.т.н., доцент искусствоведения, профессор, заведующий кафедрой «Сценография и декоративное искусство» КазНУИ МКС РК, akshi@yandex.ru

г.Астана, Казахстан

РАЗНОВИДНОСТИ МОТИВОВ В КАЗАХСКОЙ ТРАДИЦИОННОЙ ТЕХНИКЕ КУРАК

Аннотация

В настоящей статье представлены основные элементы мотивов казахского лоскутного шитья курак, рассмотрены их многочисленные цветовые и геометрические сочетания, которые создают многообразие традиционных мотивов. Представлены простейшие геометрические элементы мотивов курак, а так же сложносоставные. Систематизирована информация о названиях как элементов, так и простых и сложных орнаментальных мотивов курак.

На примере казахского лоскутного шитья, называемого «құрақ», демонстрируется глубинный философский и сакральный смысл лоскутного текстиля и его роль в качестве транслятора национальных традиций.

Техника казахского лоскутного шитья *құрақ*, имеющая давние традиции и национальное своеобразие, благодаря подбору материалов, цветовой гаммы, фактуры, геометрических форм, симметрии, имеет большой потенциал, который требует дальнейшей разработки.

Ключевые слова: курак, лоскутное шитье, лоскутная техника, пэчворк, элемент, орнамент, мотив, композиция, цветовое сочетание

Аңдатпа

Ж.А. Майкыбекова¹

¹Гумилев Л.Н. атындағы ЕҰУ оқытушысы, ms.maykybekova@mail.ru

Г.Ш. Солтанбаева²

²ҚҰӨУ «Сценография және сәндік өнер» кафедрасының меңгерушісі, профессор, т.ғ.к, akshi@yandex.ru

Астана қ., Қазақстан

КАЗАҚ ҚҰРАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ТЕХНИКАСЫНДАҒЫ МОТИВТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ

Бұл мақалада қазақ құрақ тігісі мотивінің негізгі элементтері көрсетілген, көптеген дәстүрлі мотивтердің түрлі образдарын жасайтын олардың әртүрлі түстері мен геометриялық үйлесімділігі қарастырылған. Құрақ мотивінің қарапайым геометриялық элементтері ұсынылған, сондай-ақ күрделі құрастырмалары. Құрақтың орнаменталды мотивтерінің қарапайым және күрделі атаулары мен элемент атаулары туралы ақпараттар жүйелендірілген.

Бұл мақалада қазақтың құрақ тігісінің терең философиялық және киелі мағынасы ұлттық дәстүрлер трансляторы ретінде көрсетіледі.

Симметрия, геометриялық фигуралар, текстураны, түстерді және материалдарды іріктеу арқылы, қазақ құрақ құрау техникасының терең дәстүрі мен ұлттық ерекшелігі сақтала отырып, әлеуеті зор, одан әрі зеріттеуді қажет етеді.

Кілтті сөздер: құрақ, құрақ тігісі, құрақ құрау техникасы, пэчворк, элемент, ою-өрнек, мотив, композиция, түстер үйлесімділігі

Abstract

Zhanar Maikybekova¹

¹teacher of ENU named after L.N. Gumilev, ms.maykybekova@mail.ru

Gulnar Soltanbayeva²

²Head of the Department of KazNUA, Astana, candidate of technical sciences, professor, akshi@yandex.ru

Astana, Kazakhstan

KINDS OF MOTIVES IN THE KAZAKH TRADITIONAL PATCHWORK TECHNIC KURAK

Basic elements of motives of the Kazakh traditional patchwork kurak are presented in the article, their numerous color and geometrical combinations, which create variety of traditional motives, are considered. The elementary geometrical elements of motives of the kurak are presented. Information on names of elements, simple and complicated ornamental motives and compound of kurak is systematized.

In the present article the deep philosophical and sacral sense of the Kazakh traditional patchwork called kurak and its role as the translator of national traditions are shown.

«Қазақстан жерінде» «Советтік Қазақстан», «Тың жер» секілді табиғатты кестелеген тақырыптық серияларын толғанбай көру мүмкін емес. Әсіресе осы сериядағы көрерменді ынталандыратын. «Таулы жердің тыңы», Егін орағы «Алтын дән», «Шалкөде жайлауы!» картиналарында өмір шындығы мен ерен еңбек табиғаттың түрленуімен астасып бейнеленген. Өркендеген атамекен даламыздың ақ бидайының алтын шуақты сәулесі шашырап, жазиралы жайлауының жусан иісін сезгендей боласың.

«Суретші тілі – бояу. Әуелі, табиғат – суретші. Біз оған бітіріп, сөйлейтінбіз, - деп ол айналаны тіпті бақылап, жаттығудан жалықпайтын [1].

Қастеевтің қайсыбір табиғат көріністеріне салған суреттерін көрсеңіз де, олар бір-бірін қайталанбас көркімен көз жауын алып, көңілге жылы ұялайды. Жыр болып төгіліп, өлең болып шалқып, күй боп шалқығандай таңырқатады. Қастеев қаламының тағы бір құдыреті осында.

Әбілхан Қастеев қазақ елі алдындағы ең абыройлы, сыйлы кісі болды. Ол 10 жылдан астам уақыт Қазақстан суретшілер одағын басқарды. Екі рет Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутат болып сайланды. Қазақстанның қоғамдық және мәдени өміріне белсене ат салысып араласты.

Абылхан Қастеев халық құрмет; атақ – даңқы аспаннан түскен жоқ. Ол бейнелеу өнерінің бейнетін кешті. Еңбек пен зейнетін ұқты. Өмірінің соңғы күндеріне дейін мыңнан астам туындылар жасады. Газет, журнал беттерінде шығармалары талданып, өмірі мен өнері, өнегесі туралы кітаптар жазылды деректі кинофильм түсірілді.

Қай көрмеге қойылсын, оның шығармалары. Өз ұлтының ұғымына тән бояумен, талап – талғаммен бейнелейді. Қылқалам тілімен шерткен шежіресі, сыры қай елге болса да таңсық. Өз ағасының да портретінде сол қилы кезеңдегі қазақ ұғымындағы қасиет, үргедек ұрпақ ұсқыны оның бет пішінінен, шүңірек көзінен де анық байқалады. Сол алтын қазына иелерінің бірі елдің қадірменді ақсақалы Сағымбек Қисықбаевтың портретіне бір сәт назар аударыңызшы. Ауыз әдебиетін бүгінгі ұрпаққа жеткізген кең – дария ақылды бет - бейнесі мен болмысына қарап, табындырар тұлғасынан ұзақ көз алмаймыз. Оның бір қырындап отырған кісілік келбетіне ізет етесіз.

Әбілхан Қастеев алғашқы шығармаларының өзіндегі әрбір кейіпкерінің келбетінде ізгілік мейірім, шапағат шуағы төгіліп тұрады. Суретші әуел бастан әсерлі бояуларды әлеміштеп жаға беруден бойын аулақ салды. Тек, бір қызығы майлы бояумен кенепке салған «Көктем» туындысынан өмірінің соңғы күндеріндегі «Жоңғар Алатауының көктеміне» дейінгі пейзаждарында көк бояуды көбірек қолданды. Әсіресе, көгілдір бояуға іңкәрлігін, отызыншы жылдарда салған «Көк камзолды қыз Қазақ қызы» атты жанрлық портреттерінен, «Шөп шабу» картинасынан анық байқалады.

Шынайы шығарманың әсері қаншама десеңізші Әбілхан Қастеев өз халқының өткен қасіретімен, өзгерген өмірімен біте қайнап өсті. Ескі мен жаңаны жіті аңғарып, ажыратып, оған зерделі көзбен қарады. Өмір шындығына деген оның осы көзқарасы бізге қымбат әрі маңызды.

Ол ескіні жеріне жете жамандап, жаңаны тым асыра дәріптемей, әр жылдардың өзіне тән қарапайым бар көрінісін көз алдымызға тартады. «Радио тыңдау», «Сүт фермасы», «Сүт машинасы», «Колхозшының жаңа тұрмысы», «Колхоз тойы» секілді картиналарында кенестік өмірдің сән – салтанаты елге келген жаңалық, ұлы өзгерістер бейнеленеді. Ол бізге ескі өмірдің де елесінен шежіре сыйлаған шынайы суреткер. Отызыншы жылдардың өзінде бұрын аш – жаланапшытықтан, азаптан тапқан дертіне қарамай, көптеген суреттер салды.

Әбілхан Қастеевтің адамдарының тұлға бойынан, қарапайымдылық дидарынан мейірім мен шапағат шашып тұрады. Бірде – бір суреті боямаған Амангелдіні емес ертеректе Біржан, Балуан Шолақты кейін Сүйінбай бабамыздың бүгінгі ұрпаққа қайта тірілтіп әкелгенін көзсіз ерлік деуге болады. Суретші ол үшін қаншама ізденді, тер төкті десеңізші. Көңілге тоқығаны мен көргені көп, аңғарлы азаматтық сауатының аздығын әр саққа жүгіртіп алып – қашпа аңыздар да шыққан кездер де болды. Ол әрине, көкірегінде, көзінде сәулелі ойы бар суретшінің еңбекқорлығын күндеушілердің күнкілі еді. Ол арнайы академия, институт, тіпті мектеп қабырғасынан түбегейлі білім алмаса да, өз жерінің шежіресіне өз халқының

тарихына қанық еді. Оған дәлеліміз – суретшінің тамаша еңбектері. Уақыт талабын да ұғып, өз жүрегіне жақын тақырыптарға бар өнерін аямады. Әрине ешбір суретші жарияланбаған адамның портретін салу оңай емес. Әбілхан Қастеев 1939 жылы тәуекелге бел буып Торғайдағы Амангелдінің ауылын жүріп – тұрған жерін бір ай бойы аралап көз көрген адамдармен, сарбаздармен сұхбаттасады. Түрпішінің, тұлғасын сұрап білген соң, жүздеген жобаның нұсқасын жасаған. Нәтижесінде батыр портретін салып жарыққа шығарғанмен, бұл кескіндеме батырдың бет-бейнесін көрген адамдардың да, көңілінен шықпады. Бірақ суретші бұл тақырыпқа біраз уақыт өткеннен кейін қайта оралды. Ол Амангелді туралы ел аузындағы аңыз – әңгімелерге ғана қанған жоқ, атының тұяғы тиген, батырдың қаны тамған тамырлы даланың бедеріне барлап көңілге тоқып, сезімін ақ қағазға түсіре білді. Ол күндері Амангелдінің ерлігі туралы, халық, халық батыр туралы түсірілген арнайы фильм арқылы танысқан еді. Батырдың атағы бүкіл жалпақ жұртқа жайылды. Ақындар жырларына арқау етті. Бірақ батырдың шын тұлғасы, бейнесі әлі беймәлім еді. Сол себепті үкімет халық батырының бейнесін жасауға конкурс жариялаған болатын. Оған тандаулы деген өнер иелері қатысты. Тіпті соған байланысты көрме ұйымдастырылғаны есте. Осы көрмені тамашалаған ел тізімін ұстаған басшылар мен Әбілхан Қастеевтің ағайын – туыстарға оның еңбегіне риза болып, соңғы салған портретін бәйгеге қосты. Міне сол бейнесі арқылы Амангелді Имановтың тұлғасын көз алдына әкеледі. «Суреткер болу үшін әуелі өмірді танып – біліп, зерттеп, жүрек пен ақыл ойды сәулелендіру керек!» - деп орыстың әйгілі суретшісі В.Г. Перов айтқандай, кез келген өнер адамы үшін Ә.Қастеевтің өнегесі сабақ бола алады [3].

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ергалиева Р.А., Шарипова Д.С. Ұлы дала тұлғалары. Абылхан Қастеев. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2014. – 292 б.
2. Шарипова Д. Очерки казахского изобразительного искусства периодостановления (1930-50 годы). – Алматы, 2008. – 118 с.
3. Плахотная Л.Г. Абылхан Кастеев. Альбом. – Алма-Ата: «Жалын», 1978. – 150 с.

УДК 7.03; 7:001.12
МРНТИ 18.09

Е.Қ. Рысымбетов¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
«Өнер, мәдениет және спорт» институтының PhD докторы, аға оқытушысы,
Алматы қ., Қазақстан

ЗАМАНАУИ КӨРКЕМӨНЕРДІҢ ТАБИҒАТЫ МЕН ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа

Мақалада заманауи көркемөнердің табиғаты мен қызметінің бүгінгі мен өткені туралы қарастырылады. Бүгінгі жаһандануда экономикалық, мәдени неғұрлым ашық боламыз деген сайын, соғұрлым мәдени құндылықтарымыздың әртүрлілігі айқындала түскендей. Өнер дегеніміз не, оның табиғаты мен қуаты неде деген сауалдар бүгінгі заманауи тұрғыдан қарастырылады және осыны мақаланың өзектілігін мәселені етіп қойған. Бүгінгі бейнелеу өнерінің эстетикалық көркемділігі мен өнердің қызметін анықтау, заманауи көркем өнеріміздің табиғатын түсінуге бағыт беретінін, автор өз көзқарасымен талдайды.

Барлық қоғамдағы парадигмалардың ауысуына қарамастан дәстүрді сақтау мен оның сабақтастығын жоғалтпау бүгінгі таңда ең маңызды мәселе болып отыр. Сондықтан бейнелеу өнері көбіне өткен кезеңнің бейнелеу өнерінің жетістіктеріне қайта оралатынына танданбаймыз. Дәстүрлі қазақ өнері еуропалық классикалық өнерді заманауи көркем тілмен айқындауға бағытталады.

Бүгінгі өнерде байқап жүргеніміздей, өнер тығырыққа тірелгенде өткеннің белгілі бір дәрежеде жетістікке жеткен стилистикалық бағыттарына қайта оралу басталады. Бұл еңбекте бүгінгі бейнелеу өнерінің бағытын болжауда өткен өнердің іздері айқын көрініс тапқан бейнелеу өнерінің өткені мен бүгінін қарастыра келіп, бүгінгі заманауи өнерге екпін жасалады.

Түйін сөздер: өнер, заманауи өнер, руханилық, көркем өнер, көркемділік, көркем бағыттар, дәстүр, көркем эстетика, бейнелеу өнері.

Аннотация

Е.К. Рысымбетов¹

¹PhD доктор, ст.преподаватель института «Искусство, культуры и спорта»

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

г.Алматы, Казахстан

ОБРАЗНОСТИ И НАПРАВЛЕНИЕ СОВРЕМЕННОГО ХУДОЖЕСТВЕННО ИСКУССТВА

В статье сравнительно рассматривается изобразительное искусство Казахстана настоящего и прошедшего времени влияние европейских художественных школ. В эпоху современной глобализации, чем больше мы хотим быть экономическими, культурными и открытыми, тем больше выясняется разнообразность наших культурных ценностей. Вопросы о том, что такое искусство и в чем ее природа и сила в статье рассматриваются с точки зрения современности и это является актуальной проблемой настоящей статьи. Автор анализирует со своей точки зрения тот факт, что определение эстетической образности современного изобразительного искусства и деятельности искусства дает направление к пониманию природы нашего современного изобразительного искусства.

Несмотря на изменение общественных парадигм, сохранение традиции и ее преемственности является самой важной проблемой современности. Поэтому, не удивителен тот факт, что современное изобразительное искусство воспроизводит достижения искусства прошлого. Поэтому традиционное казахское искусство направлено на творческую переработку художественного языка европейского классического искусства.

В современном искусстве, находящемся в ситуации кризиса происходит процесс возвращения и обновления художественно-стилистических направлений прошлого.

В целом, данное исследование ориентировано на исследование и прогнозирование стилистических направлений сегодняшнего изобразительного искусства в логической взаимосвязи с традициями искусства прошлого.

Ключевые слова: искусство, современное искусство, духовность, художественный искусство, образность, художественный направления, традиция, художественный эстетика, изобразительный искусства.

Abstract

E.K. Ryssymbetov¹

¹PhD doctor, teacher of institute "Art, culture and sport"

of Kazakh national pedagogical university of Abai

Almaty, Kazakhstan

VIEW AND WAYS OF MODERN ART

The article comparatively considers the past and today's Kazakhstan Fine Arts and impact of the european schools of art. In the age of modern globalization, the more we want to be economic, cultural and open, the more there is revealed the diversity of our cultural values. The article considers questions "what is the arts?" and "what are its nature and strength?" in terms of modernity, and this is an actual problem of the article. The author analyzes from his point of view the fact that the definition of aesthetic figurativeness of the contemporary fine art and art activity gives direction to understanding of the nature of our contemporary fine art.

Despite change of public paradigms, both the national tradition's preservation and its continuity are the most important problems of the present. Therefore, it is not surprising the fact that the modern fine arts reproduce the achievements of the past art. Therefore, traditional Kazakh art is directed on creative processing of the European classical art language.

The modern art crisis reflects the process of return and with it the updating of the art-stylistic principles of the past.

In general, this research is focused on the research and forecasting of different stylistic directions of the modern national fine arts in logical interrelation with the traditions of art of the past.

Key words: the arts, the modern arts, spirituality, artistic the arts, figurativeness, artistic the principles, traditions, artistic the aesthetic, fine art.

Заманауи қазақ өнері өзіне тән ерекше ұлттық көркем мектептердің қалыптасуы мен даму кезеңдерін бастан өткерді. Бүгінгі заманауи қазақ өнері ұлттық дініне тең тілінде сөйлейтін, идеялары мен өзіндік көркемөнер тәжірибесі қалыптасқан, суретшілердің есімдерімен байланысты дамыды. Бүгінгі бейнелеу өнеріндегі құбылыстар, қазақ өнері әлемдік өнердің даму тенденцияларымен тығыз араласта өрбиде.

Кәсіби бейнелеу өнерінің іргесі XIX ғасырдың басында қаланған қазақ бейнелеу өнері, әлемдік өнерге өзінің ұлттық ерекше нақышымен үн қосып, жаһандық өнерден қалыспай дамып келеді. Қазақ бейнелеу өнері бүгінде түрлі жанрлар мен бағыттарда дамуда. Сондықтан заманауи өнердің бағыты мен бағасын беруде өнертанушылық ізденістер мен зерттеулер қажет.

Қазақстан өнерінің заманауи көркем тәжірибелерінде көркемөнердің өзіне тән үдерісі айқын көрініс тапқан. Бүгінгі қазақ бейнелеу өнері ұлттық құндылықтарға, ұлттық архетиптерге және заманауи жаңа еуропалық көркем тілді меңгеруге бағытталған.

Заманауи көркем өнердің әртүрлілігі мен көптүрлілігі – әлем көркемөнерлерінің әсері мен осылардың барлығының қандай да бір қосқан үлесінен туындап отырғаны рас.

Бүгінгі күнге дейін «Өнер дегеніміз не?» деген сауалға көптеген жауаптар берілген. Олардың барлығы әр кездегі көркемдік қабылдау ерекшелігіне байланысты берілген жауаптар. Өнердің барлық даму кезеңіне, барлық түрлерін бірдей қанағаттандыратын тұрақты жауап та жоқтың қасы.

«Өнер» түсінігі – өнер философиясының орталығы – вербальды жауап беруге жол бермейді. Ол «өнер» дегеніміз нені білдіреді, оның шынайы анықтамасы қандай дегендерге жауап бере алмады. Осы кезге дейін берілген номиналды характердегі жауаптар, өнер дегенде нені түсінуге болады дегенді қарастырады.

Өнердің мәнін қарастыру өнер философиясының негізгі мақсатының бірі болып табылады. Өнердің мәні, өнер туындысы, сұлулық пен трагедия және т.б. дәстүрлі өнер философиясына тән болатын. Антропология философиясы өзгермейтін, тұрақты «адам мәнінен» құтылғандай, заманауи өнер философиясы да эссенциализмнен бас тартты.

Әр заманның «шынайы өнері» анықталғанына қарай сезіледі. «Бүгінгі күні өнерді адамның дүние жайындағы көрінісін эстетикалық қабылдап, оны біреуге басқаша айқындап жеткізе алатын, біріккен жинақты сипаттамасы деп айтуға болады» [1, 20 б.].

Өнер үнемі эстетикалық тәжірибені ұсынады. Мұнда көрермен өнер туындысымен шынайы сезімдік байланысқа түседі. Оны өнерді көрерменнің қабылдауы деп атайды. Яғни өнер туындысы адамға әсер етіп, көркем қабылданады. Өнер суретшінің ақылы мен қолынан шыққан дүниелер, ең алдымен ақылға емес, сезімге, кескіндемедегі белгілерге емес, бейнеге бағытталады.

Өнер философиясын зерттеуші И.П. Никитина өнерге мынадай анықтамалар береді:

Өнердің институционалды анықтамасы (...кімді суретші қатарына және нені өнер туындысына жатқызуға болады, ол үнемі уақыт пен ортаға тәуелді, қоғамдық-мәдени детерминацияланған.);

Өнердің философиялық анықтамасы (өнер философиясы-метофизикалы. Бұндай философиялық анықтама, дүние, адамға әлем жайындағы философиялық тұжырымдарға негізделеді. Өнердің философиялық анықтамасы бойынша, ол қалыптасқан философиялық жүйеге тәуелді.)

Өнердің эмпирикалық анықтамасы (олар нақты өнер туындысынан шығады және басқаға емес тек өнерге тән объектіге бағытталады. С.К. Лангер бойынша, өнер – пішін жасау; Б.Кроче бойынша, интуициялардың көрінісі.)

Өнердің әлеуметтік анықтамасы (адамның қолынан шыққан заттардың өнертуындысына жатуы, заттың өзіне қараған әлеуметтік факторға тәуелді. Зат өнер туындысына айналуы мүмкін. Өнер – өнер емес.)

Өнердің атқаратын қызметіне қатысты анықтама (өнер туындысының атқаратын қызметі көп: түрлі сезімдерді бейнелейді және қабылдауға мәжбүрлейді, адамның қоршаған ортасын суреттейді, тіпті адамды қоршаған ортасы қандай болу керектігін түсіндіреді және т.б.) [1, 25 б.]

Өнерге берілген анықтамалар, оның жалпы ерекшеліктерін айқындаудан туып отыр. Дегенмен, біздің байқағанымыздай «өнерге» нақты берілген жауап жоқ. Ол заманауи санамен өзгеріп отырады. Ол өнердің табиғатының күрделілігін білдіреді.

Әрбір өнердің өзіне тән ерекшелігі, өзіне тән орындалу әдісіне байланысты алдына қойған мақсаты болады. Жалпы өнерді біріктіретін оған тән ортақ ерекшеліктер бар. Өнердің белгілеріне қатысты өнердің түріне классификацияланды. Бұл классификацияларға бөліп қарастыру өнердің мәнін түсінуге жақындата түседі.

Өнер ерте кезден-ақ адамның рухани іс-әрекетінің сөзбен айтып жеткізуге келмейтін рухани тәжірибесінің нақты сезімдермен айқындалды. Еуропалық деңгейде «өнер» эстетика мен ғылымның орталық объектісі ретінде танылған. Бүгінде бізге белгілі, өнер тек эстетикамен ғана шектеліп қалмайды. Өнер эстетикалық қызмет қана атқарып қойған жоқ, сонымен қатар, оның әсер етуші күшін қоғамда, дінде, саясатта, гносеологияда, эстетикада пайдаланды. Эстетика ғылым ретінде өнерге қызығады, дегенмен өнердің эстетикадан (көркемділігінен) сырт қызметтері де бар. Сонымен, бұл эстетикалық болмыстың шынайылығын білдіреді және адам объективті материалды дүниеде өзін рухани шығармашылықпен көрсете алады. Бейнелеу немесе әсем дүниелерді жасау, эмоционалды әсерден оянатын сезімдер, ләззат алу, яғни сөзбен жеткізе алмайтын (невербализуемого) эстетикалық тәжірибенің көріністері және осының негізін – кескіндеме, музыка, сәулет өнері, мүсін, поэзия, әдебиет қарастырылады.

Ф.Шеллингтің философиялық ойынша, «Өнер – бұл көріністі «Абсолют» және ол заттың көрінбейтін

пішінін бейнелейді, бірақ олардың метафизикалық идеялар әлемінен, яғни ілкі бейнесінен шығады» [2, 67-68 бб.].

«Өнер туралы батыс еуропалық тұжырым мен классикалық парадигма бойынша, өнердің миметикалық түсінік модусында көркем бейнелеу вербалды емес (сөзбен жеткізе алмайтын) айқындалатын ерекше форма» - деп, оны былайша түсіндіреді: «өнер универсумда екінші. Оның шығармалары –жаратқанның әсерінен пайда болған нәтиже де емес және оның жаратқаны да емес, бірақ ол адамның қолынан шыққан дүниелер. Олар «еліктеу» принципімен туылғандар (көбіне: көшіру, еліктеу, бейнелеу)» объективті бар болатын шындық (жаратушылық, метафизикалық, рухани, табиғи, қолдан жасалған, қоғамдық, психикалық және т.б.), бейнеленуші заттың мәніне үңілетін, басқаша жолмен ұғынылмайтын, көркем бейнелер» [3, 35 б.].

Сонымен, көркем өнердің негізгі атқаратын қызметі – таным. Көркем шығармашылықпен суретші объектісін немесе бейнеленуші дүниені объект-субъект қатынасақ түсумен, оның мәнін ұғынуға, тануға ұмтылады. Өнер – адамның қолынан жасалып шыққан өзіне тән нысан (объект). Оған материалдылық та, руханилық та тән. Қазақтың ұлы ақыны Абай да өнерді «жан азығы» мен «тән азығы» - деп, «Тән азығы тіршілікке қажетті бұйымдар, яғни екінші сөзбен айтқанда материалдық мәдениет. Ал жан азығы дегеніміз – көркемөнер. Бұл табиғаттың бойындағы күш қуатты адамның қажетіне сәйкестендіріп, қолмен немесе тіл арқылы көріктендіріп жіберу» [4, 140 б.], деген ойлары өнердің материалдық және руханилық дегеніне толық саяды.

Өнер философиясында шынайы дүниені көзбен көріп қабылдау арқылы (визуалды) ұғыну – өнердің әдісі деп айқындайды. Шындық дүниені ұғынудың басқа да жолдары бар, дегенмен визуалды сезімдік қабылдау дүние жайында мәңгілік сауал. Суретші – бұл визуалды қабылданғандарды материалға айналдыруға қабілетті, қарапайым адам. Суретшінің бірінші әрекеті – қабылдау, екіншісі – бейнелеу. Бұлардың екеуі де тәжірибеде бірінен-бірі ажырамайды: суретші не қабылдаса соны бейнелейді және ол нені бейнелесе соны қабылдайды.

«Заманауи өнер» заман талабының сұраныстарына жауап бере алатын жаңаша өнер. «Заманауи» (грек тілінен, орта ғасырлық латын тілінен аударғанда «syn-chronus – «со своим временем») – өз заманының мазмұнын бейнелейтін өнер. «Заманауи өнер» анықтамасы тарихтың әртүрлі кезеңдерінде әртүрлі мағына береді. Қазақ кәсіби бейнелеу өнерінің даму барысында, яғни XX ғасырдың басында ескінің қалдығы саналған «дәстүрлі өнер» бүгінгі күні өз көкейкестілігін жоғалтқан жоқ. Бүгінгі ХХІ ғасырда көне өнердің көркем құндылығы асып, оған тарихи-теориялық зерттеулер мен талдаулар артып келеді. Қазақ өнері ұлттық және әлем өнерінен өз тәжірибелерін жинақтағандықтан, біз қазақ кәсіби өнерінің бағытын анықтауда Еуропалық көркемөнер мектептердің тарихына тоқталмастан өте алмаймыз.

Өнердің тарихына терең үңілместен бергі жағынан бастауды жөн көріп отырмыз. ХVІІІ-ХІХ ғасырлардың аралығындағы романтиктер классицизмді ретроспективті деп санаған, ал Романтизм бағыты болса барлық кезде де заманауи болып қалады. Өнер тарихының қай кезеңінде болса да, өнердің сол заманғы көркем бағытының айтары таусылатын, ал одан кейінгі жаңа келесі бір бағыттың бәрінен жоғары салтанат құратын кездері болады. ХХ ғасырда авангардистердің, модернистердің, неоклассицистердің, конструктивистердің шығармашылығы нағыз «заманауи өнер» болып саналды. «Заманауидың» анықтамасының екі жақтылығы, өнердің кез келген түрі көркемдік сапасымен қатар жаңашылдығымен де айқындалды. Ал көркем бейне болса – ол үнемі жаңалық ашу. Сонымен қатар ол көркем ойлау тарихи. Суретші өзі өмір сүріп жатқан заманында ғана өмір сүрмейді, ол көкейкесті мәселелерді айқындай, тарихтың кеңістігінде еркін қозғала алады. Ол үшін антикалық та, орта ғасыр да, барлық көркем бағыттар, ағымдар мен мектептер бірдей. Көркем ойдың тұтас және жекелеген тарихи кезеңді қамтуы мен жаңаша композиция ойластыруы көркем шығармашылықтың негізгі ерекшелігі. Кез – келген тарихи кезеңнің көркем бағытында орындалған нағыз көркемөнер шығарма туындысы белгілі бір уақытқа бағынбайды және ол қай кезде де өз көкейкестілігі бар болып қалмақ.

Заманауи өнерге баға беру, оның бағытын бағамдау қиыншылықтар тудырады. Олай дейтін себебіміз, бүгінгі болып жатқан оқиғаларға бүгінгі көзқараспен баға беру мен зерттеулерде шатасуларға тап болады, ол сол заманды терең білмегендіктен. Осыған орай былай деген сөз бар: «Барлық нәрсенің төрешісі уақыт». Уақыт – тарихқа алыстан бақылап, байыпты баға беруші. Кіштентай фрагменттерді қосып, тарихты жазу. ХХ ғасырға дейін қол өнерінде қолдау тапқан көркем шығармашылық кәсіби өнерге ауысты. Өнер тарихынан білетініміз көркем бағыттардың өзгеруі қоршаған ортадағы жүріп жатқан түрлі үрдістердің әсерінен болып жатады.

XX ғасырдың басында қалыптасқан қазақ кәсіби бейнелеу өнері біз жоғарыда қысқаша тоқталып өткен бағыттарды әлемдік көркемөнердің тәжірибесінен үйренді. Өткен ғасырдың 1920-1930 жылдары кеңестік өнерде этюдтар ерекше орын алды. Суретшілер өздерін әлем мәдениетінің мұрагеріміз деп білді, өз замандастарының нәтижелерін меңгеріп, импрессионистердің, постимпрессионистердің тәжірибелерін өз шығармашылықтарында қолданды. Олар кубизмнің және басқа да XX ғасырдың француз мектептерінің тәжірибелерінен өтті.

Еуропада көркемөнердегі құндылықтардың ауысу кезеңі жүріп жатқан XX ғасырдың басында қазақ бейнелеу өнері қалыптасу деңгейінде еді.

Ресейлік абстрактілі өнер мен пролетарлық культ қазақ бейнелеу өнері мектептерін қалыптастыруға әсерін тигізді. Дәстүр сабақтастығы сақталған қазақ түсінігі XX ғасыр кескіндеме өнерінде ұлттық дүниетанымдық түсініктер мен көркем қабылдауды сонылық қолтаңбада дамытты. Қазақ бейнелеу өнерінің басында тұрған Ә.Қастеев шығармашылығының ерекшелігі – ұлттық құндылықтарды паш етуінде. Әрине Ә.Қастеев туындыларын ешбір еуропалық суретшілермен салыстыра алмағанымызбен, оның түрлі «измдерден» аулақ өзінің қарапайым қолтаңбасын, терең руханилықпен мазмұндады. Ә.Қастеев шығармаларында кеңістіктің тереңдігін қайта өркендеу суретшілеріне ұқсас анық айқын бейнелеген, бірақ оның кеңістігіндегі тереңдік шексіздікпен ұласады, ал түстері шынайылық пен рәміздік түсінікте тоғысады, тақырыбы заман тынысын мазмұндайды. Сондықтан да жазу мәнерін примитивті өнерге жатқызатын Ә.Қастеев өз заманының заманауи суретшісі еді. В.Власовтың бейнелеу өнерінің жаңа энциклопедиялық сөздігінде «примитивті» өнерге былай деп түсініктеме береді: «Примитивті өнердің мәні, бұл түсінікті бейнелеу өнерінің алғашқы қауымдық кезеңіне немесе жас баланың әрекетіне жатқызытындығының оған қатысы жоқ, оның қарапайым натурализм екендігінде, натураны, яғни бейнеленген объектіні танытындығымыздан, қарапайым ұқсастығынан рахат алу. Бұның мағынасы «примитивті» деп мәдениеттің дамуының алғашқы кезеңінде қалып қойған ұлттық өнерді айтады» [5, 748 б.]. Академиялық өнердің заңдылықтарын ескере бермейтін примитивист суретшілердің пішін жасау заңдылығы, бағыты суретшінің жеке қолтаңбасы.

Ә.Қастеев шығармашылығындағы примитивизм қазақ халқының көшпелілік дүниетанымынан қалыптасқан қоршаған ортаны қабылдау ерекшелігі – шексіздік. Суретші шығармашылығының өн бойын алып жатқан тағы да бір ерекшелік – ұлттық тақырыптар мен сюжеттер, түстер. Примитивизм бейнелеу өнерінің кәсібилігіне өтудің қарсаңы, сонымен қатар ол ұлттық көркем мектептің бастауы. Примитивист суретші – көркем бағыттың басында тұрған шырағы. Табиғатпен етене араластығынан алшақтай қоймаған, салт-дәстүр сабақтастық жалғасы үзілмеген, қаймағы бұзылмаған рухани бастаулар Ә.Қастеев шығармашылығының тақырыптық, көркем бейнелік қолтаңбасын қалыптастырды. Өз заманының заманауи суретшісі болашақ қазақ бейнелеу өнерінің бағытын бағдарлап берді.

Бейнелеу өнерінің сөздігінде: «Өнер – дарын мен талант, тәжірибе, білім және шебер жасай білуді қажет ететін іс-әрекет. Сонымен қатар бұл қайталанбайды және дара ...» [6, 352 б.], - деп, шығармашылық әдістің қайталанбайтын ерекшелігінен көркемділік, көркем деген терминді шығарады. Ал, философиялық сөздікте: «Өнер – ойдан шығарылған дүние туралы шығармашылық, көркемдік әрекет, оның ойдан шығарылғандығы жасырын да, ашық та тұрады, ол оның көркемдік шынайылығына жауап бере алмайды» [7, 236 б.], десе, В.А. Бачининнің эстетикалық сөздігінде, «Өнер – барлық көркемдік шығармашылықтың түрлерін және олардың нәтижелерін бойына сіңірген, мәдениеттің формасы. ... Өнер көркемділікке жатпайтын шынайылықтың заңдылықтары көшірілген, өз дүниесін жасап шығарады» [8, 136 б.], - деп эстетикада да ерекше дүние жасап шығаруды айтады. Бұдан шығатыны, өнер – дара іс-әрекет, қайталанбайтын қолтаңба, қиялдың нәтижесі, өзіне тән дүние және осылардың барлығының жасайтыны – көркемдік бейне.

Демек, біз негізгі тақырып бойынша ұсынылған мәселемізді ашудың бастапқы түсініктеріне шолу жасай келе, көркемөнердің табиғаты мен қызметі «табиғатты (ортаны, сыртқы, ішкі) меңгеру және оның екі жолы бар: ғылымның жолы, ол арқылы себеп-салдарын айқындайды және оны формулалармен белгілейді, екіншісі – өнер жолы, ол арқылы бұл себеп-салдар мен заңдылықтар тек білгілі бір мамандар ғана ұғына алатындай құрғақ анықтамаларда айқындалмайды, ол тек ақылға ғана бағытталмастан, қарапайым адамның жүрегіне де жол табатындай сезімдік пішінде айқындалады. Оның бәрінен жоғары және жалпы халыққа тән болуы өнердің ерекшелігі: ол бәрінен жоғарыны барлығына түсінікті бейнелейді» [9, 30 б.]. Көркемөнер арқылы меңгерілетін бейне мен көркем-бейне ұғымдарының өзара байланысы мен қатынасын Оразқұлова Қ.С. былайша зерделеп, жүйелеп ұсынады: «Бейне (образ) – шындықты танудың сезімдік

және рационалдық бағдарларын басшылыққа алатын, нұсқаны белгілі бір лайықты, қолайлы жазықтықта қайталайтын, бірақ ғылыми-теориялық парадигмадан өзгеше гносеологиялық әдіснаманың ерекше бір түрі. Көркем бейне – барлық өнер түрлерінде қолданылатын бейне, шындықты танудың ғылыми парадигмаға бағына бермейтін ерекше бір тәсілі» [10, 40 б.].

Кесте – Бейнелеу өнерінің негізгі бағыттары

Бағыттар	
1	2
Дәстүрлі бейнелеу өнері	Заманауи бейнелеу өнері
Дәстүрлі бейнелеу өнері осы кезге дейін қалыптасқан дәстүрлерді ұстану. Классикалық өнер үлгілерін өз көркемөнеріне үлгі тұту.	«Заманауидың» анықтамасының екі жақтылығы, өнердің кез келген түрі көркемдік сапасымен қатар жаңашылдығымен де айқындалды, ал көркем бейне болса – ол үнемі жаңалық ашу.
Көзбен көру (визуалды) қабылдауда реализациялаудың ең негізгі мәселесі – нақты көру нүктесін табу, тақырып тандау – мотив	
Заманауи бейнелеуде өнер объектісі болып саналатын қоршаған табиғатқа суретшінің көзқарасының субъективтілігінен, заттың объективтілік мәнінің рөлі жоғары	

XXI ғасыр заманауи кескіндеме өнері – жаңаша көзбен көру (визуалды) қабылдау өнері. Заманауи өнер суретшіні қоршаған ортасын объективті қабылдап, оған субъективті жауап беру. Заманауи бейнелеу өнері заттың объективті мәнін ашуға ұмтылады. Бүгінгі кескіндеме өнерінің табиғаты күрделі, ол интеллектуалды түйсікке негізделе құрылады, сондықтан заманауи өнер түсінуді емес түсіндіруді қажет етеді. Бүгінгі XXI ғасырдың кескіндеме өнері XX ғасырдың жетістіктері мен нәтижелерін заманауи кескіндеменің көркем тілін, бейнесін құруда қолданады. Заманауи өнер әр дәуірдің кезеңінің қабылдау ерекшелігіне көркем сананың дамуына байланысты ерекшеленіп отырады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Никитина И.П. *Философия искусства*. – М.: Издательство «Омега-Л», 2010. – 599 с.
- 2 Шеллинг Ф.В. *Философия искусства*. – М.: Мысль, 1966. – 496 с.
- 3 Тэн И. *Философия эстетики* / под. ред. И послесл. А.М.Микиши; вступ. П.С. Гуревича. – М.: Республика, 1996. – 351 с.
- 4 Мұханов С. *Халық мұрасы: Тарихтық-этнографиялық шолу*. – Алматы: Жазушы, 2005. – 304 б.
- 5 Володева Н.А. *Синтез традиций и современности: Казахстанский дизайн одежды в условиях мировой глобализации. Национальная идентичность в процессе глобализации: сб. докл. международ. науч. конф.* – Алматы, ГМИ им. А. Кастеева, 2009. – 200 с.
- 6 Власов В. *Большой энциклопедический словарь изобразительного искусства* // В 8 т. – СПб.: ЛИТА, 2000. – Т. 3. – 848 с.
- 7 *Современный философский словарь* / Под ред. д.филос.н., проф. В.Е. Кемерова. – 1996. – 608 с.
- 8 Бачинин В.А. *Эстетика. Энциклопедический словарь*. – СПб.: Изд-во Михайлова В.А., 2005 – 288 с.
- 9 Тэн И. *Философия искусства* / Подгот. к изд., общ. ред. и послесл. А.М. Микиши; вступ. ст. П.С. Гуревича. – М.: Республика, 1996. – 351 с.
- 10 Оразқұлова Қ.С. *Қазақ суретшілері шығармашылығындағы архетиптік образ бен ұжымдық бейсана: мәдени-философиялық талдау*. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС; Дәстүр, 2014. – 384 б.

УДК 75
МРНТИ 18.31.31

Е.Б. Қайранов¹

¹PhD, доцент КазНАИ им.Т.Жургенова, г.Алматы, Казахстан

А.Ж. Қарымсақов²

²PhD, доцент КазНАИ им.Т.Жургенова, г.Алматы, Казахстан

Н.К. Сатаев³

³магистрант КазНАИ им. Т.Жургенова, г.Алматы, Казахстан

С.А. Тайнов⁴

⁴ст.преподаватель КазНАИ им.Т.Жургенова, г.Алматы, Казахстан

СТАНКОВЫЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ ХУДОЖНИКОВ МОНУМЕНТАЛЬНОЙ ЖИВОПИСИ КАЗАХСТАНА: НОВЫЕ СТИЛИ И ТЕХНИКИ

Аннотация

В статье рассматриваются некоторые станковые произведения трех современных художников монументальной живописи, особенности их стилей и техник. В связи с отсутствием регулярных открытых конкурсов и предложений на выполнение в синтезе с архитектурой масштабных и дорогостоящих произведений монументально-декоративной живописи, как роспись, фреска, мозаика, витраж и граффито, многие отечественные монументалисты часто работают в области станковой живописи. Благодаря этой взаимосвязи монументальной и станковой живописей сегодня создаются интересные художественные произведения, способные быть актуальными в сохранении национально-духовной культуры страны на долгие годы в неопределенно меняющемся режиме мирового развития.

Ключевые слова: монументальная живопись, станковые произведения, стили, художник, искусство.

Аңдатпа

Е.Б. Қайранов¹

¹PhD, Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА доценті, Алматы қ., Қазақстан

А.Ж. Қарымсақов²

²PhD, Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА доценті, Алматы қ., Қазақстан

Н.К. Сатаев³

³Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, магистранты, Алматы қ., Қазақстан

С.А. Тайнов⁴

⁴Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, Аға оқытушы, Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН МОНУМЕНТАЛДЫ КЕСКІНДЕМЕ СУРЕТШІЛЕРІНІҢ СТАНОКТІК ТУЫНДЫЛАРЫ: ЖАҢА СТИЛЬДЕР МЕН ТЕХНИКАЛАР

Мақалада монументалды кескіндемесіндегі үш замануи суретшілердің кейбір станоктік туындылары, олардың ерекшеліктері мен техникалары қарастырылады. Монументалды-сәндік кескіндемеденің сәулеттегі үлкен көлемді және қымбат келетін туындыларын орындауға ашық конкурстар мен ұсыныстар уақытымен болмағандықтан, көптеген отандық монументалды өнер суретшілері станоктік кескіндеме саласында шығармашылық жасайды. Осы монументалды мен станоктік кескіндемелердің өзара байланысының арқасында әлемдік дамуының аумалы-төкпелі заманында елдің ұлттық-рухани мәдениетін сақтауда көп уақытқа өзектілі болатын қызықты көркемсурет туындылар бүгінде жасалуда.

Түйін сөздер: монументалды кескіндеме, станоктік туындылар, стильдер, суретші, өнер.

Abstract

E.B. Kairanov¹

¹PhD, associate professor T.K. Zhurgenov KazNAA, Almaty, Kazakhstan

A.Zh. Karymsakov²

²PhD, associate professor T.K. Zhurgenov KazNAA, Almaty, Kazakhstan

N.K. Satayev³

³Magistrant of T.K. Zhurgenov KazNAA, Almaty, Kazakhstan

S.A. Tainov⁴

⁴The senior teacher of T.K. Zhurgenov KazNAA, Almaty, Kazakhstan

EASEL WORKS BY ARTISTS MONUMENTAL PAINTING OF KAZAKHSTAN: NEW STYLES AND TECHNIQUES

The article examines some easel works by three contemporary artists monumental painting, features of their styles and techniques. In connection with the lack of regular open competitions and proposals for the implementation in the synthesis with the architecture of large-scale and costly works of monumental and decorative painting, many Russian monumentalists often work in the field of easel painting. Thanks to this fusion of monumental and easel painting today, interesting art works are created that can be relevant in preserving the national and spiritual culture of the country for many years in an indefinitely changing world development regime.

Keywords: monumental painting, easel works, styles, artist, art.

Изобразительное искусство Казахстана периода независимости можно воспринимать как постоянно движущийся вперед, обогащающийся извне и из глубин собственной традиции культурный феномен. Заложенные в самой этой культуре общечеловеческие ценности раскрываются художниками в диалоге с традициями и новациями мирового искусства [1]. Также и в монументальном искусстве постижение основ национальной культуры рождает новые творческие концепции. Поэтому изучение инновационного художественного опыта значимо в процессе взаимообогащения и взаимобмена художественными влияниями. Ученые и искусствоведы отмечают, что традиционное сознание имеет огромное воздействие на создание современных произведений монументальной живописи. Вне зависимости от архитектуры, монументальные произведения иногда имеют самостоятельное значение, воспринимаясь как законченные станковые картины. Здесь стоит отметить, что качеством монументальности обладает нередко и станковая живопись. Всем известно, что монументальность - это масштабность, значимость, величественность образов, имеющих большое идейное содержание. И она родственна эстетической категории возвышенного, которая может проявляться не только в монументальном искусстве, но и в других разновидностях изобразительного искусства. В связи с этим, в данной статье рассматриваются некоторые станковые произведения «монументального значения» таких известных казахстанских художников монументальной живописи, как Бапанов А.К., Тұрғынбай Б.С. и Тайнов С.А.

Среди многих творческих работ А.К. Бапанова в основном преобладает мифологическая тематика - это солнце, луна, небосвод, земля, мировая гора, древо жизни, древнетюркские воины, кочевье, петроглифы. **С яркими монументальными образами из них авторами статьи выделены такие произведения как: «Перекочевка» (рис. №1), «Священное дерево» (рис. №2), «Мировая гора» (рис. №3), «Воин» (рис. №4), «Ночной стрелец» (рис. №5), «Всадница 3» (рис. №6) и «Странствие 3» (рис. №7).** Монументальному стилю А. Бапанова принадлежит строгая, чувственно-логическая линейность рисунка, стилизованные силуэты фигур и изометричность перспективы, создающей одновременную многоплановость и многоярусность пространства изображаемого мира. Настоящий корифей казахского монументального искусства он в своих станковых произведениях удивляет зрителя неординарными стилистическими решениями художественных образов, трансформируя символику этнокультуры тюркских кочевых народов в «иконографические знаки». В современном искусствознании иконография является отдельным разделом, изучающий темы, символы и сюжеты искусства, т.е. смысл изображения. Одним из таких работ является гобелен «Воин» (рис. №4), где образ батыра на коне в полной мере обладает качествами иконографического знака. Как отмечает доктор PhD М.Ф. Муканов: «С изобразительно-стилистической точки зрения произведение «Воин» решено в лучших традициях эстетики минимализма - культурного феномена, который развивается в искусстве современного казахского гобелена. Образ воина наполнен внутренней одухотворенностью, внутренне сдерживаемым мужеством и единой волей, объединяющей все личностные качества в цельный характер эпического героя,

соответствующего значению идеального эталона. В целом, данное произведение, согласно законам жанра героического эпоса, идеализируя своих сюжетных персонажей, несомненно, создает запоминающийся художественный образ батыра - степного рыцаря, наделенного многочисленными сакральными значениями для казахской традиционной культуры. Композиционный строй другого гобелена «Ночной стрелец» (рис. №5) выдержан в строго условной манере при размещении главного персонажа в плоскости монументального полотна. Автор ассоциирует образ воина с сутью творчества, когда важным является не достижение конечного итога, а сам процесс на пути поиска истины» [2].

Сам профессор А.К. Бапанов о своем творчестве говорит следующее: «Когда человек имеет на все явления жизни свой ответ, как он видит этот мир, это и есть художник. Каждый человек творит историю, к примеру, тот, кто придумал шариковую ручку, человечеству дал больше, чем некоторые революции, и в этом отношении каждый чем-то, как-то творит историю. Моими учителями действительно были многие великие художники, помимо тех, у кого я конкретно учился. Я учился в музеях, в работах великих мастеров, наверно отсюда можно сказать, что искусство не имеет грани. Поэтому, конкретных учителей я не могу даже назвать. Вообще, гобелен и войлок особенно в Казахстане, как искусство является одним из важных видов. Французский архитектор Лью Форбюзье говорил, гобелен – это кочующиеся фрески, потому что его можно свернуть и везти в другие страны показывать, или в других местах. Я бы сюда добавил бы и войлок как кочующееся искусство. Если человек сотворил самое главное в жизни, мне кажется, уже теряется смысл дальше жить. Я думаю - все впереди, и к этому всегда стремлюсь» [3].



Рис. №1 «Перекочевка», шерсть, ручн. ткачество, 220x290 см, 1995 г.



Рис. №2 «Священное дерево», шерсть, ручн. ткачество, 170x140 см, 1997 г.



Рис. №3 «Мировая гора II», шерсть, ручн. ткачество, 170x146 см, 1997 г.



Рис. №4 «Воин 1», шерсть, ручное ткачество, 170x140 см, 2008 г.



Рис. №5 «Ночной стрелец», шерсть, ручное ткачество, 205x296 см, 2010 г.





Рис. №6 «Всадница 3», шерсть, ручное ткачество, 85x155 см, 2014 г.



Рис. №7 «Странствие 3», шерсть, ручное ткачество, 85x180 см, 2015 г.

Бапанов Алибай Калтаевич – являясь профессором единственного в Казахстане высшей профессиональной школы монументальной живописи в КазНАИ им.Т.Жургенова за более 30 лет педагогической практики воспитал не одно поколение талантливых художников, которые вносят свой вклад в развитие монументального искусства современного Казахстана. Среди них особой предрасположенностью к трансформации монументального искусства в станковую живопись показали себя в результате многолетних экспериментальных поисков своего стиля - Тұрғынбай Болат и Тайнов Серик.

Творчество Болат Сырлашулы Тұрғынбай выделяется своей интересной своеобразной техникой исполнения и авторской манерой письма. Эта интересная техника наложения краски, создающая имитацию восточного ковра, найдена в результате обращения к восточной миниатюре и национальному декоративно-прикладному искусству, которое и притягивает внимание. Кандидат искусствоведения Х.Х. Труспекова пишет: «Творчество любого настоящего мастера – это космос его внутреннего мира, особенно когда за плечами уже немалый опыт и, когда есть уже сформировавшаяся авторская позиция. Сказанное в полной мере относится к казахскому живописцу Болату Сырлашулы» [4]. Также, скульптор и искусствовед Э.Р. Ахметова в статье о его персональной выставке пишет следующее: «Авторский метод легко прочитывается в его работах, открывает по-новому привычные образы, которые художник наполняет волнующим поэтическим смыслом. Художник откровенно восхищается глубокой народной мудростью, ее одухотворенностью, точно передавая это через лаконичную простоту средств выражения, а народный мастер воплощает в почти традиционных пластических формах подобные размышления. Произведения Б.Турғынбая без сентиментальности и экзальтации рассказывают о жизни, судьбе, особенностях мировосприятия казахского народа» [5].

 Рис. №8 «Дойда», витраж фьюзинг, 35x45 см, 2011 г.	 Рис. №9 «Пірім менің», витраж фьюзинг, 34x45 см, 2011 г.	 Рис. №10 «Дойда», х/м, 45x65 см, 2007 г.	 Рис. №11 «Пірім менің», х.м., 80x100 см, 1999 г.
 Рис. №12 «Үйлесімділік», х.м., 180x80 см, 2016 г.		 Рис. №13 «Түркістан», 55x75 см, 2010 г.	
	 Рис. №14 «Бабалар», х.м., 100x150 см, 2016 г.		

В своей работе Б.Тұрғынбай использует только масляные краски. Техника и работы Б.Тұрғынбай являются неповторимыми и новыми в искусстве Казахстана. Его стиль живописи заметно выделяется от работ художников Казахстана и других стран. Монументально-декоративными являются композиционные решения большинства работ, несмотря на станковый подход исполнения. Работы Б.Тұрғынбай можно выполнить в любом другом материале, как мозаика, витраж, роспись и даже в сграффито, при этом не нарушится визуальное восприятие работ. Так же можно сказать о масштабе произведений, даже если изобразить их на огромной стене они будут эстетически смотреться и восприниматься зрителем. В качестве примера можно привести витражные работы «Дойда» (рис. №8) и «Пірім менің» (рис. №9), выполненные в технике фьюзинг. А выполненные изначально на холсте масляными красками станковые произведения «Дойда» (рис. №10) и «Пірім менің» (рис. №11), послужили как бы эскизом для данных витражей, где в композициях работ практически изменений нет, только цветовая гамма слегка изменилась. В произведении «Үйлесімділік» (рис. №12) композиция решена вертикально и имеет сходство с восточной миниатюрой, однако за счет масштабности изображенных деревьев и плоскостного решения перспективы бескрайней степи, где в центре еле заметны две главные персонажи, подчеркивается монументальность. Желтый, зеленый, красный и синий цвета составляют богатый колорит

произведения. Желтый - это цвет радости и тепла с позитивной атмосферой, в окружении которого художник изобразил главных героев на огромном казахском ковре текемете. Джигит, лежа на традиционной деревянной кровати «төсагаш» играет на домбре, а девушка умиротворенно слушает степную мелодию. В картине «Түркістан» (рис. №13) перед зрителем открывается вид на уникальный исторический памятник - мавзолей Ходжи Ахмета Яссави. По мнению художника-монументалиста Т.О. Сулейменова картины Б.С. Тұрғынбая визуально создают имитацию ковра или даже мозаики. К примеру произведение «Түркістан» написана цельно и состоит из крупных плоскостей, где несмотря на станковое исполнение, присутствуют монументальные каноны композиции, где свойственны большие плоскости и контурность. Каждая деталь в произведении это отдельная плоскость, а вместе создают прекрасное, гармонично сочетающееся произведение. Одной из самых философских произведений монументальной живописи Б.С. Тұрғынбая стоит отметить картину «Бабалар» (рис. №14). Выполненная ярко желтым фоном небо как бескрайняя степь или солнце, дарующее свет, мудрые силуэты трех знаменитых казахских биев, скульптурное изваяние древнего воина, и даже символически распускающие свои бутоны цветы под памятником как дань за защиту родной земли - все это в комплексе успешно раскрывает название картины и в то же время кодирует историю народа для будущих поколений.

Тайнов Серик Айтказынович – один из видных казахских художников современности. Работы Серика Тайнова выделяются своим национальным и патриотическим колоритом, выполненные в реалистической манере с монументально-декоративными оттенками. Источником вдохновения для художника являются ароматы степи, скачущие во весь опор лошади, старинные украшения, ярмарки ремесленников и нехитрый быт простых людей, занимающихся разведением скота. Произведения станковой живописи Тайнова Серика посвящены в основном истории, традиции, символике и эпосам казахского народа. По его мнению, в результате поиска своего стиля в монументальной живописи предпочтением было монументальное искусство эпохи Раннего Возрождения, в особенности таких известных итальянских художников, как Джотто ди Бондоне, Сандро Боттичелли и Пьеро делла Франческа. Влияние их художественных стилей в технике фреска сыграли важную ключевую роль в становлении своеобразного почерка в монументальной живописи С.А. Тайнова.



Рис. №15
«На охоту»
94x194 см,
2003 г.



Рис. №16
«Наурыз»,
78x165 см,
2010 г.



Рис. №17
«Рассказ о Толагай»,
104x150 см,
2013 г.



Рис. №18
«Стрелы степи»,
100x120 см,
2014 г.



Рис. №19
«Семь
сокровищ»,
60x85 см,
2015 г.



Рис. №20
«Битва при
Шорге»,
177x255 см,
2016 г.

С.А. Тайнов пишет мягкими спокойными красками и наполняет картины энергией добра и света. Он подробно изучил историю казахского костюма, отлично разбирается в старинном оружии и музыкальных инструментах, прочел много книг о традициях кочевников. Особое художник уделяет пропаганде

института семьи и соблюдению народных обычаев. Герои его работ отправляются на охоту с ловчими птицами, заботятся о лошадях и собаках, почитают старших и живут по простым законам, где на первом месте справедливость и честь. Сам Серик Тайнов об искусстве говорит следующее: «К сожалению, в последнее время ценности у современных людей значительно изменились. Для многих смыслом жизни стало зарабатывание денег, покупка дорогих вещей и крутых автомобилей, поездки в экзотические страны и отдых на элитных курортах. Надеюсь, что это временное явление и мы все же вскоре вспомним о том, что самое важное и нужное не приобретаешь за деньги. В картине «Семь сокровищ» я запечатлел робкую скромную девушку, пса породы тазы, чистокровную лошадь, беркута и джигита с оружием и книгой. Вот истинные ценности нашего народа, и забывать об этом нельзя. Ведь недаром старинная мудрость гласит, что у того, кто отрекся от своего прошлого, не может быть будущего» [6]. Картины художника навеяны интересом к истории и традиционной культуре номадов – «На охоту» (рис. №15), «Наурыз» (рис. №16), «Рассказ о Толагай» (рис. №17), «Стрельцы степи» (рис. №18), «Семь сокровищ» (рис. №19), «Битва при Шорге» (рис. №20).

В заключении необходимо отметить, что первые десятилетия независимости Казахстана в связи с отсутствием государственных заказов на монументально-декоративную живопись художники монументальной живописи самостоятельно развивали индивидуальное творчество, часто обращаясь к станковым работам. Многие благодаря кропотливому поиску оригинального почерка в живописи нашли собственные стили в художественной культуре страны. При этом их искусство – размышления и сопереживания за духовное будущее национальной культуры. И это главное, что во многом совпадают с общим вектором развития казахстанского изобразительного искусства XXI века.

Список использованной литературы:

1. Институт философии и политологии. Становление и развитие независимости Казахстана: социокультурный анализ // *Инновации в изобразительном искусстве Казахстана периода независимости*. – Алматы, «Қазақстан энциклопедиясы», 2011. – 368 б.;
2. Муқанов М.Ф. Художественный образ в искусстве современного гобелена Казахстана. – Алматы: КазНАИ им.Т.Жүргенова, диссертация. PhD, 2016 г. – С. 173;
3. *Творцы кочующих фресок. Фильм о творчестве семьи Бапановых. Реж. А.Қыстаубаев*. – Алматы, 2010 г., <http://www.Aktubes.com/watch/94XqAvRnQwI> (дата обращения: 27.02.2017);
4. Труспекова Х.Х., Умбетова К.Ж. «Как прекрасен этот мир», или в поисках гармонии... // Сб. Межд. научно-практ. конф., посвящ. 20-лет. каф. искусств-я. – Алматы: КазНАИ им.Т.Жүргенова, 2016 г.
5. Ахметова Э.Р. Персональная выставка Б.С.Тургынбай «Самырук», Медиа портал «Караван», 13.12. 2010, <https://www.caravan.kz/art/personalnaya-vystavka-turgynbaji-bolata-syrlashuly-samuryk-5187/> (дата обращения: 02.03.2017)
6. Т.Аладына. Тайнов казахского мира. Алматы: Экспресс-К, 3.02.2016 г., http://express-k.kz/news/?ELEMENT_ID=66155# (дата обращения: 03.03.2017)

УДК 791:654:19
МРНТИ 13.11.22

Г.Т. Абитаева¹

¹Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы
Алматы қаласы., Қазақстан

РЕСЕЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАР ТЕЛЕАРНАСЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Теледидар БАҚ мен қатар өнер және тәрбиенің қайнар көзі. Ол балаларды қуыршақ, анимация, белгілі әуендер, арнайы эффектілер арқылы эстетикалық тәрбиеге үйретеді. Бүгінде балалар бүкіл арналарда жүретін қорқынышты мультфильмдер мен сериалдарды көреді, танымдық бағдарламалар өте аз. Балалар арнасының жетпіс пайызын мультфильмдер құрайды. Мультфильм – жас ұрпақты тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады. Өйткені мультфильм балалардың психологиясы мен түйсігіне өз әсерін тигізеді. Алайда қазіргі көрсетіліп жатқан мультфильмдерде идеология жоқтың қасы. Балалар телеарнасы адамгершілік, жоғары мораль және позитивті болып, баланы ойлауға және өз бетінше қорытынды жасауға үйретуі керек. Көрсетілген мультфильмдер мен бағдарламалар арқылы балаларға ұлттық тәрбиенің дәнін себу керек. Автор мақалада Ресей және қазақ балалар телебағдарламаларын салыстырып, зерттей отырып, екі жақтың да артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетуге тырысқан.

Түйін сөздер: мультипликация, анимация, фольклор, арнайы эффектілер, идеология, спутниктік телеарна, мультленталар, студия.

Аннотация
Г.Т.Абитаева¹

¹Казахская Национальная академия искусства имени Т.Жургенова
г.Алматы, Казахстан

ДЕТСКОЕ ТЕЛЕВИДЕНИЕ РОССИИ И КАЗАХСТАНА: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ

Телевидение является источником СМИ, культуры и воспитания. Телевидение обучает детей эстетическому воспитанию посредством игрушек, анимации, известных мелодий, специальных эффектов. В настоящее время дети по всем каналам смотрят мультфильмы и сериалы угрожающие психике, познавательных программ очень мало. Семьдесят процентов детских каналов показывают мультфильмы. В воспитании молодого поколения большую роль играет – мультфильмы. Потому что мультфильмы влияют на детскую психологию и разум, а в мультфильмах которые показывают в данное время нет идеологии. Детское телевидение должно быть с высокой моралью и позитивным, обучать детей человечности, мыслить и принимать самостоятельные решения. Через мультфильмы и программы нужно дать детям национальное воспитание. В статье автор сравнивая, изучая российские и казахские детские телепрограммы, старался показать преимущества и недостатки двух сторон.

Ключевые слова: Мультипликация, анимация, фольклор, специальные эффекты, идеология, спутниковые телеканалы, мультленты, студия.

Abstract
G.T.Abitaeva¹

¹T.K. Zhurgenov Kazah National Academy of Arts
Almaty, Kazakhstan

RUSSIA AND KAZAKHSTAN CHILDREN'S TELEVISION: COMPARATIVE ANALYSIS

Television is the source of mass media, culture and education. Television teaches children aesthetic education through toys, animation, famous melodies and special effects. At present, children watch cartoons and serials threatening the psyche in all channels, there are very few cognitive programs. Seventy percent of children's channels show cartoons. In the education of the younger generation a big role is played by cartoons. Because cartoons affect children's psychology and reason, and in cartoons that show at this time there is no ideology. Children's television should be highly moral and positive, educate the children of humanity, think and make independent decisions. By dint of cartoons and programs we need to give the children a national upbringing. In the article the author comparing, studying russian and kazakh children's TV programs, tried to show the advantages and disadvantages of two sides.

Key words: Animation, folklore, special effects, ideology, satellite TV channels, cartoons, studio.

Қазіргі кезде теледидарсыз өмір сүру мүмкін емес. Сондықтан арнайы балалар теледидарының болуына ата-ана, педагогтар, журналистер қай елде болмасын ынталы болып жатады. Ресейдің федералды каналдарында балаларға арналған бағдарламалар жеті пайызды ғана құрайды екен. Ресей Федерациясының Дума қабылдаған заңы бойынша балалар бағдарламасы ішінде реклама жасауға тиым салынған, сондықтан әр телеарна балалар бағдарламасының санын азайта бастады. Нәтижесінде жағдай қиындаған.

Балалар ақпаратты экраннан «таза күйде» алады, оған ренішін, қарсылығын білдірмейді, эмоция жоқ. Олар суық болып өседі, өйткені телевидение мен компьютер әлемі қазіргі кезде осындай. Телеәлем – қисық айналар патшалығы. Бұрын балалар әлемді өз беттерімен үйренетін. Олар серуендеп жүріп, қоңыздарды көзімен көретін, мысықтарды сипап, иттермен ойнайтын, жапырақтар жинап, таяқшалардан үй жасайтын, түрлі-түсті шынылармен тұтас қалалар жасап, ойлай білетін. Бүгінде бала теледидар алдында кешке дейін отырып, бала тыныштығынан айрылады, жасанды әлемді үйренеді.

Бұдан басқа қазіргі кезде оқушыларда армандау, фантазия жасау қабілеті төмен, олар өз замандастарымен рөлдік ойындар ойнамайды. Мектеп оқушылары қазіргі кезде батырдың ерлігіне еліктемейді, оның сыртқы келбетіне еліктейді. Оларды жақсы, қайырымды батырлар қызықтырмайды, керісінше әдемі, бай адамдар қызықтырады. Балалар гламуры қазіргі уақытта көптеген балалар телебағдарламалары мен жобаларында орын алған. Жалтыраған, экспрессивті, гипербелсенді бейнелер ақылды, салмақты, батыл қорғаушыларды ығыстырып тастаған.

Ал, оқушылар мазмұнсыз шоулардан гөрі білім беретін бағдарламаларды қарағанды ұнатады. Мәселен, мектеп оқушыларына телебағдарламаны көруге тиым салғанда емес, мәселе ата-ананың оны көруге мүмкіндік беретінінде. «Кішкене зерттеуші» сияқты бағдарламаны көретін балалардың сөздік қоры көп болады, дүниетанымы кеңейеді.

Мектеп оқушыларына арналған телебағдарламалар түрлі жоспарда болуы керек. Олардың танымдық, дамытушылық, тәрбиелік жағы басым болғаны жөн.

Қазіргі кезде мектеп оқушыларына арналған телебағдарламалар аз. «Спокойной ночи, малыши!» хабарын жүргізген Анна Михалкова «Біздің бала кезімізде де, қазір де балаларға арналған телебағдарламалар аз. Ол кезде «В гостях у сказки», «Спокойной ночи, малыши!», «АБВГДейка», хабарын сүйсініп көретінбіз. Онша көп емес. Қазір телевидениеде балалар бағдарламасы аз екені сезіледі. Өйткені балалар аудиториясы сатылатын тақырып емес, көптеген жарнамашылардың мақсатына жатпайды. Сондықтан қазіргі балаларға бағдарлама аз», - дейді [65].

Бүгінде балалар бүкіл арналарда жүретін қорқынышты мультфильмдер мен сериалдарды көреді, танымдық бағдарламалар өте аз. Ал, мультфильмдерде ешқандай идеология жоқ. Кеңес кезіндегі мультфильмдерде не жақсы, не жаман екенін түсіндірді, ал қазіргі кезде ондайды байқау қиын.

Әрине, қазіргі кездегі жеке балалар бағдарламасының дамытушылық сипаты болғанымен, екі проблема бар екенін байқау қиын емес. Біріншіден, бұл бағдарламалардың жалпы ақпарат толқынындағы саны аз. Екіншіден, балалар бағдарламасының көпшілігі спутниктік арнамен көрсетіледі. Балалар үшін федералды каналдарға орын жоқ, тек «Карусель» болса біздің елде жалғыз балалар арнасы «Балапан» ғана. «Карусель» арнасы «Бибигон» және «Теленяня» телеарналары негізінде құрылған балалар мен жасөспірімдерге арналған жалпыресейлік телевизиялық арна болып табылады. Балалар бұл телеарнаны жақсы көреді, өйткені онда қазіргі ресейлік және кеңес дәуіріндегі мультфильмдер, танымдық білім беретін хабар көрсетіледі.

Қазіргі кезде Ресейде және елімізде мынадай спутниктік балалар телеарналары бар: «Детский мир», «Disney Channel», «Школьник ТВ», «Cartoon Network», «Nickelodeon». Бүгінде жаңа федералдық балалар телеарналары өте қажет, өйткені теледидар баланың негізін қалауға, тәрбиелеуге үлесін қосатыны даусыз. Теледидардың ең басты идеологиясы – ол балалардың әлемді қабылдай білуін қалыптастырады. Ресейліктердің пікірінше, өсіп келе жатқан жастардың Отанына деген құрметі төмен, сондықтан балалар телеарналарының 70 пайызын орыс, кеңес, қазіргі ресейлік материалдармен толықтыру қажет деген ұсыныс айтылады [1]. Ресей телекөрсетімдері ұлы мемлекетте қуатты мәдениет бар екенін көруі керек деп есептейді. Балалар телеарналарында балалардың өзін қатыстырып, ойын ретінде хабар жүргізу керек және мүмкіндігінше көбірек отандық мультфильмдерді көрсетуді ұсынады. Ал, білім беру бағдарламалары басқаша түрде жасалып, ол үлкендер мен балалар арасындағы өзара қатынастың жаңа ережесін қалыптастырады. Балалар телеарнасы адамгершілік, жоғары мораль және позитивті болып, баланы ойлауға және өз бетінше қорытынды жасауға үйретуі керек.

Теледидар балаларды қуыршақ, анимация, белгілі әуендер, арнайы эффектілер бойынша эстетикалық тәрбиеге үйретеді. Балалар бағдарламасының ішінде ең жақсысы ата-аналарға арналып жатады. «Шоу Супи Сэйлза» и «Роки и его друзей» атты бағдарламалар дәстүрімен балалар бағдарламасының көпшілігі бір деңгейде балаға арналса, екінші деңгейде үлкендерге арналған [2, с.20]. Ал Балапан арнасында «Керемет ондық», «Ойлан тап», «Он саусақ», «Алғыр алтау», «Квест», «Бірге-бір», «Кім болам?», «Балапан жұлдыз» бағдарламалары бар. Аталған бағдарламалар балалардың дүниетанымын арттырып, белгілі дәрежеде балалардың дамуына өз үлесін қосуда.

Алайда балалар арнасының жетпіс пайызын мультфильмдер құрайды. Мультфильм – жас ұрпақты тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады. Өйткені мультфильм балалардың психологиясы мен түйсігіне өз әсерін тигізеді. Өкінішке орай, Қазақфильм мұрағатында мультфильм қоры толып тұрса да, өзіміздің ұлттық мультфильмдеріміз телеарналардың ешқайсысында көрсетілмейді. Керісінше, шетелдің әр түрлі мультхикаялары телеэкраннан түспейді. Біздің балаларымыз сол мультфильмнің алдында телміріп отырып, өзге елдің идеологиясымен өсіп жатыр. Ал, шетел мультфильмдерінің дені орыс тіліне аударылған «Балапан» арнасы мен Қазақстан Ұлттық арнасынан өзге отандық арналар әсіресе НТК, 31 арна, 7 арна осы орыс тілді мульт хикаяларды эфирге қояды. Яғни, бұл жерде де орыс тілі насихатталып жатыр деп түсінеміз. Басқа ұлттың болмысы негізінде өзге тілде түсірілген мультфильмді көрген жас ұрпақтың бүйрегі сол тілге бұрып тұратыны белгілі. Еліміз үш тілдік саясатты ұстанады. Соның негізінде бұл дұрыс болып көрінуі мүмкін, алайда баланың тілі бес жасқа дейін өз ана тілінде шығып, ұлттық тәрбиеден сусындауы тиіс. Уызында ұлттық тәрбиеге жарымаса, өскен кезде ол баладан ұлт жанды азамат шығуы неғайбыл. Осы тұрғыдан алып қарағанда балалар телеарнасының арқасында нардың жүгі бар екені даусыз.

Шетелде арнайы мультфильм индустриясы бар. Онда бала психологтары, әлеуметтанушылар, педагог мамандары жиналған топ жұмыс істейді. Сол себепті де олардың мультфильмдері тартымды болып шығады.

Мультфильм – идеологияның бір түрі. Телеарналар қазақтың рухын, болмысын, салт-дәстүрін насихаттайтын ұлттық мультфильмдерді көрсетуі тиіс деп санаймыз. Сондай сапалы дүниені тудыратын мамандар бізде жеткілікті екені белгілі. Тек ұлттық дүниеге назарын салып, қаржыландыратын тетіктер

жоқ болуы керек. Әрі бізде шетелдегі тәрізді түрлі мамандар жиналған мультфильм индустриясы әзірге жоқ. Ал, қазақтың мультфильмін қатарға қосу үшін сондай бір орталық өте қажет. Мультфильм – өсіп келе жатқан ұрпақ тәрбиесінде үлкен маңызға ие екендігін ұмытпағанымыз абзал.

«Құйыршық», «Тағдыр», «Мен сенемін», «Қошқар мен теке», «Алдаркөсе», «Тас түлек», «Мақтаншақ қыз», «Қазақ ертегілері», атты мультфильмдер көгілдір экранда қойылуда. Кейінгі жылдары Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясы Шәкен Айманов киностудиясымен бірге анимация бірлестігін құрып, бүлдіршіндердің қоржының толтыруға кіріскен еді. Міне, бүгінде бұл іс жемісті болып, көрермендерге ұсынылды. Сондай-ақ, «Сақ» студиясы, ағайынды Краустар қазақ мультипликациясының дамуына аз үлес қосып жатқан жоқ. Алайда, жиырма шақты жылдан бері кенжелеп қалған бекзат өнердің қоржынын толтыруға бұл еңбек те аздық етеді. Осы тұрғыда әлі де, отандық мультипликаторларға атқарар шаруа шаш етектен.

Мультфильмдердің авторы неше жылдан бері мультипликация саласына зор еңбек сіңірген тұңғыш мультипликатор, академик Әмен Қайдар болатын. Ол кезінде мультфильмдер қазақ ертегілері сияқты мазмұны терең болу керек деген мәселені көтерді.

Мультфильмдердің ішіндегі «Құйыршық» үш сериядан тұрады. Ал, «Тағдыр» мультфильмінің табиғаты тіпті өзгеше. Жалпы фильм көрерменді талғамайды. Оны еңкейген атадан бастап, еңбектеген балаға дейін қараса болады. Себебі фильм Ұлы отан соғысына арналады. Онда ұлттың патриоттық сезімін оятатын ерекше иірімдер бар.

Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы үш толық метражды анимациялық фильмді өндіріске жіберді. Туындыларды алғашқы боп, БАҚ өкілдері тамшалады. «Қазақ ертегілері» және «Ер Төстік пен Самұрық құс» атты толық метражды фильм мен «Қазақ елі» анимациялық тарихи-танымдық хикаясы. Алғашқы екі мультфильм қысқа метражды. Ал «Қазақ елі» хикаясында Жәнібек пен Керей кезеңінен бастап, тәуелсіз Қазақ мемлекетінің тарихы толық баяндалады. Сондай-ақ, көрерменнің назарына «Қошқар мен теке», «Момын мен қарақшылар» және «Айқа» атты тағы үш мультфильм ұсынылды. «Қазақфильм» басшылығы отандық анимациялық фильмдердің қатарын бұдан былай әлемдік деңгейге жеткіземіз деп отыр. Ол үшін киностудия көптеген графиялық бағдарламалармен жабдықталған заманауи техникамен қамтамасыз етілген.

Қазақ мультфильмінің атасы Әмен Қайдаров көзі тірісінде: «Немерелерім «Nickledeon» арнасындағы мағынасыз анимациялық фильмдерді қызығып көреді. Ондағы мультфильмдерді көрсетпеуге тырысып бағамын, бала емес пе, менің көзімді ала беріп, бәрібір сол арнадағы мультфильмдерді көреді. Қазақтың қаншама таңғажайып ертегілері мен батырлар жыры бар, әттең, мультфильм түсіруге қаражат қолбайлау. Үкімет мультфильм саласына көңіл бөлуді ұмытқалы қашан. Мультфильм саласының жырын айта-айта мен де шаршадым. Айтқаныңды еститін құлақ жоқ. Ұлттық арналарымыз отандық мультфильмдерімізді көрсетуге құлықты емес. Шетелдің арзанқол анимациялық мультфильмдерін көрсетеді. Біз балаларымыздың болашағын ойлауды ұмыттық қой» деп қынжылған болатын.

Ресейде балаларға арналған «Теленяня», «Школьник – ТВ», «Детский», НИК: «Детские телевидение» атты төрт телеарна бар. Бұл арналарда ертелі-кеш жас өркендердің ой көкжиегін кеңейтетін қызықты бағдарламалар, балалар фильмдері мен көркемдік идеясы терең мультфильмдер көрсетіліп жатады. Бұл арнада орыстың фильмдері мен мультфильмдері ғана емес, бұрынғы кеңестік елдердің жақсы туындыларына да орын берген.

Балаларға өздерінің шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік беру керек. Мысалы, мультфильм сюжетін ойлап табу. Өздері көрген мультфильмнің әсерімен суреттер салғызған пайдалы. Әсіресе, балалар демалыс күні көрген мультфильмді сабақта талдауы маңызды деп есептеймін.

Уақыт өте келе киномультпликация әсері өзгереді. Бастауыш сыныптың кейбір мұғалімдері мультипликацияны өнердің маңызды түріне жатқызбай, бұл жанрды оқу-тәрбие үрдісіне қолданады. Алайда, юмор, сатира, мультфильм түрлі ойындар оқушыларға көптеген сұрақтың жауаптарын табуға көмектеседі: Неге? Қалай? Не үшін? Мен өзім қандаймын және айналада қоршаған адамдар қандай?

Мультипликация өнері зерттеушілердің пікірінше, өнердің аралас салаларындағы жаңалықтарды, ең алдымен карикатура, плакат, кітап иллюстрациясы, өнер, музыка, қуыршақ театры, цирк клоуны т.б. қабылдайды әрі қайта өңдейді. Өнердің өзара ықпалдастығы идеясына оқушылар ерекше назар аударады. Олар өнердің синтезін алып, көркем шығармашылық табиғатын көреді және оны өздері түсіне бастайды. Мультипликация өнері дүние жүзі фольклорындағы көптеген сюжеттерді, классиктер шығармаларынан, балалар әдебиеті жазушыларының шығармаларынан алып үлгерді. Мультфильмнің танымдық, эстетикалық күші басым. Өнердің бұл түрінің құралы туралы кез келген пәннің сабағында айтуға болады.

Балалар арнасы шынайы беделге тәжірибе арқылы, суретші-аниматорлардың төккен тері арқылы жетеді. Дегенмен, қазір мультленталар «милы машиналармен» жасалынатын болды ғой. Баяғыда бір мультфильмді жасауға сегіз айдай уақыт кететін. Техниканың дамыған заманында балаларға арналған бағдарламалар мен анимациялық туындыларды тудыруға талап пен талант және қаржылай қолдау да керек болатын енді осы жоқтың орны толды.

Кеңес үкіметі тұсында балалар теледидарына үлкен көңіл бөлген деп санаймыз. Онда эфирге жан-жақты тәрбие беретін тақырыптық және жанрлық жағынан әрқалай бағдарламалар болды. Кейіннен бұл құндылық жоғалды. Содан кейін теледидардың өзінің бағдарламалық саясаты пайда болды. Ең бастысы коммерциялық жетістік маңызды еді. Осының бәрі балалар телебағдарламасына да әсерін тигізді. Балалар үлкендерге арналған арналарды жиі қарай бастады. Бала психикасының әлсіз, сезімтал екенін ескерсек, мұның жақсылыққа апара қоймайтынын білген жөн. Бала басқа телеарға ауысуы үшін, ол көзін жұмып тұру керек, өйткені ата-ана бала психикасын бұзбайтын хабар ма, соған көз жеткізіп, біліп алуы керек [3].

Баланың өз уақытында дұрыс дамуы қай кезде болсын өзекті мәселе болған. Осы жағынан алғанда ақпарат құралдарының орны да ерекше. Сондықтан Балалар теледидары мен радиосының халықаралық күні 1994 ж. сәуір айында бекітілген болатын. Осы жылы Канадада Біріккен Ұлттар Ұйымының балалар қоры (ЮНИСЕФ) осы инициативаны көтерген, өйткені қоғам мен бүкіл жер шарында балалар мен жастардың құқығы бұзылып жатқандықтан, осындай күнді белгілеп, теледидар мәртебесін, оның ішінде балалар арналарын көтеру керек болды. Ресейде бұл күн наурыздың алғашқы жексенбісінде атап өтіледі. Ал бізде ондай мереке мүлдем жоқ. Тек «Балапан» арнасының туылған күні бір ғана арнаның төңірегінде аталып өтеді.

Ресейде жыл сайын осы күні телерадиокомпаниялар балалар мен жасөспірімдерге арнап, барлық арналарда хабар жүргізеді. Әдетте балалар мұндай мейрамдарды қызықты хабарлар мен мультфильмдер үшін күтетіні сөзсіз. Осы күнге арнап арналарда балаларға арнап ерекше қойылымдар көрсетіледі.

Жалпы эстетикалық тәрбие түсінігінің негізінде мақсатты түрде тұлғаның тиянақты эстетикалық қарым-қатынасын қалыптастыру жатыр десек қателеспейміз. Бұл қоғам үшін маңызды іс-әрекет ерекшелігінің бір түрі болып саналады. Аталған үрдістің қатысушы субъектісі қоғам және арнайы ұйымдар ал, объектісі индивид, тұлға, топ, ұжым, қоғам мүшелері болып табылады. Бұл іс-әрекеттің негізгі мақсаты белгілі бір дәрежедегі және ортақ қызығушылықтары бар қоғамда тұлғалардың эстетикалық және көркем құндылықтарын қалыптастыру және біркелкі жүйе арқылы әрекет жасауға бейімдеу [4, с.18]. Тәрбиелеу үрдісінде тұлғалар бұл саладағы құндылықтардың қаншалықты маңызды және қымбат екендігін түсінеді, сонымен бірге, тұлғаның ішкі рухани түсініктері интериоризациялану жолымен кеңейтіледі. Бұл негізде адамның эстетикалық тұрғыдан мінез-құлқы өзгеріске ұшырайды және қоршаған ортасына жаңалықтар ене бастайды. Ал мұндай тәрбиені балалар теледидары беретіні белгілі.

Бүгінгі таңда еліміз әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына енуге қадам жасап отырғандықтан, мемлекеттің бәсекелестік қабілеті оның білімділік сипатымен айқындалады. Білім мен тәрбие беру саласын реформалаудың жетістігінің басты өлшемі-білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы елін, жерін сүйетін патриот, бәсекеге қабілетті, білімді де білікті, іскер, сұлулыққа, тазалыққа жаны құмар болуы қажет. Ал, мұндай талапқа жауап беру үшін баланы жастайынан бәсекеге қабілетті дәрежеде тәрбиелеудің маңызы ерекше, өйткені дәл осы кезде балалардың белсенділігі артып, алғашқы білімді игере бастайды, сөйтіп болашақта жалғастыратын біліміне негіз жасалады. Елімізде кемелдіктің тұтқасын ұстайтын сапалы білім мен саналы тәрбие алған, шығармашыл, көркемдікті бағалай білетін тұлға қажет. Тұлғаны қалыптастыруда теледидардың алатын орны ерекше.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Журнал Broadcasting. Телевидение и радиовещание. – №1. – 2011.
2. Сенина М. Детское телевидение: вчера и сегодня // Broadcasting. Телевидение и радиовещание. – №2. – 2011. – С. 18-23.
3. Нечай О.Ф. Ракурсы. О телевизионной коммуникации и эстетике. – М.: Искусство, 1990.
4. Качкаева А. Телевидение в социальном развитии региона. – Алматы, 1997.

УДК 745/749
МРНТИ 18.31.51.

М.Қ.Байсеңгіров¹

¹аға оқытушы, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

БАҒАЛЫ ТАСТАРДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ МЕН ЖІКТЕЛУІ

Аңдатпа

Бұл мақалада зергерлік бұйымдарда және күнделікті өмірде емді, тағы да басқа мақсаттарда тастардың қасиеттеріне қарай жіктеліп қолданылуы қарастырылып тиімді мүмкіндіктерге сипаттама жасалған. Малахит, сутас, теңбіл тас, құбыл тас, зүбіржат, гаухар тас, ақ тас, янтарь, жақұт, лағыл, ағат, амазонит, аметист, гранат, маржан, авантюрин, авгит, азурит, актинолит, александрит, алмас, альмандин, аммонит, ангидрит, апатит, арагонит секілді қасиеті мол тастардың пайдасы мен емдік қасиеттері және олардың қолданылуы, қай елде қалай қолданылғаны, қандай ауруларды емдегені, қашан қолданылғаны сөз етіледі. Үндістанда, Ресейде емдік мақсаттарда тастар мен минералдар қалай қолданылғаны салыстырмалы түрде айтылады. Сондай-ақ тастар мен минералдардың адамның тағдырына қалай әсер етіп, қандай жағдайда алуға болатыны да ескерілген.

Кілттік сөздер: бағалы тастардың қолданылуы, кейбір бағалы тастардың пайдасы мен емдік қасиеттері

Аннотация

М.К. Байсеңгіров¹

¹старший преподаватель, Аркалыкский государственный педагогический институт имени И.Алтынсарина, г.Аркалык, Казахстан

ПОЛЬЗА И КЛАССИФИКАЦИЯ ДРАГОЦЕННЫХ КАМНЕЙ

В этой статье характеризуется полезные возможности драгоценных камней применяемые в ювелирных изделиях и повседневной жизни, также лечебные свойства и применение для других целей. Малахит, хрусталь, пятнистый сланец, александрит, изумруд, горный хрусталь, белый камень, янтарь, яхонат, рубин, агат, амазонит, аметист, гранат, коралл, авантюрин, авгит, азурит, актинолит, александрит, алмаз, альмандин, аммонит, ангидрит, апатит, арагонит и другие камни и минералы которые несет большие пользы лечебной цели, рассказывается их применение. Рассматривается как для лечебной цели применялись в Индии и России. Также как воздействует минералы на судьбу человека, каким способом можно их приобрести, об этом тоже рассказывается. На какой стране как применялись камни и минералы, какие именно болезни лечили, когда применяли обо всем этом говорится.

Ключевые слова: применение драгоценных камней, пользы некоторых драгоценных камней и лечебные свойства

Abstract

М.К. Baisengirov¹

¹Senior Lecturer, Department, Arkalyk State Pedagogical Institute named after I.Altynsarin, Arkalyk, Kazakhstan

BENEFIT AND CLASSIFICATION OF JEWELRIES

This article discusses the of artistic treatment of metal in a workshop, it is characterized by useful jeweler metal working. Given the origins of filigree, chasing, silvered metal forging method, blackening and other metallic compounds on the surface of the malachite, crustal, force slakes, alexandrite, izumrud, woke crustal, janitor, jaconet, robin, agate, amasonit, ametist, granat, koralle, awantjurine, awgit, asurit, aktinolit, aleksandrit, almaz, almandin, ammonit, angidrit, apatit, aragonit. Also features the processing afro silver, characteristic of silver with them physical vista brass, copper, and processing characteristics of these metals. Covers methods soldering aforementioned metal products, cleaning and bleaching, processing of files, hipmicheske, and thermal, methods used in the workshop, safety in metal processing clerical process, paginating surface.

Key words processing features of the workshop, the use of chemicals, metal art processing methods especially artistic and used it gems

Қазіргі кезде қолөнері бұйымдары адамзат назарын өзіне аударып, қайта жандану үстінде. Соған орай сұраныс та артып келеді. Соның ішінде зергерлік өнер туындылары да көздің жауын алатын құдіретке ие. Қыз-келіншектер құлаққа тағатын сырғаның өзі неше алуан түрде жасалған. Бой жеткен қыздар мен жас келіншектер сырғаны жиі таққан. Сырға да көптеген түрге бөлінеді. Сақина, сырға т.б. осы секілді бұйымдарға тағылатын көздер де неше түрлі тастардан өңделген. Оларға көк тас (малахит), су тас (хрусталь), теңбіл тас (пятнистый сланец), құбыл тас (александрит), зүбіржат (изумруд), гаухар тас, ақ тас, янтарь, жақұт (яхонат), лағыл (рубин), жарқырауық тастар (самоцветы) кәдеге жаратылған. Янтарь

тасының өңделмеген түрі зоб ауруын емдейді. Лағыл тас иесі үстемдікке қол жеткізіп, өмірде жолы болып жүреді. Армандарын тезірек іске асыра алады. Амазонит тасы жүректің бұлшық еттерін шынықтырады. Қариялар бойында жастық жалын тудырады. Сердолик тасы жер сілкінуде жаншылып қалудан сақтайды. Суретшілер бойтұмары турмалинді таққан кісі өнері жоғары өрлеп биікке қол жеткізеді. Осындай әсерлері көп тастардың түрлері де көп. Тек тастардың қасиеті бірден әсер етуі үшін оны сатып алғаннан гөрі біреу арқылы сыйлыққа алған дұрыс. Сатып алынған тас көп жылдан соң ғана әсер береді. Металл бұйымдар мен тастардың осындай бірсыпыра құпиялары бар. Соны орнымен пайдалана білу керек [1,216].

Ағат – ірі қазбалары солтүстік Уругвайда, Бразилияда, АҚШ-та, Мадагаскарда, Үндістанда, Австралияда, Польшада, Шотландияда, Оралда, Магнитогорск маңында. Қайта өрлеу кезеңінде итальяндықтар ағатты барлық шеберлердің бойтұмары санаған. Ағат тағу шығармашылық пен қолөнерінде биікке жеткізеді деп мойындаған. Ағат түсі мөлдір сұр не ақ теңбіл жолақтары бар көгілдір болады. Жолақтары ақ, сары, көгілдір, қара. Торпақ шоқжұлдызында туғандарға қолайлы. Олар ағатты мыс қоршаумен таққаны дұрыс.

Амазонит – «амазон тасы» деген мағынаны білдіреді. Оңтүстік Орал, Канада, Бразилия, Үндістан, АҚШ, Африкада кездеседі. Бұл сенімді жанұялық бірлікті шақырады, махаббатта жақсы сенімге жетелейді. Түсі көкшіл-жасылдан жасылға дейінгі дала шпаты. Ақшылы да кездеседі. Тәуіптер бұл минералды жоғалтқан жастығын қайтарып, сүйектердің, тіс пен шаштың жағдайын жақсартады деп есептейді. Көп елдерде амазонит денсаулық символы болып есептеледі. Ол өмірге құлшынысты ғана қалпына келтіріп қоймай адалдық сақтауға да бейімдейді. Бірақ, әркімге бағына бермейтіндіктен иесі оған өте сақтықпен қарауы керек. Тоқты, Шаян, Сарышаян, Торпақ шоқжұлдызындағыларға көбірек пайдалы. Мергенге бақытсыздық әкеледі, ал қалған белгідегілерге немқұрайды қарайды. Бойтұмар ретінде әйелдер таға алады. Жанұяны бекітіп, әйелдерді ақылдырақ, шыдамдырақ етеді. Иесіне күш пен денсаулық беруі үшін тұмар түрінде таққан дұрыс. Ұзақ уақыт жастығын, тартымдылығын сақтағысы келген әйелдер амазониттен моншақ тағуы керек. Бұл тасты орнатқан әшекейді дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері таққан тиімді.

Аметист – ашықтық пен ақ жүрекшілік символы. Маскүнемдік пен мас болудан қорғайды. Слюда қосылған кварцит. Оңтүстік Оралда, Уругвайда, Бразилияда кездеседі. Аметист ішкі қабілетті дамытып, адалдыққа қол жеткіздіреді. Бұл минерал сыйға тартқан адамға ғашық етуі мүмкін. Сондықтан жанұясы бар адамдар өзге біреуден аметисті сыйлық алуына болмайды. Арыстан, Торпақ шоқжұлдызындағыларға тағуға болмайды. Қалғандары таға береді, әсіресе, Егіздер мен Сұқұйғыштарға пайдалы. Аметист ашудан, басшыларыңыздың көңілі толмауынан сақтайды. Әйелдер сол қолына, еркектер оң қолына тағады. Минералды үнемі тағу керек, иесіне сонда ғана көмектеседі. Бірақ, бұл минерал өз көңіл-күйін жеңіл өзгертеді, ол иесінің көңіл-күйіне байланысты.

Гранат – Скифтер дәуірінен зергерлік бұйымдарда қолданылған. Анар жемісінің тұқымы түстес болғандықтан тас осылай аталған. Көне Парсыда да болған. Гранат силикаттар тобына жататын минерал. Көктен басқа кез келген түсте болады. Шри-Ланкада, Үндістанда, Ауғанстанда, Бразилияда, Австралияда, Чехия, АҚШ, Канада, Жапония, Танзания, Замбия, Мадагаскарда бар. Ресейде Карелия мен Ладога көлі маңында бар. Көне Грекия мен Римде ашық түсті гранат ерлердікі, бұлыңғыр түстісі әйелдердікі. Арыстан мен Тоқты белгісіндегілерге келеді. Зергерлік істе гранаттың ашық қызыл, таңқурай (малина) түстес, зүбіржат түстес жасылы қолданылады. Қызыл түстісін энергетикалық әрекетке талпынған жоғары белсенділігі бар адамдар тағады. Ал сабырлы, ойшыл адамдарға келмейді. Ондай жандар жасыл гранат тағуы керек. Үйде гранат болуы жанұялық қатынасты нығайтып, жанжалдарды бейтараптандырады. Көне Шығыста гранат махаббат сезімінің қатты құлшынысын туғызады, сондықтан махаббат пен достық белгісі ретінде тағу керектігі ұсынылған.

Зүбіржат (берилдің бір түрі, изумруд) – басқаша атауы измарагд, смарагт. Көне дәуірде Клеопатра кенінде, Жоғарғы Мысырда өндірілген. Колумбия, Бразилия, АҚШ-та Альпіде, Үндістанда, Тәжікстанда, Батыс Пәкістанда, Орта Оралда бар. Қымбат бағалы тас, нақты түсі қараңғы жасыл, қызылша жапырағы түстес, тазалық пен адалдық символы, тасты сыйлыққа алған жанға денсаулық пен табыс келеді. Шаян мен Арыстан белгісіндегілерге жақсы келеді. Жастарды жаман қылықтардан сақтайды. Алтын қоршауда сапасын жақсы көрсетеді. Бұл тас қыздар мен ұлдарды теріс істерден сақтап, тазалық пен жас кездегі адал ақылын сақтауға көмектеседі. Зүбіржат аналар мен теңізшілердің бойтұмары, оны балалы әйелдер таққан пайдалы. Алтынмен көмкерілсе бұл тас өзінің жағымды сапасын жоғарылата түседі, аталған тас эстетикалық, емдік және астрологиялық жағынан пайдалы.

Маржан – Малай архипелагы мен солтүстік Австралияда, Қызыл теңізде көп. Кариб теңізінде, Африка жағалауларында, Батыс Жерорта теңізінде, Канар аралдарында, Жапонияда бар. Түсі қызыл, нәзік күлгін, ақ, көгілдір, қара болады. Жылтыры күңгірт, жібек пішіндес. Тазалық символы. Ақ түстісі – әйелдердікі, қызылы – ерлердікі. Керісінше тақса зиян. Арыстан, Шаян белгісіндегілерге жақсы. Әсіресе Тауешкі белгісіндегілерге пайдалы [2,49 б.].

Көптеген ғасырлар бойына әр түрлі мәдениеттер өкілдері бағалы, жартылай бағалы тастар мен минералдардың құрамдарына сенген. Көне Үндістан емшілері бағалы тастардың энергетикасымен емдеу негізін салушылар болып есептеледі. Олар таза бағалы тастар өздеріне жұлдыздар мен планеталардың энергиясын жинайтынына сенген. Егер адам өзіне емдік тасты дұрыс таңдаған болса, сол таспен күш пен энергия алады деп есептеген. Тіпті емдік тастардың емдік құрамының тізімі де болған. Адам өзіне «өзіндік» тасын таңдап алу үшін астрологпен кеңесіп, алдымен гороскопты оқып, өзіне сәйкес тасты айтқан. Тастардың емдік энергиясын белсенділендіру үшін оларды әшекей түрінде тағып немесе суға салып түнге қалдырып, таңертең сол суды ішкен. Бағалы тастар адамның энергетикалық орталығын, сезімталдығы мен есте сақтауын күшейтеді деп санаған. Денсаулықты күшейту үшін аметист, меруерт және гелиотроп қолданған, олар сондай-ақ қабілетті дамытқан. Нәзік энергияны қабылдауға лағыл, алмас; ызадан арылуға опал мен меруерт көмектеседі. Тибет ламалары таспен емдеуге өз үлестерін қосты. Әсіресе, тастар арқылы жарақатты емдеуде олар табысқа жеткен. Бұл үшін малахит, меруерт, зүбіржат қолданылған. Меруерттің басқа да қасиеті болды – ол ауру индикаторы қызметін де атқарған. Тибет емшілері адам ауырарда оның меруерт әшекейлері жылтырын жоғалтқанын байқаған. Бұл, тіпті, аурудың алғашқы белгілері білінбестен бұрын-ақ пайда болған. Қазір ол неліктен солай болатыны анықталды, себебі меруерттерден бөлінген темірмен химиялық құрамы өзгеріп, келе жатқан ауруды сездіреді. Көне Мысыр мен Грекияда да тастардың емдік қасиетін білген. Мысырлықтар көзге жақпа май жасауға лазурит ұнтағын қолданған, янтарды адам ағзасының ауруға төзімділігін күшейтуге, гематитті қан тоқтатуға пайдаланған [3,35 б.].

Ал Ресейде бағалы тастар емдік шараларға кейінірек қолданылды. Бұл жөнінде 16-18 ғғ. шөппен емдеу кітаптарында айтылған. Олардың авторлары да қызыл тастардың қан тоқтататыны айтқан. Бұған сердолик, гелиотроп, гематит жатады. Ал сары тастар сары ауруды емдеп, жасыл тастар көздің көруін нығайтады деген. Қазіргі кезде халық емшілері тастардың энергиясын тәнге әсер етуге қолданады. Тас не науқастың ауырған жеріне қойылады, не мойнына бойтұмар ретінде тағылады. Болгария, Германия, Швейцария мемлекеттерінде түрлі минералдармен ауру түрлерін емдеуді ұсынатын арнайы санаторийлер бар. Бұл тәсіл өте қарапайым: тасты тек ауырған жерге қойып нақты ауруды емдейді. Егер тас әшекей түрінде тағылса қоршау металы ашық болуы керек, бұл тастың тәнмен байланыста жұмыс атқаруына керек, себебі тастың күшінің емдік әсері адам тәнінің тербелісінен үлкенірек жиілікте болғандықтан. Егер адам қандай да бір тасты өмірі көрмегенімен оны сол тас тартып тұрса, ол тас керекті бір мүшені емдеуге көмектесетіндігінен, яғни тастың тербеліс күші арқылы реттеу керек деген сөз. Тас өзінің жағымды әсерін беруі үшін оны қолда ұстау да, әшекей ретінде тағу не қалтаға салып жүру де жеткілікті. Мысалға, қызыл түсті тас күш не энергия берсе, көгілдір тас тыныштандырып, ренжіскен адамыңмен татуластырады, сары тас рухани жігер, ақ (мөлдір) тастар психикалық және физикалық тұрғыдан саулық береді. Ертеде бағалы тастардан эликсир жасаған. Тасты уатып, суға қосып ішкен. Қазір бағалы тұнба алу үшін тасты тек суға салып күн не ай сәулесі астына қалдыру да жеткілікті. Ондай тұнбаны дайындауда тас бірнеше рет қолданыла береді. Сонымен, таңдап алынған тас түрлері талай аурудан айығуға көмектесіп, өзіне ғана тән құрамы арқылы әсер етеді. Кейбір бағалы тастарды жіктеп атай кетейік.

Авантюрин – жүрек-қан тамыр ауруларында және қан айналымы бұзылғанда, жоғары қан қысымын түсіруге, салқын тигенде қолданылады.

Авгит – оның жасылдау кристалы көз ауруларын емдеуге өте жақсы көмектеседі. Литотерапевтердің пікірінше тас қан-тамыр жүйесі мен адам өкпесіне жағымды әсер етеді.

Азурит – көптеген ауруларға ем; ауруды басып, тызылды, ашығанды төмендетеді. Тастың көмегімен көгергенді, сызылғанды, баспаны т.б. салқын тигеннен болатын ауруларды емдеуге болады.

Ағат – бұл әртекті халцедон түріне жатады. Тастың көпқаттылығы оған ерекше күш береді. Бұл күшті емдеуші, үлкен энергияға ие. Тас стресті түсіріп, үрейден қорғайды, ұзақ қолданса көздің көруін жақсартып, тітіркенгіштікті жеңуге көмектеседі, бас ауруын емдейді. Көгілдір ағат остеохондрозға ем. Жасыл ағат жүрек қан-тамыр жүйесі ауруларында қолданылады. Тасты моншақ, сакина, алқа түрінде тағады.

Аквамарин – көзге, жасағарға, қалқан безіне пайдалы, салқын тию мен бронхитте т.б. көмектеседі.

Актинолит – бұл тастың емдік қасиеті, антисептикалық сергіткіштік әсері бар. Бүйрек пен бүйрек үсті бездеріне т.б. әсер етеді. Мұнан өзге шаш пен тері ауруларына пайдалы.

Александрит – хризоберилдің бір түрі, қан жасалуын реттеп, қанды тазалап, тамырларды қатайтады, жасағар мен асқазан асты безін емдейді.

Алмас – ең қатты тас. Ол асқазан ауруларынан сақтап, жүйке мен психикалық ауруларда көмектеседі, ұйқысыздықты қалпына келтіреді. Жасыл теңбілдері бары әйелдерге құнарлылық беріп, тууын да жеңілдетеді.

Альмандин – қызыл және қызғылт сиякөк түсті, гранаттың бір түрі. Үнді медицинасында зат алмасуды реттеп, ер адам қуатын арттырады, белсіздігін емдейді делінген. Литотерапевт мамандар бұл тасты жарақаттың тез жазылуына көмектеседі, жүрек қан-тамыр ауруларын емдеп, имунитет күшейтеді деп есептейді.

Аммонит – қанға байланысты ауруларды, тері мен шаш түбі ауруларын емдейді, балалардың скарлатина, қызылша секілді ауруларын емдеуге көмектеседі.

Ангридит – безгекті жеңуге, бас пен тіс ауруларынан айығуға, асқазан-ұлтабар ауырғанда, тыныс жолдары ауруларында көмектеседі.

Апатит – тамаққа, күн өту мен қалқан безіне пайдалы әсер етеді.

Арагонит – ер адам қуатын күшейтіп, урологиялық ауруларынан айықтырады, адам тәніне тыныштан-дырушы әсер етеді. Ұйқысыздық пен негізсіз қорқынышты кетіріп, шаршауды, тітіркенуді және ашуды басады [4,67 б.].

Қорыта келгенде айтарым адам баласы көне замандардан бағалы тастардың жер планетасынан өзге де планеталармен байланысы барын зерттеп біліп, жұлдызнама құрып, сол бойынша бағалы тастарды жүйелеп өз орнымен қолданып келгендігін байқаймыз. Ежелден бері көптеген атағы шыққан адамдар бағалы тастардың көмегіне сүйенгендігі де кейбір әдебиеттерде айтылып келеді. Асыл тастар мен табиғи минералдардың қолданылуы мен жіктелуін түсіне келе біздер өз пайдамызға соларды жарата білсек пайда көрмесек зиян шекпесіміз анық. Тек жұлдызнамаларда жұлдызымызға қайшы келетіндерінен сақтанып, ауру-сырқауларымызды ұтымды емдеуге, қауіп-қатерлерден дер кезінде сақтануға себеі тисе жақсы емес пе? Мысалға жер сілкінісінде сердолик тастарынан бойтұмар таққан адам құлаған үйінді астынан аман қалады деген де сенім бар. Сол секілді көптеген бағалы тастар иесіне төнген қауіптерді не ауруларды сездіріп түсін өзгертетіні немесе ауырлап сездіретіні адам баласы мен табиғат арасында тылсым құпия байланыс бар екенін байқатады. Көпшілік оқырманға осылардың пайдасы тиіп жатса жаман болмас деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аргынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері / Х. Аргынбаев. – Алматы.: Өнер, 1987. – 21 б.
2. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство / А.Х.Маргулан. – Алматы: Өнер, 1994. – 49 б.
3. Новиков В.П. Современные художественные изделия из металла. / В.П. Новиков. - Л., 1990.- 39 б.
4. Гаврилова А.С. Все о драгоценных камнях и минералах / А.С.Гаврилова. – М.: Рипол классик, 2011. – 67 б.

V БӨЛІМ. БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ РАЗДЕЛ V. НАЧАЛЬНАЯ ВОЕННАЯ ПОДГОТОВКА

УДК 372.893
МРНТИ 14.35.05

В.В. Ващенко¹

¹к.в.н., доцент Института искусств, культуры и спорта при КазНПУ им.Абая
г.Алматы, Казахстан

ВОСПИТАНИЕ МОЛОДОГО ПОКОЛЕНИЯ НА БОЕВЫХ ТРАДИЦИЯХ КАЗАХСКИХ БАТЫРОВ

Аннотация

В статье рассмотрены особенности формирования патриотического воспитания студентов вуза и посвящена она повышению роли военно-патриотического воспитания с использованием исторического опыта казахского народа. Целью данной статьи является обоснование того, что боевые традиции казахских батыров обладают большим воспитательным потенциалом, реализация которого позволяет формировать у учащейся молодежи, подрастающего поколения, социальные и нравственные ценности.

Опираясь на анализ историко-педагогических трудов, в статье рассматриваются роль и значение боевых традиций на примере героических действий казахских батыров в борьбе против джунгарского нашествия. На основе использования устного научного творчества раскрывается специфика проявления воспитательного потенциала, в частности военно-патриотического содержания, народных казахских традиций.

Ключевые слова: патриотизм, военно-патриотическое воспитание, боевые традиции, казахские батыры, преподаватель, учащаяся молодежь.

Аңдатпа

В.В. Ващенко¹

¹ э.ғ.к., Абай атындағы КазҰПУ, өнер, мәдениет және спорт институтының доценті,
Алматы қ., Қазақстан

ЖАС ҰРПАҚТЫ ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ДӘСТҮРЛЕРІНДЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Осы мақалада жоғары оқу орнының студенттерінде патриоттық тәрбиені қалыптастыру ерекшеліктері қарастырылған, сонымен қатар ол қазақ халқының тарихи тәжірибесін қолдана отырып әскери-патриоттық тәрбиенің рөлін жоғарлатуға арналған. Осы мақаланың мақсаты қазақ батырларының жауынгерлік дәстүрлері зор тәрбиелік күш-қуатқа ие екенін дәлелдеу, оның іске асырылуы жас адамдарда, әсіресе жас ұрпақта әлеуметтік және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Тарихи-педагогикалық еңбектердің талдауына сүйене отырып жауынгерлік дәстүрлердің рөлі мен маңыздылығы қазақ батырларының ерліктері жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі негізінде осы мақалада қарастырылады; халық ауызекі шығармашылығын қолдану негізінде тәрбиелік күш-қуаттың көріну ерекшелігі ашылады, соның ішінде әскери-патриоттық мазмұнда, қазақ халық салт-дәстүрлерінің.

Түйін сөздер: патриотизм, әскери-патриоттық тәрбие беру, қазақ батырлары, тарихи тәжірибе, оқушы жастар.

Abstract

V.V. Vachshenko¹

¹c.m.s., associate professor of the Institute of arts, culture and sport at Abai KazNPU,
Almaty, Kazakhstan

EDUCATION OF YOUNG GENERATION ON THE COMBAT TRADITIONS OF THE KAZAKH BATYRS

In this article the features of the formation of patriotic education of high school students are revealed and it is dedicated to enhancing the role of the military and patriotic education with the use of the historical experience of the kazakh people. The purpose of this article is to prove that the combat traditions of the kazakh batyrs have great educational potential realization of which allows to form social and moral values at young people, especially the younger generation.

Based on the analysis of historical and pedagogical works the article considers the role and importance of combat traditions on the example of the heroic actions of the kazakh batyrs in the struggle against Jungar invasion; on the basis of the use of oral folk arts specific character of educational potential is revealed, in particular of the military and patriotic content, kazakh folk traditions.

Key words: patriotism, military and patriotic education, kazakh batyrs, historical experience, students.

В настоящее время по многим направлениям культурной и духовной жизни нашего общества ощущается возрождение национального самосознания народа в единстве с его нравственным опытом поведения. Как следует из общефилософской мысли, развитие представляет собой направленное движение от прошлого к настоящему и от настоящего к будущему. А процесс сохранения и переноса из прошлого в настоящее и будущее необходимых элементов, обеспечивающих историческую связь развития, означает преемственность [1].

Сегодня радикальные социально-экономические и политические преобразования, произошедшие в Республике Казахстан, требуют нового осмысления проблем военно-патриотического воспитания подрастающего поколения, основанного на преемственности исторически сложившихся боевых традиций нашего народа. Вовлечение учащейся молодежи, особенно высших учебных заведений в укрепление духовно-нравственных ценностей общенациональной патриотической идеи «Мәңгілік Ел», формирование у граждан высокого патриотического сознания, чувства гордости за свою страну, воспитание готовности к выполнению гражданского долга и конституционных обязанностей по защите интересов Родины определены как основные задачи Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы [2].

Кроме того, воспитание нового казахстанского патриотизма определено как один из приоритетов Президентом страны Н.А. Назарбаевым в Стратегии «Казахстан – 2050». В своем Послании народу Казахстана Нурсултан Абишевич призвал общество «вооружиться вечными качествами – усердием, трудолюбием и целеустремленностью, которые помогут нам устоять и принести нашей Родине достойное будущее» [3]. При этом нормой жизни государства и нации должны стать дух патриотизма и традиций, дух единства и состязательности.

Патриотизм не рождается на пустом месте. Его истоки – в глубоком знании истории нашего государства, в понимании и уважении деятельности тех поколений, усилиями которых обеспечивались его независимость и процветание. Особое место в воспитании патриотизма в молодежной среде занимает жизнь и деятельность выдающейся плеяды народных предводителей и полководцев – казахских батыров.

О том, что без поддержания боевого потенциала, боевой и мобилизационной готовности, формирования чувства верности и преданности своему Отечеству не может быть полноценного государства, способного достойно обеспечить, как отмечено в Военной доктрине Республики Казахстан, «укрепление мира, международной и региональной безопасности, защиты независимости, территориальной целостности и суверенитета государства» [4] убедительно свидетельствует исторический опыт нашей страны.

Боевые традиции казахского народа, и их составная часть – традиции казахских батыров, являются в этом аспекте богатым педагогическим инструментом формирования духовных и нравственных ценностей. Они обеспечивают преемственность в работе по формированию у учащейся молодежи высоких моральных качеств защитников Родины, что способствует глубокому осознанию ею своих гражданских обязанностей; воздействуют на умы и сердца подрастающего поколения; рассматриваются как конкретный итог и, следовательно, в известном смысле средоточие опыта воспитания молодежи в духе верности своей Родине, военной присяге, высокой дисциплинированности, готовности к героическим подвигам.

Для будущих преподавателей-организаторов начальной военной подготовки, которых готовит наша кафедра, это означает повышение требований к личности самого педагога, уровню его психолого-педагогической, специальной и физической подготовки, так как эффективность военно-патриотического воспитания как наших студентов, так и старшеклассников общеобразовательных школ на основе боевых традиций казахского народа этим и определяется.

Если мы сумеем сформировать готовность будущих преподавателей-организаторов начальной военной подготовки к военно-патриотическому воспитанию старшеклассников на основе боевых традиций казахского народа, в частности казахских батыров, особенно на занятиях по таким дисциплинам как «Военная история Казахстана», «Теория и методика воспитательной работы», то это будет способствовать повышению качества их подготовки, умению решать профессиональные задачи и воспитывать учащихся общеобразовательных учебных заведений.

В современный период развития Казахстана военно-патриотическое воспитание подрастающего поколения, привитие любви к Отечеству, чувства ответственности перед Родиной, готовности служения Отечеству, его защиты и выполнения воинского долга [5] являются одними из важнейших и приоритетных целей государственной политики, которые представляются объективной необходимостью и необходимым условием развития современного общества.

Роль боевых традиций казахских батыров и их влияние на процесс военно-патриотического воспитания нынешней учащейся молодёжи трудно переоценить. Боевые традиции изначально были органичной частью военно-патриотического воспитания, формирующего высокие морально-волевые, психологические и физические качества подрастающего поколения.

«Золотым веком» казахского батырства, за проявленный народом героизм, названы годы борьбы с джунгарскими завоевателями. Об исторических событиях тех лет идет речь в книге Н.А. Назарбаева «В потоке истории». Он пишет: «Подвиги Абылай-хана – объединителя, который вместе с батырами творил чудеса героизма, стали одной из опор возрождения казахского духа» [6]. Автор делает неоспоримый вывод, что народ должен быть един и в мирное время, и в годы суровых испытаний.

В период противоборства с джунгарами востребованными оказались преимущественно организаторы всенародной борьбы с агрессией, способные не только сплотить ряды воюющего народа, но и в качестве предводителей вступить в сражения на поле брани, повести за собой людей на примере личного героизма, т.е. люди, безраздельно пользующиеся доверием народа. Ими тогда оказались, в основном, народные батыры.

Социальная группа батыров – военных предводителей занимала большое социальное и политическое влияние в казахском обществе в период XVIII – первой половины XIX вв. Тюрко-монгольское слово «батыр», «багатур», «бахадур» первоначально означало храбреца, вызывающего врага перед битвой на единоборство [7]. Кроме того, это слово означает «борец», «сильный», «герой», «бесстрашный», «храбрый». Однако батыр – это не только титул храбреца, но и наименование лиц, преимущественно занятых осуществлением военных функций. Звание «батыр» никогда не было наследственным, его приобретали только личными подвигами.

Батырство как военно-политический институт в кочевом обществе играло ведущую роль, поскольку оно повысило боеспособность казахских вооруженных формирований, цементировало и усиливало родоплеменную структуру казахской армии. Героическую сущность института батыров определяет, прежде всего, его функциональная нагрузка – защита рода, племени, народа, победа над силами зла, восстановление справедливости.

В героических эпосах «Алпамыс батыр», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Қамбар», «Ер Қосай», «Ер Көкше», в цикле сказаний «Қырық батыр», «Өтеген батыр» отражены подвиги сынов народа, их воля к победе, в которых повествуется о переломных моментах эпохи, о героизме народа, защищавшего родную землю, его думах и чаяниях, многовековой борьбе за национальное единство и территориальную целостность [8].

Настоящие батыры – сыновья степей, защитники Родины, те, кто готовы отдать за неё жизнь. Их имена навечно останутся в памяти казахстанцев.

В критический момент Великого бедствия казахов дело спасения страны взял на себя сам народ, выдвинув из своей среды крупных предводителей народного ополчения: Богенбая из рода Канжыгалы, Кабанбая из рода Каракерей, Шакшак Жанибека, Наурызбая, Малайсары, Баяна, Есета, Райымбека, Шакантая и др., которые показали силу, отвагу и незыблемый дух в борьбе против джунгар. Это только малая часть тех, кто достойно сражался за мир. Каждый жуз имел своих батыров от мала до велика. Мудрые вдохновители освободительной борьбы Каздауысты Казыбек, Айтеке би, Толе би сыграли выдающуюся роль в объединении усилий казахских родов в этот критический период. С именами вышеназванных батыров связаны наиболее крупные победы воинских отрядов казахов над войсками джунгар, которые навсегда вошли в историческую память казахского народа.

Многовековая история формирования Республики Казахстан неразрывно связана с защитой родной земли от нашествий соседствующих народов. Недаром основным лейтмотивом казахских народных песен, легенд, жыров, народных поговорок, сохранившихся до наших времен, является воспевание темы защиты своей земли. Принятие активного участия в защите своей семьи, аула, общины, рода и всего края считалось благородным делом. Эти чувства у казахов воспитывались с раннего детства.

В основе древнего казахского воинского искусства лежали, прежде всего, высокий моральный дух, крепкое физическое здоровье народа, любовь к родной земле, то, что мы сегодня называем патриотизмом. Передовые люди всегда воспринимали патриотизм как могучую силу, способную сплотить народ в борьбе с внешней опасностью. Наши предки оставили нам в наследство прекрасные примеры трепетного отношения к своей земле, к родному краю, истокам.

Гражданин независимого Казахстана в настоящем и ближайшем будущем должен быть, прежде всего, целеустремлённым, справедливым, честным и патриотичным.

Однако сегодня, нарушение связей в экономике, социальное расчленение общества, падение духовных ценностей оказали негативное влияние на общественное сознание большинства социальных и возрастных групп населения страны, резко снизили воспитательное воздействие казахстанской культуры, искусства и образования как важнейших факторов формирования патриотизма. Стала все более заметной постепенная утрата нашим обществом традиционного казахстанского патриотического сознания. Объективные и субъективные процессы существенно обострили национальный вопрос. Патриотизм в республиках Прибалтики и в Украине стал перерождаться в национализм. Во многом утрачено истинное значение и понимание интернационализма. В общественном сознании получили широкое распространение равнодушие, эгоизм, индивидуализм, цинизм, немотивированная агрессия, неуважительное отношение к государству и социальным институтам. Проявляется устойчивая тенденция падения престижа военной и государственной службы.

Часто можно услышать, что современные подростки, юноши и девушки «не имеют ничего святого за душой», не ценят труд своих родителей, не помнят своих предков, не преклоняются перед памятью павших на фронтах Великой Отечественной войны. Мне хочется верить, что это не так, что они нормальные, всё понимают, всё ценят и берегут. Главное, чтобы им доверяли и, если с ними по-настоящему, то и они будут настоящими. Их внешняя оболочка, развязанность, подражание моде – наносное, просто бравада и самоутверждение.

В решении проблем военно-патриотического воспитания современного поколения должна в первую очередь принимать участие сама молодежь, осознавая всю важность своего участия в жизни Родины, любить, знать и уважать ее культуру, традиции и историю. Однако направлять действия молодежи в нужное русло должно как государство, так и семья, школа, вуз. И их основная задача заключается во взаимодействии с целью формирования национального самосознания, гражданственности и патриотизма у современной молодежи.

Прежде чем приступать к работе, педагогический коллектив вуза должен твердо знать основные задачи по военно-патриотическому воспитанию учащихся, которые совместно со студентами должен решать в процессе учебно-воспитательной работы, и которые состоят в:

1. Участии в реализации государственной политики в области военно-патриотического и гражданского воспитания учащейся молодежи.
2. Воспитании чувства патриотизма, формировании у подрастающего поколения верности Родине, готовности к служению Отечеству и его вооружённой защите.
3. Изучении истории и культуры Отечества и родного края.
4. Участии в подготовке и проведении мероприятий по увековечению памяти защитников Отечества.
5. Передаче и развитию лучших воинских традиций.
6. Противодействию проявлениям политического и религиозного экстремизма в молодежной среде.
7. Физическом развитии и формировании здорового образа жизни.
8. Участии в подготовке учащихся к военной службе.

При этом, воспитание патриотизма у студенческой молодежи – является одной из основных решаемых задач, поэтому помимо рекомендаций для осуществления основной задачи воспитания студентов, необходимы и педагогические условия, которые способствовали бы эффективному повышению уровня патриотизма студентов в вузах. Опираясь на Закон Республики Казахстан «Об образовании» [9], было бы логичным считать одним из педагогических условий эффективного развития военно-патриотических качеств студентов активное привлечение их к воспитательным мероприятиям, проводимым в вузе.

Творческий подход к преподаванию изучаемых дисциплин профессорско-преподавательским составом, опора на творческий потенциал студентов, вовлечение их в диалоговое общение, положительная оценка и самооценка, похвала и одобрение – все эти элементы внешней и внутренней мотивации будут способствовать активизации процесса патриотического воспитания учащейся молодежи.

Посещение занятий по начальной военной подготовке в комплексе с военно-патриотическим воспитанием положительно отражаются на студентах. Они становятся более дисциплинированными, как в вузе, так и вне его, поднимается их общетеоретический и общефизический уровень, улучшается выправка и собранность, появляется интерес к выбору избранной профессии.

Таким образом, военно-патриотическое воспитание, учитывающее боевые традиции казахского народа, включающие институт казахских батыров, очень сложная задача, так как ожидаемый обществом результат нашей образовательной деятельности – это выпускник – активный гражданин и патриот своей страны, высоконравственная личность.

При разработке основ формирования готовности будущих преподавателей-организаторов начальной военной подготовки к военно-патриотическому воспитанию старшеклассников на основе боевых традиций казахских батыров целесообразно опираться на использование в единстве системного, целостного, комплексного, личностно-деятельностного подходов как методологических принципов. При этом, необходимо глубокое осознание ценности боевых традиций казахского народа и значимости педагогической деятельности преподавателя начальной военной подготовки, включающее знания, умения и навыки, обеспечивающие военно-патриотическое воспитание учащихся.

В современных условиях необходимо сохранение и популяризация памяти о казахских батырах с целью содействию формирования у учащейся молодежи высокого патриотического сознания. Поэтому их пропаганда и правильное внутригосударственное использование способствуют формированию у граждан национального самосознания, основанного на патриотизме, любви к Родине, стремлении служить ее интересам и готовности к ее защите.

Список использованной литературы:

- 1 Бимаханов Т.Д. Сущность и специфика проявления воспитательного потенциала традиций казахской педагогики // Инновационная наука. – 2015. – № 4. – С.81-85.
- 2 Об утверждении Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы. Указ Президента Республики Казахстан от 1 марта 2016 года № 205. [Электрон.ресурс]. – 2016. – URL: <http://adilet.zan.kz/rus/> (дата обращения: 24.01.2017).
- 3 Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 14 декабря 2012 года. [Электрон.ресурс]. – 2012. – URL: <http://adilet.zan.kz/rus/> (дата обращения: 25.01.2017).
- 4 Об утверждении Военной доктрины Республики Казахстан. Указ Президента Республики Казахстан от 11 октября 2011 года № 161. [Электрон.ресурс]. – 2011. – URL: <http://adilet.zan.kz/rus/> (дата обращения: 25.01.2017).
- 5 Ващенко В.В., Жусипбекова Н.Р. Патриотизм и пути формирования военно-нравственных качеств будущих защитников Родины // Вестник КазНПУ им.Абая. Серия «Художественное образование: искусство – теория – методика». – 2015. – № 4(45). – С.68.
- 6 Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамұра, 1999. – С.298.
- 7 Современный толковый словарь. – М.: Большая Советская Энциклопедия, 1998. – С.236.
- 8 Сочин С. А., Прокофьева М. А., Куракбаева А. Ж. Боевые традиции казахского народа – основа военно-патриотического воспитания будущего учителя // Молодой ученый. – 2012. – № 9. – С.309-312.
- 9 Об образовании. Закон Республики Казахстан от 10 июля 2012 года № 36-V. [Электрон.ресурс]. – 2012. – URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/> (дата обращения 26.01.2017).

УДК: 7967012.68

МРНТИ 77.29.11

С. Кунай¹

¹педагогика ғылымдарының магистры, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Өнер, мәдениет және спорт институтының аға оқытушысы,
Алматы қ., Қазақстан

ОРТА МЕКТЕПТЕГІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Бүгінгі таңда әр бір азаматтың бойындағы дене қозғалыстарының сапалық қасиеттері мен рухани күшін үйлестіруде дене тәрбиесінің атқаратын рөлі зор.

Дене тәрбиесі үрдісі күрделі және мектептің басқа оқу-тәрбие жұмыстарымен өте тығыз байланысты болғандықтан, ол терең ой-толғаныстарын, көлемді білімділікті керек етеді.

Дене тәрбиесінің адам тәніне тигізетін әсері мен заңдылықтарын жете білу бүгінгі ұрпақтың, ертеңгі ұлағатты ұстаздың алдында тұрған негізгі міндеті.

Дене тәрбиесі жүйесі-өзара қарым-қатынастағы жеке дене тәрбиесі жүйесі және әртүрлі қоғамдық топ өкілдерінің ерекшеліктеріне қарай сипатталады (балалар дене тәрбиесі жүйесі, мектеп оқушылары дене тәрбиесі жүйесі т.б.)

Дене тәрбиесі - жеке тұлғаны жан-жақты және үйлесімді дамытуға, оның денсаулығын нығайтуға бағытталған қоғам мен жалпы мәдениетінің бір бөлігі болып есептеледі. Осы мақалада орта мектептегі дене тәрбиесі сабағында жүргізілетін оқу сабақтарын өткізу әдістемесі көрсетілген.

Түйін сөздер: дене тәрбие, гимнастика, педагогика, реформа, санитарлық-гигиена.

Аннотация

С. Кунай¹

¹магистр пед.наук, ст.преподаватель Института искусств, культуры и спорта при КазНПУ им.Абая, г.Алматы, Казахстан

МЕТОДИКА ОРГАНИЗАЦИИ И ПРОВЕДЕНИЯ УРОКА ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ

Статья посвящена вопросам координации движений, развития физической силы и духовных качеств молодых граждан Республики Казахстан. На сегодняшний день роль физической культуры в воспитании молодежи значительно возросла, поскольку процесс улучшения физической культуры в школе и других учебно-воспитательных заведениях требует объемных знаний, хорошей общефизической подготовки и времени.

В статье раскрываются вопросы первоочередных задач по укреплению здоровья и обеспечению всестороннего физического развития подрастающего поколения, стоящих перед педагогами.

Раскрыта система физической культуры, взаимоотношения различных общественных групп в зависимости от их особенностей и личных качеств людей.

Показана роль физической культуры в формировании личности, ее всестороннем и гармоничном развитии, являющейся составной частью общей культуры общества.

Представлена методика проведения учебных занятий в средней школе на уроках физической культуры, рассмотрены её особенности.

Ключевые слова: физическое воспитание, гимнастика, педагогика, реформа, санитарно-гигиенические правила.

Abstract

Kunay S.¹

¹magister of Education sciences, Senior teacher of the Institute of arts, culture and sport at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

METHODS OF ORGANIZING AND CONDUCTING LESSONS OF PHYSICAL CULTURE IN HIGH SCHOOL

Along coordination, physical strength and spiritual quality of each citizen to date, the role of physical culture in....

The process of capital physical culture schools and other educational work, very closely, he deeply thought-MPF, requires a lot of knowledge.

The influence of physical education of the younger generation-is the ability to achieve tnne patterns and man, an elderly teacher, the main challenge for tomorrow.

The system of physical culture-the relationship between the representatives of various social groups in the system of physical culture is characterized by depending on the characteristics and personal (children's physical education, the system of physical culture of pupils of T. b.)

Physical culture - personality comprehensive and harmonious development, and is part of the General culture of society aimed at strengthening of his health. Methods of teaching in secondary school at lessons of physical culture, carried out in this article.

Key words: physical education, gymnastics, pedagogic, reform, sanitary-hygienic.

Мектеп дене тәрбиесі өмірлік дене тәрбиенің негізін қалау үшін денсаулық негізін жақсы қалау. Жастық шақпен өрендік шақ, денсаулыққа ойдағыдай негіз қалаудың табылмайтын шағы. Дененің өзіндік дамуына алып карағанда осы кез ерекше маңызды. Осы кезде шынығуда қол жеткізуге тиістіге қол жеткізе алмасақ, ержеткен соң орайы өткенде қайта шыныққанымызбен өнімі болған күнде негізі ойдағыдай қаланбағандықтан, қашанда еңбекке өнбек сай келмей шығады. Біз болашақты көзде ұстап, қазірден бастап дене шынықтырумыз керек.

Дене тәрбие жөніндегі білім, техника, денені ғылыми жолмен шынықтырудың тәсілі және әдісі. Дене және психикалық жақтағы ақаусыздықты бекемдеп дене қуатты арттыру өнімділікке ие етіп қалмастан, оның үстіне ұзақ уақыттық ықпалға ие. Алайда түрліше жас шамасындағы дене психикалық жақтағы жетілудің парықтарына байланысты, дене шынықтыру ынсанасы, мазмұны және әдісінде сәйкесті түрде ұқсамаса, түрліше болады. Бұл өзіне-өзі үйрету, өзін-өзі шынықтыру, өзін-өзі бағалау қабілетін жетілдіру, үздіксіз өзгеріп отырған жағдайға үйлесіп және сәйкесіп отырып, дене шынықтыруда алдын ала межелеген өнімге қол жеткізуге болады.

Мектептер мен мектептен тыс мекемелердің дене тәрбиесін берудегі басты бағдары – жастардың гармониялық өсуін, рухани жетілуін, моральдық тазалығы және деннің сау болуын қамтамасыз ету, тұлғаның өмірге үйлесімді жетілудің басты шартының бірі-дене тәрбиесі [1].

Дене тәрбиесі мемлекеттік оқу орындарына арналған оқу жоспарында қамтылған. Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен

дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек.

Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді [2]. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты.

Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт-бағдары өзгерді. Денені шынықтыру жаттығуларының орындалуы қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады.

Дене тәрбиесінің бағдарламалық мазмұны мен мөлшерлік нормативтік құжаттарында бағдарламалық кешенді негіздері мен шарттары айқын көрсетілген. Ресми құжаттарда дене тәрбиесіне қойылған талаптар, ұйымдастыру жолдары мен халық ағарту мекемелерінің басшылық етуі, жетекшілік міндеттері мен басқа қоғамдық ұйымдармен, кәсіподақтармен байланысты белгіленген. Мектеп жасындағы оқушылар мен жастарға дене тәрбиесін беру негізгі-мемлекеттік және қоғамдық тұрғыдағы әлеуметтік іс болып саналады [3].

Мектептегі оқу - тәрбие жұмысының негізгі түрі – сабақ саналады деп жалпы орта білім беретін мектептердің ережесінде айтылған. Бұл көрсеткіш толығымен мектептегі дене тәрбиесі жұмысын қарастырады. Дене шынықтыру сабағына мектептің барлық оқушылары міндетті түрде қатысуы қажет. Сабақ, сабақ кестесі бойынша белгілі бір сыныпта тұрақты уақытта өткізіледі. Бұл сабақты ұтымды ұйымдастыруға ықпалын тигізеді. Мұнда тек оқушылардың дене даярлығын ескеру қажет.

Дене тәрбиесі сабағының құрылысы, мазмұны, ұйымдастырылуы жағынан өзіндік ерекшеліктері бар. Сабақ үлкен залда, алаңда, дәлізде өтеді. Ал бұл өз кезегінде дене шынықтыру сабағының ұйымдастырылуының негізін құрайды. Сабақта оқушылар арнаулы спорт киімдерін киеді және басқа температурадағы кеңістікте болады. Сабақ кезінде оқушылар тұрақты бір орында емес, жаттығу жұмыстарына байланысты орындарын ауыстырып отырады және бір-бірімен жан-жақты қарым-қатынасқа түседі. Сонымен қатар мұғалімнің басшылығымен сабақ түрленіп өткізіліп отырылуы қажет. Сабақ барысындағы үйрету процесінде барлық оқушылар қимыл дағдыларын орындай білу шеберліктерін, білімнің белгілі бір көлемін меңгереді, дененің сапалық қасиеттеріне ие болады. Сабақтың ерекшелігі оқушылар ағзасының үнемі қимыл-қозғалыста болуында. Басқа сабақтарға қарағанда бұл сабақта әр оқушыларға көңіл бөлу талап етіледі. Осы ерекшеліктер мұғалімге зор жауапкершілік жүктейді.

Дене шынықтыру сабағына қойылатын талаптар:

- а) белгілі міндеттің болуы, сабақ мақсатының орындалу барысында барлық оқушының қамтылуы;
- ә) сабақтың әдістемелік талапқа сай құрылуы;
- б) өткен сабақты қайталай отырып жаңа сабақты толық қамту және келесі сабақтың мазмұны мен мақсатынан хабардар болуы;
- в) өтілетін материал оқушылардың жас ерекшеліктеріне, жынысына, дене дамуы мен даярлығына сай келуі;
- г) сабақтың оқушыны қызықтыратындай және белсенділігін арттыратындай болуы;
- д) дененің жан-жақты дамуына, денсаулықты жақсартуға және жұлынның (арқанның) дұрыс қалыптасуына арналған жаттығулар мен ойындардың болуы;
- е) дене тәрбиесі сабағы сабақ кестесіндегі басқада сабақтармен ыңғайласып, тұрақты жүргізілуі;
- ж) сабақтың тәрбиелік маңыздылығының болуы.

Педагогика ғылымы мектеп жасындағыларды жас жағынан былай топтастырады:

- бастауыш сынып оқушылары 7-10 жастағылар
- орта сынып оқушылары (жас өспірімдер) 11-14 жастағылар
- жоғары сынып оқушылары 15-17 жастағылар.

Дене тәрбиесін оқытудағы мұғалімнің мақсаты: кіші мектеп жасындағы балалардың күшін жетілдіру, барлық бұлшық ет топтарының үйлесімді дамуын қадағалау, дене бітімінің түзу, дұрыс қалпын қалыптастыру, берік бұлшық ет белдемесін құру. Бұлшық ет пен сүйек дамуының үйлесімдігін ескеру. Ол үшін баланың күн тәртібін дұрыс құрдыру.

Міндеттері:

- оқушыларды Отанын, халқын сүю рухына тәрбиелеу. Оқушылардың дене тәрбиесі сабағына, спортқа, жалпы мектептегі оқу-тәрбие міндеттерін шешу мақсатымен жүргізілетін шараларға ынталандыру;

- дене тәрбиесі сабақтарын жоғарғы сапада өткізу және бағдарламада жоспарланған материалдарды толық өтуді қамтамасыз ету. Мектеп күн кестесіндегі бұхаралық сауықтыру шаралары (сабаққа дейінгі, сабақ үстінде өткізілетін «үзіліс сәті», сабақ арасындағы үзілістермен, ұзартылған күн тәртібіндегі ойындармен дене жаттығулары) жатады;

- дәрігерлер мен тығыз байланыста болу. Оқу жылының басында барлық оқушыларын міндетті дәрігерлік бақылаудан өткізу. Оқушыларды оқу топтарға (дайындық, негізгі және арнаулы медициналық топтарға) бөлу.

Ескерту: оны барлық оқушы балаларға жария етуге болмайды.

Олардың денсаулығын, денелерінің дамуын бақылау. Демек, дене тәрбиесі жөніндегі жұмысты сол мәліметтерге сәйкес ұйымдастыру.

- дене тәрбиесі сабақтары мен сыныптан тыс өткізілетін орындардың, санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуын қадағалау керек.

Дене тәрбиесі жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттарына сай, бастауыш сынып оқушыларын жан-жақты жетілдіріп, денсаулығын нығайтып, оларды өмірде белсенді болуға Отанын қорғауға дайындайды [4].

Бастауыш сыныптарда жүргізілетін дене тәрбиесі сабағының алдына қоятын міндеттері:

- оқушылардың денсаулықтарын нығайтып, денесін шынықтыру;

- жаттығулар мен ойындар туралы түсінік алып, олармен шұғылдану үшін керекті гигиеналық талаптарды білу;

- негізгі қимылдарды жасау техникасының дұрыс негізін қалап, оқушылардың жалпы икемділігін арттыру;

- қимыл сапаларын жетілдіріп, дене бітімін дұрыс қалыптастыру;

- өз денелерін дұрыс ұста, жаттығуларды тез, әдемі, тиімді жасауға үйрету;

- жаттығуларды ынталанып жасауға, спорт түрлеріне әуесқойлығын арттыру. Бұл міндеттерге жетуге және дене тәрбиесі жүйесінің барлық түрлері қолданылады. Олардың ең негізгісі дене шынықтыру сабақтары, денсаулық сақтау мен шынықтыру шаралары (сабаққа дейінгі гимнастика, сергіту кезеңдері, үзілістерде жүргізілетін жаттығулар мен ойындар) және сабақтан тыс уақытта жүргізілетін спорт жаттығулары мен жас ерекшеліктеріне сай ГТО комплексінің түрлері жүргізіледі [5].

Бастауыш сынып оқушыларымен дене тәрбиесі сабағын жүргізудің әдістемелік ерекшеліктері. Оқушылар көп қимылдағысы келеді. Біркелкі, ұзаққа созылатын ойындар оларды жалықтырып жібереді. Сондықтан да ойындар, жаттығулар әр түрлі, қысқа демалу аралықтарымен болса жақсы.

1-сынып оқушылары шыдамсыз, өздерін тоқтата алмайды, зейіні тұрақты емес. Бірте-бірте оларға жаттығуларды кеңістікте орындау түрінде бергенде ойланып, еске сақтап орындауға қызығып, ықылас-тана бастайды.

Бастауыш сынып оқушыларына денені дамыту жаттығуларын бергенде, ұл балалар мен қыз балалардың дене дамуы ерекшеліктерін ескеру қажет. Ұлдардың салмағы, бойлары үлкен, кеуделері кең, өкпенің тіршілік көлемі жоғары болады. Бұлшық ет күштері қыздарға қарағанда дамыған. Олар тез жүгіреді, ұзаққа, биікке секіреді, алысқа лақтырады, күшті, әрі шыдамды. Сондықтан 2-сыныптан бастап ұлдарға ауырлық көтергенде, қашыққа, жүгіргенде, секіргенде, лақтырғанда көбірек жүктеме беруге болады. (Өйткені 1,2-ші сыныпта ұлдар мен қыздардың дене тәрбиесі жаттығулары амалдары бірге, бөлуге келмейді). Қыздарға 3-ші сыныпта ұлдарға қарағанда көбірек бірқалыпты, ырғақты, би жаттығуларын беруге болады.

Дене тәрбиесі сабағын жүргізудің төмендегідей ерекшеліктері бар:

1. Бастауыш сынып оқушыларына негізгі үйрететін жаттығулар тобы табиғи қимыл-әрекеттерді жетілдіру түрінде болып келеді. Олар: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, өрмелеу т.с.с.

2. Бір сабақ кезінде оқу материалын меңгеру және жетілдіру үрдісінің 2-3 міндетін ғана орындаса жеткілікті болады.

3. Сынып төмен болған сайын табан бұлшық еттерін нығайту және түзу тұлға қалыптастыру жаттығуларын беруге айрықша көңіл бөлу қажет.

4. Әрбір сабақта міндетті түрде қозғалмалы ойындар ойнату керек. 3-4 сынып оқушыларымен сабақ өткізгенде ойын жаттығулары сабақтың 50% уақытын алса дұрыс болады.

5. Оқушыларға негізгі жаттығулардың техникасын үйреткенде, оны дұрыс және нақты орындауға көп көңіл бөлу керек. Оқу үрдісі кезінде жаттығуды үйрету және жетілдірумен бірге дене қасиеттерін дамытуға бірдей көңіл бөлген дұрыс.

Балалардың қимыл-әрекеттерді есте сақтау қабілеттері 7-12 жас аралықтарында тез дамиды да, 13 жастан ары қарай баяулай бастайды.

Қимыл-әрекетке үйрету әдістерін қолданғанда көбінесе толық орындау әдісін пайдаланамыз. Жаттығуды бөлшектеп үйретуді анда-санда ғана, қосымша түрде қолданамыз. Қозғалыс тапсырмасын берген кезде балалар дұрыс түсінуі үшін нақты не істейтінін, қалай істейтінін айту керек. Мысалы, ұстау, жетіп алу, допты ойыншыға тигізу және т.с.с. 2, 3 сыныптарда қимыл жиілігін дамыту жаттығуларын көбірек берген дұрыс болады. Жылдамдықты дамыту жаттығуларын қысқа түрде 6-8 секунд уақытқа беру қажет.

Бастауыш сынып оқушыларымен дене тәрбиесі сабақтарын жүргізгенде негізінен білім беру міндеттерін шешеміз. Ол міндеттер: қозғалыс түрлерін меңгеру, дене тәрбиесі негіздері және салауатты өмір салты туралы негізгі теориялық мағлұматтар беру.

Елімізде қазіргі кездерде жалпы білім беретін мектептердегі бастауыш сыныптарда дене тәрбиесі сабағын көбінесе сол сыныпқа сабақ беретін бастауыш сынып мұғалімдері жүргізеді. Ол мұғалімдер арнайы және жоғары оқу орындарында оқығанда дене тәрбиесі мен әдістемесі пәнінен дәрістер алды, сынақтар тапсырды. Сондықтан да ол мұғалімдер дене тәрбиесі сабақтарын жүргізгенде көп ізденіп, дайындалып, мектептің дене тәрбиесі мұғалімдерінің сабақтарына қатысып, олардан үйреніп, сабақтарды мектеп бағдарламасы материалдарына сай жүргізуі керек. Ал дене тәрбиесі мұғалімдері келешек өздеріне келетін оқушылардың төрт жыл уақытын бос өткізуіне жол бергізбей, бастауыш сыныптардың оқушыларының оқу жоспарын қадағалап, көмектесіп, бастауыш сынып мұғалімдеріне арнап әдістемелік сабақтар өткізіп отырулары керек.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің міндеті:

- бағдарлама бойынша сапалы, әдістемелік тұрғыдан дұрыс сабақ өткізу;
- дәрігерлік бақылауды дәрігерлермен бірге өткізу, бақылау қорытындысын жұмыста пайдалану;
- сабақ өткізу кезінде санитарлық-гигиеналық жағдай жасау;
- оқушылардың бәрі қолайлы спорт киім кигенін қадағалау;
- сыныптан тыс дене тәрбиесі жұмыстарына қатысу, оған барлық оқушыларды тарту;
- ата-аналар арасында тұрақты түрде дене тәрбиесі мен спорттың маңызы туралы әңгіме өткізу;
- оқушылардың дене тәрбиесі көлеміндегі алған білімін тұрақты жетілдіру;
- балаларды дене тәрбиесі мен спортпен тұрақты айналысуға қызығушылығын арттырып, ынтасын ояту;

- жоғарғы сыныптағы дене тәрбиесі мұғалімдерінің сабақтарына, әдістемелік кеңестеріне қатысу.

Қимыл сапаларын жетілдіру үшін үйге берілген тапсырмалар да осы уақытта қайталанады. Төменгі сынып оқушылары мектепте жүргізілетін әр түрлі үйірмелерге де өз талғамы бойынша қатысады [6].

Қорыта келе, мектеп жасындағы балалардың қозғалыс сапаларын жетілдіру, олардың өсуі мен даму ерекшелігіне байланысты жүргізіледі. Себебі сапалық қасиетті дамыту екінші бір сапаның дамуына әсерін тигізеді. Оқушылар организмнің өсу жолында дененің кейбір сапалық қасиеттерін жетілдіру жоғары қарқында тәрбиеленеді.

Сабақтарды, және іс-шараларды өткізгенде оқушының мүмкіншілігіне қарай топ-топқа бөліп қарастырған жөн. Себебі әр оқушының дене бітіміне, денінің саулығына байланысты мүмкіншіліктері әр түрлі болады. Сондықтан мұғалім оқушыны бағалау барысында осы мүмкіншіліктерін ескере отырып бағалаған дұрыс.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Дайрабаев С.Е. Спорт және дене тәрбиесі теориясы. – Алматы: Білім, 2009. – 41-43 б.
- 2 Мұхамеджанова Ұ.Ж. Дене шынықтыру пәнін оқыту әдістемесі. – Астана, 2007.
- 3 Уанбаев Е.Қ. Дене тәрбиесінің негіздері. – Алматы: «Санат», 2000.
- 4 Орта мектеп оқушылары арасында жарысты ұйымдастыру және өткізу методикасы. – М., 1983.
- 5 Балалар және жасөспірімдер физиологиясы (әдістемелік нұсқау).
- 6 Жунусбеков Ж.И. Внеклассная спортивно-массовая работа в школе, как вариативная часть программы по физической культуре. – Алматы: ТОО «ЛЕМ», 2015. – 230 с.

УДК 37.018.2
МРНТИ14.35.05

Е.Е. Оспанкулов¹

*¹педагогика ғылымдарының магистры, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Өнер, мәдениет және спорт институтының оқытушысы,
Алматы қ., Қазақстан*

Е. Баймурзаев²

*²педагог-ұйымдастырушы Ш. Смагулова атындағы АОФММИ
Алматы қ., Қазақстан*

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТЕКТІЛІГІН ЖАСТАРҒА МҰРА ЕТЕ ОТЫРЫП ЕРЛІК ПЕН ЕЛЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ халқының тектілігін жас жеткіншектерге мұра ете отырып ерлік пен елжандылыққа тәрбиелеу туралы жазылған. Адамзаттың рухани даму, ақыл-ой тарихына көз жіберсек, қай заманның болса да данагөй ойшылдарының адамның асыл, аяулы қасиеттеріне тәнті болып, сырына, жаратылысына үңілмегендері кемде-кем екенін көреміз.

Психологтар адамдарды жігерлілер, жігерсіздер деп екі топқа бөледі. Жігерлі адам әрқашанда өзінің тұрақты қалпын сақтайды, өз алдына емін-еркін қызмет жасайды, ұстаған жолынан, қабылдаған шешімінен қайтпауға тырысады. Ал жігерсіз адамның, әдетте, тұрақтылығы, батылдығы жетіспейді. Тіпті өте білімді, қабілеті мол, бірақ жігері аз адам өзінің бай рухани мүмкіндіктерін, қолайлы жағдайлар болып тұрған күннің өзінде де, іске асыра алмай қалатын фактілер жиі кездеседі. Бірақ, түптеп келгенде, мәселе жігердің күштілігінде немесе әлсіздігінде емес. Мұның екеуін де халық тәрбие арқылы әр адамның еңбегін, қоғамдық тәртібін, жұртшылық алдындағы жауапкершілігін көтеру арқылы реттеп отырған.

Оны мына мақал-мәтелдерден байқау қиын емес. Халқымыз «Ер жігіт – етек жеңі кең жігіт», «Ердің екі сөйлегені – өлгені, еменнің иілгені – сынғаны» деп, өздігінен шешім қабылдай алатындарды қолдап, жігерлендірсе, қолынан іс келмейтін қоян жүрек қорқақтарды «қорқақ көлеңкесінен де қорқады», «қоянды – қамыс, ерді намыс өлтіреді», «ер бір рет, қорқақ мың рет өледі» деп келемеждеп, сынға алып отырған.

Түйін сөздер: желтоқсан, патриот, елжанды, заманауи, батыр, халық, тәрбие.

Аннотация

Е.Е. Оспанкулов¹

Е. Баймурзаев²

*¹магистр пед.наук, ст.преподаватель, Института искусств, культуры и спорта
при КазНПУ им.Абая,
г.Алматы, Казахстан*

*²преподаватель-организатор НВП средней школы АОФММИ им. Ш. Смагулова
г.Алматы, Казахстан*

ВОСПИТАНИЕ ПАТРИОТИЗМА И МУЖЕСТВА НА ОСНОВЕ НАСЛЕДИЯ КАЗАХСКОГО НАРОДА

В этой статье раскрывается цель патриотического воспитания, обязанности и его принципы. Формирование актуальности теории ключевых задач может послужить образовательной методологией, включающей применение разнообразных форм работы в рамках курса «Начальная военная подготовка», помогает сформировать у молодежи чувство патриотизма, толерантность, нравственность. Патриотическое воспитание должно подготовить человека к одной из главной роли в жизни – к роли гражданина, которая предусматривает выполнение гражданских обязанностей: чувства долга перед страной, обществом, родителями, чувство национальной гордости и патриотизма, уважение Конституции государства, бережное отношение к национальным и природным богатствам государства. Особое внимание в статье уделяется учебной дисциплине «Основы военно-патриотического воспитания», поскольку, по мнению автора, оно способствует формированию специалиста, соответствующего требованиям современного общества.

Ключевые слова: декабрь, патриот, патриотический, новый, герой, народ, воспитание.

Abstract

Ospankulov E.E.¹

Baymurzayev E.²

¹magister of Education sciences, Senior teacher of the Institute of arts, culture and sport at Abai KazNPU,

Almaty, Kazakhstan

²high school teacher organizer AOFMMI Sh.Smagulova them

Almaty, Kazakhstan

**EDUCATION OF TEENAGERS FEATS OF PATRIOTISM AND NOBLE HERITAGE
OF THE KAZAKH PEOPLE**

In this article was published «the purpose of patriotic education, responsibilities and principles». The key competencies, which is equivalent to the theory of the formation of the objectives of the educational methodology can serve as a personal development approach. Since the formation of the future physical education specialist to ensure the future identity of the expert, focuses on individual characteristics, allows you to create a personal development path of the future specialist. Patriotic education should prepare a person for one of the main roles in life - the role of the citizen, which provides for the execution of civil duties: duty to the country, society, parents, national pride and patriotism, respect for the Constitution of the state, respect for national and natural resources of the state.

Key words: december, patriot, patriotic, new, hero, people, training.

Бүгінгі адамдардың кісілік келбеттеріне зерделей қарасақ, тәрбиедегі қалыптасып кеткен қателіктердің салдарынан аса күрделі сәйкессіздіктерді байқауға болады. Мәселен, олардың өзін-өзі сыйлауы өзімшілдікпен ұштасып жататыны өз алдына, алжан дүниелерінің жігерсізденуі неше түрлі құмарлықтарға ессіз құнығуларға апарып соғады. Сөйтіп, кімнің болса да жігерін қоғамның, халықтың мүддесіне қарсы келетін теріс іске емес, адам игілігіне арналған қызметке жұмсауға бағыттаған [1].

Мұны өз заманымыздағы үлкен кеселдердің біріне жатқызсақ, асырып айтқандық емес. Бұл да сол адам тәрбиесіндегі жіберіліп келген ауыр қателіктердің салдары болып табылады [2].

Адам баласы ес біліп, етек жапқаннан бастап кісілікке жетуге талпынуы тиіс. Жастардың мектеп қабырғасындағы кезеңдері – олардың нағыз кісілікке ұмтылатын шақтары. Бала балиғат жасына жеткеннен кейін, бейне дүниеге екінші рет келгендей күй кешеді. Әуелінде ана құрсағында өсіп, жан иесі болып жетсе, жасөспірім кезеңінде немесе 11 мен 15 жас аралықтарында екінші рет жаңғыра түлеп, кісіліктің келбетіне жетуге құлаш ұрады, сапалы тұлға болуға талпыныс жасайды. Бұл шағында олар бүкіл айналасындағы болмыстарды ғана емес, ең бастысы өзін-өзі тануға, ішкі жан-дүниелерінің сұраныстарын ұғынуға зер салады [3].

Адам алғаш дүние есігін ашқанда өздігімен еш нәрсе істерім жоқ, мені күні-түні бағындар, қараңдар, сақтандар ...деп шырылдай туса, ал жасөспірім кезеңіне жеткенде кісіліктің келбетін шарқ ұра іздеп, маған үйретпендер, артымнан бағып, бақыламаңдар, мен бәрін де өзім шешемін, өз бейнетімді өзім көремін деуге дейін барып, айналасына жар салуға дайын тұрады. Кез-келген жасөспірімнің ішкі ойлары осындай тайталас пікірлерге толы болады.

Осы кезеңде олардың ішкі сезімдері мен жан-дүниелері ғана өзгеріске ұшырап қоймайды, сонымен қоса олардың дене бітімдері де алуан түрлі өзгерістерге түседі. Кейбіреуінің денелері өте жылдам өсіп, сұңғақтанып, тіпті өзіне-өзі ұнамай, олпы-солпы сияқтанып та көрінеді. Мұндай үйлесімсіздіктерге риза болмай, іштей уайымдап, қапаланумен де болады. Сондықтан да олардың психикасы ұстараның жүзіндей лыпылдап тұрады, кейде дұрыс айтылған сөздің өзі шаншудай қадалып, қарама-қайшылығы мол пікірлерге қалай барып қалғандарын, тіпті өздері де аңғармай қалады. Күш-қуатын босқа шығындап, тез шаршап-шалдығатындықтан, кейде күндізгі уақыттарда мезгілсіз ұйықтап қалу жәйттері жиі кездеседі. Өзін-өзі ұстай алмайтын ашуланшақ балалардың қан қысымдары да жиі көтеріліп (140-150/90) кететін сәттері мол. Мұндай құбылыстар ата-ана мен баланы алаңдатқанымен, жайлы жағдайларға ауысса-ақ болды, қан қысымы қалыпты мөлшеріне келіп, із-түссіз жоғалып кетеді. Бірақ, жастық қуатты қалай болса, солай тоздырғанның да кеселі болатынын естен шығармаған жөн. Жасөспірімдердің осынау күйін айналасындағы үлкендер жағы түсініп, дер кезінде қайшылыққа ұрындырмай, қол ұштарын беруге тиісті. Тіпті үлкендердің қамқорлығы да, жасөспірімдердің жанын жараламай, жанашырлық таныту да тап осы шақтарда қажет-ақ [4].

Жасөспірімдердің мінезі мен психикасын жаңаша түрлендіріп, оның жан-дүниесіне әсер ететін тән құрылыстарындағы өзгерістері немесе жыныс жүйелерінің өсуі. Осынау құдіреті мол табиғи құбылысқа рухани негізде мән беріп, жеткіншектердің өздері түсініп, өздері ұғына алатындай етіп, инабаты мен имандылығы анық үлгілерді шебер ұсынып, ішкі мәдениетінің жетілуіне ықпал етуіміз қажет. Сөз жоқ, бұл қазіргі кезде оңай да шаруа емес.

Жасөспірімдік кезеңде жеткіншектердің мінез құлқы толқымалы, еліктегіш келетіні анық. Сондықтан бүгінгі таңда лайлы толқындай болып, Еуропа елдерінен тарап жатқан небір сұрқия фильмдер мен жексұрын порнографиялық басылымдардың да азғындық мәнін әшкерелеудің пәрменді жолдарын қарастыру қажет. Тіпті, осылардың өзімен жастардың өздері күрес жүргізетіндей бағдарда жұмыстар ұйымдастырылғаны жөн.

Жалпы бұл – бүкіл халықтық және мемлекеттік іс. Адамды адам ететін – қоғам, еңбек. Адамның туып-өскен, тәрбиеленген қоғамы қандай болса, оның өзі сондай деп айтуға әбден болады. Әрине, мұны әрбір дара адамға теліп, тікелей түсіну дұрыс болмайды. Дүниеде қанша адам болса, сонша мінез, сипат болмақ. Әркімнің жеке басына тән қайталанбас ерекшеліктерінің болатындығы талассыз ақиқат. Сонда адам мен қоғам арасындағы «ұқсастықты», яғни адамның кісілік қасиеттерінің белгілі бір тарихи дәуірдегі қоғамдық қатынастардың идеалдық бейнесі ретінде қалыптасатынын қалай түсінуге болады? Адамның бойындағы кісілік қасиеттер бірнеше дәрежеде болатынын аңғару қажет. Әрбір адам – ең алдымен адамзат қауымының мүшесі. Шыққан нәсіліне, ұлтына, жынысына, туған жеріне тәуелсіз, есті адамның бар-лық өкілдеріне ортақ жалпы адамзаттық қасиеттер болады. Олардың қатарына қуану, қайғыру, балажандылық, ананы сүю, арамдық-зұлымдылықтарға, әділетсіздікке теріс көзқарас, махаббат, жек көрушілік, ұнату, т.б. көптеген рухани-психологиялық қасиеттер жатады.

Баланы, ұрпақты текті, кісілікті ететін – ата-ана, тәрбиелі, көреген жасайтын – ұстаз. Орыс халқы «шебер қандай болса, балтаның сабы сондай болады» деп тегін айтпаған. Ендеше, тектілік жайында сөз етейік.

Тектілік деген – ертеден қалыптасып, жастың сынын, аталы елдің қадір-қасиетін айқындап келе жатқан нышан, мінез-құлыққа сіңген әдет-ғұрыпты саралаудың ережесі, ата-бабалардың ұлағатты үлгісін кейінгі ұрпақ бойында жандандыра қызмет жүйесі [5]. Тектілік туралы түсінікті осы тұрғыдан талдасақ, тектілік ұғымы көбінесе үш мағынада кездеседі: тұқым мен қан тектілігі, азаматтың от басының тектілігі, халықтың тектілігі.

Қан тектілігі, тұқым тектілігі деп әулет пен үрім-бұтақтың өн бойында үзілмей келе жатқан салауаттылықты айтады. Ата-бабаларымыз осыған орай тегін жоғалтқан түгел жоғалтатынын, түбінен айрылғанның түгел қалмайтынын жақсы ұғынған-ды. Тегін жоғалтпау – атадан бала қалдырып, оны өсіріп, ұрпақты кемітпей, қайта көбейтумен бірге ата-баба бойындағы асыл қасиеттерді ұрпағына дарыту. Тегін жоғалтпағандар туралы қарияларымыз «Е, ол текті атаның тұяғы ғой, сүйегі асылдығына басады да» деп сүйсіне ілтипат білдірген. Тұқым тектілері өздерін сүйегінің ірілігімен ғана емес, алдымен естілігімен, ерлігімен, елдігімен танытқан, басқаны өздеріне табындырған. Өтімді дәлел ретінде әріде Шыңғыс ханнан басталған төре тұқымын, беріде Абылай хан мен Кенесарының үрім-бұтақтарын айтуға болады. Олардың атадан балаға дарыған киелі қасиеттерін иісі қазақтың бәрі де мойындаған.

Тұқым тектілігінің организмдік-биологиялық түбір-түйіні барын XIV-XV ғасырларда өмір сүрген ғұлама ғалым, қарауызген шипагер бабамыз Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы дәлелді айтқан: «Адамзаты тіршілігі тоғалығы мінсіз бітетін әуелде ата-атада жаралмақ, одан туылған ұрпаққа жалғаспақ...

Алланың адамзатын жаратқандағы берген ең зор бағы, бақыты, дәулеті – тек қана мінсіз бітістік. Міне, бұл – тұлғалық, мүшелік мінсіздік.

Мінсіздікте тұлғалық тоғалық ніл – қан.

Мінсіздікте тұлғалық тоғалық ширама – арқау.

Міне, бұлар – тұлғалық бітістік, мінсіздік толықтық. Олайы, тұлғалық бітісте кемістік болмаса, арқандай мүшелерінде сырқаттық зақым қалдырған зардап болмаса, науқастық бейнет тартпаса, одан артық бақ қайдан болмақ.

Соның үшін бұрынғылар:

Ауыз дәулет – мінсіз бітіс.

Кез дәулет – жұптылық іс.

Көз-мұрын дәулет – малдық толық», – деп ғақлиялық тұжырыммен түйіндеген [6]. Тектіліктің шарты да, жолы да жалқы емес. Тектіліктің ерекшелігі – табиғи тәртіпке дұрыс бейімделуде, халық әдет-ғұрпын үлгілі сақтай білуде, әлеуметтің тарихи тәжірибесіне орай адам қасиетін іріктей баптауда, тарихи тәжірибеге кісілік келбет енгізуде және кісілік қасиетті үрім-бұтақтың құрметіне айналдыруда айқын білінеді. Бұдан тектіліктің түрі де, оған деген көзқарас – түсініктер де тарихи жағдайға, әлеуметтік ортаға сай жетіліп отырғанын көреміз.

Мәселен, Бабыр өзінің әйгілі тарихи-әдеби естелік шығармасында тектілікке лайық адамгершіліктің, қайраткерліктің, қолбасшылықтың әр түрлі қарекеттерін жиі-жиі атап өтеді. Бабыр үшін тектілік өзегі – тұғыр адамдық пен ұрпақ танысқа жол, зиялылардың өнегесін, обал мен сауаптың рәсімін ізет тұту, дінге

жүгініп, әділет жолын берік ұстау. Текті жан өнер жолын қуады, сертінде тұрады, уәдесін орындайды. Оның қолы ашық, көңілі жайдары, тілі майда, әрекеті батыл. Ол жүректің наласын, жанның жарасын қоздыратын қылықтардан өзін аулақ ұстауға тырысады. Ал тексіздер достықты – қастыққа, тыныштықты – дүрлікпелі өмірге айырбастаудан шімірікпейді [7]. Кісілікті көтермелеу, адамдық қасиетті жетілдіру тексіздердің қолынан келетін іс емес. Болмыстың жағымды жақтарын ұрпақ үрдісімен ұластырғандар ғана өз ынтымағымен туысқандыққа негіз болған. Тектілік – туысқандықтың тілі, ынтымаққа ұйытқы. Махмұд Қашқари: «Алып – ел дүрліккенде көрінеді, данышпан – жай тірлік күнде көрінеді» – деп, тектіліктің сипат ерекшелігін дәп басып жеткізеді.

Тектілікті орнықтыратын тәрбие мен ұстаздықтың үрдістері әрқалай. Елімізде тектілікті тұрақтандыратын қимыл-әрекеттің бағдары мынандай: баланы жасынан жатқа жібермей, үйде өсіріп, қолда тәрбиелеу, еңбек пен имандылыққа бастайтын өнер-білімді үйрету; үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білуге; барға қанағат етушілікке баулу; қайырымдылықта жетелік көрсету; сөз өнері мен ой өнерінің сөлін бойына дарыту; өрелі сөзге, мейірімді ізетке құлақ қоюға дағдыландыру; жақсыларды жебеп, еңсесін бастыртпау; ел шетін жамандардан бүтін сақтауға тәрбиелеу. Тектілікке тән ерекшелік – әлеуметтік тәртіпке түзеп, жарасымды әдет пен әлеуметтің абыройын асыру.

Нар қалыпты, әдебі табанды азаматтардың қатары толыққан сайын халық тектілене түседі. Текті орта сыпайы да есті адамның кісілік қасиеттері мен оңды қимыл-әрекетін елеусіз қалдырмаған. Тегі жайлы тербелген ұлыстар тереңнен ой тұтқан, ата заңын нақ ұққан.

